

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ**

**ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**ӘЖІНИЯЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК  
ПЕДАГОГИКА ИНСТИТУТЫ**

**Р. ТҰРЫСБЕК, Т.ТӨРТКҮЛБАЕВА**

# **АҚЫН – ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫ**

**(жанр және көркемдік)**

**Оқу құралы**

**Нөкіс - 2020**

**АҚЫН – ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫ (жанр және көркемдік):. Оқу құралы. Р. Тұрысбек, Т. Төрткүлбаева. – Ташкент, 2020 - 184 бет**

Оқу құралында ұлт әдебиетіндегі арналы салалардың бірі – ақын- жыраулар мұрасы, жанр жүйесі мен көркемдік арналар мәселесі кең түрде сөз етіледі. Дәшті - Қыпшаққа даңқы жеткен, Сахара мұрасын кең көлемде көрсеткен – Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Жиёмбет, Марғасқа, Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар жыраулар поэзиясы, сондай-ақ Керей, Жәнібек, Абылай хан саясаты, бағыт-ұстанымдары да жан-жақты зерделеніп, талдау негізделеді.

Сондай-ақ, Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жыраулар поэзиясы, атап айтқанда Қазан, Қарасай, Қосым жыраулар, бұдан басқа Ө. Балтуғанұлы, Т.Бәкірұлы, Ж.Сағынбаев, Е. Жандайұлы, Ж.Аралбаев, Ж. Мамытұлы т.б. шығармалары сөз болады.

Оқу құралы Қазақстан, Өзбекстан Республикасындағы Жоғары оқу орындары бакалавриат және магистрант бағдары білімгерлеріне арналған.

### **Пікір жазғандар:**

**С.Жұмағұл**, филология ғылымдарының докторы, профессор  
(Қазақстан)

**К.Алламбергенов**, филология ғылымдарының докторы,  
профессор

**Қ.Аралбаев**, филология ғылымдарының кандидаты, доцент

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі және  
Өзбекстан Республикасы Жоғары және Орта арнаулы Білім  
Министрлігімен бірге*

*оқу құралын басуға Әжінияз атындағы НМПИ Ғылыми-  
методикалық Кеңесінің 2020 жыл 7-шілде 7-хаттамасымен  
ұсынған*

## Кіріспе

Асыл сөз – әдебиеттің арғы арналары мен әуелгі бастаулары ел тарихы мен оның даму үрдістерімен тығыз байланысты. Осы реттен келгенде, қазақ әдебиетінің арғы тарихы, түп тамыры тереңге тартады. Арғы тарихқа ден қойсақ, сақ, ғұндардан бастау алып, Түрк қағанатымен жалғасын табады. Алтын Орда орнығып, хандық дәуірмен сабақтас өріс алады. Анығында: «... Біздің тарихымыз – мақтан етуге лайықты, ерлік пен елдіктің тарихы. Мыңжылдықтар қойнауынан бастау алатын Қазақ шежіресі адамзат тарихының ажырамас бөлігі. Біздің бабаларымыз Қиыр Шығыс пен Батыс Еуропаның, Сібір мен Үндістанның арасында 4-5 мың жыл бойы айрықша рөл атқарғанын тарихтан білеміз. Сақтар мен ғұндар дәуірінен бастау алып, Түрк қағанатымен жалғасқан Қазақ хандығының және бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның өткені – халқымыз тұтастығы мен бірлігінің жылнамасы болып саналады. Мәңгілік еліміз барда, қазақтың тарихы да мәңгілік» (Елбасы Н.Назарбаевтың 2014 жылғы 2 шілде күні Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің салтанатты ашылу рәсімінде сөйлеген сөзі).

Осы орайда, қазақ әдебиеті, оның тарихы мен даму үрдістеріне қысқа шолу жасасақ, Орхон ескерткіштерінен (Ү - ҮІІІ ғ.ғ.) бермен қарайғы кезеңнің бәрі-баршасында қоғамдық жағдай, тарихи ахуалдарды өткере отырып, рухани қазынамыз – әдеби мұраны да берік сақтап, жүйелі жалғастырды. Түрк жұртына ортақ ескерткіштер де халықтың қымбат қазынасына айналды. Ал, қазақ әдебиетінің алғашқы өкілдері, ақын-жыраулар поэзиясының бастауында тұрған – Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Марғасқа, Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетей, Бұқар, Көтеш, Шал т.б. қоғамдық жағдай мен заман шындығын, қилы кезең көріністерін, адам өмірі мен мұратын, еңбек мәнін, елдік пен ерлік шежіресін, тарих пен таным арналарын, дәстүр тағылымын, дүниетаным иірімдерін, отаншылдық һәм патриоттық мұраттарды, байлық пен кедейлікті, дүние

дидарын, этикалық қағидаттарды т.т. өлең-жыр, толғауларында тереңнен толғап, жүректен қозғап, көркем де шебер, шешендікпен жүйелі жеткізеді.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың орта тұсында жасаған қарақалпақ аймағында жасаған қазақтардан көптеген өнерпаз әншілер мен күйшілер, термешілер, эпикалық жырларды дамытып айтқан, әрі ақын-жыршы атымен танылған дарындар көп болған. Олар қарақалпақтармен, өзбектермен бауырласып өсе отырып, ұлттық сөз өнерін арындай сақтаған, халқымның үні деп қастерлеген, рухани байлығымызды ұрпақ жүрегіне азаматтық әуенімен құйып отырған, оны өздеріне мақсат тұтқан, мәртебе санаған.

М.О.Әуезов «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты еңбегінде: «Басқа мұраны да зер сала жинайтын кәрі құлақты ақындар өз жырларымен бірге халық арасынан естіген сол жырларды да қоса айтқан. Кім шығарғаны беймағлұм өлең-жыр жалпақ даланың бір түкпірінен бір түкпіріне, ғасырдан ғасырға осылай таралып отырған» (Әуезов М. Уақыт және әдебиет. Құрастырған, редакциялық алғы сөзін жазған Ы.Т.Дүйсенбаев. –Алматы: Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1962, 35-б.) - деген. Ұлы ғалым ұлттық жыр мен сөздің қара шаңырақта сақталуы мен таралуы туралы айтса да, оның құнды ойлары, қарақалпақ аймағында жасап, қазақ сөз өнерін дамытқан сөз зергерлеріне де қатыстылығы айқын.

Ш.Уәлиханов «Қазақ халқының поэзиясы жөнінде» деп аталатын еңбегінде: «Өлең, ән – жаңадан жаннан шығарылған немесе бір атақты әнші ақынның бұрында шығарған өлеңдері домбыраның, қобыздың, ыммен, дене қимылдарының сүйемелдеуімен айтылып, ел арасына тарайды, кейбір өлеңші ақын өз тарапынан сол өлеңге кіріспе және қорытынды сөз қосып отырады» (Уәлиханов Ш. Таңдамалы. 2-басылуы. –Алматы: Жазушы, 1985. 67-б.) - дейді. Ұлы ғалым түйіндеуінен қарақалпақ аймағындағы қазақ ақын-жыршылары мұраларынан осындай заңдылықтарды

байқаймыз. Әйтсе де олар уақыт пен кеңістікке сәйкес пенделік тағдырын, өмір сүрген ортасын сәулелендіру арқылы шығармашылығын жасады.

Қарақалпақ аймағында ақындық, жыраулық өнерімен танылған, осы аймақтағы өзге ұлт ақындарымен шығармашылық, достық, ұстаз-шәкірттік байланыста болған қазақ ақындарынан Қарасай, Ережеп, Ақпан, Ж.Мамытұлы, Ж.Төлепов, Ерқожа, Қосым, Жұмағали, Жалғасбай, Ермахан, Сейдәлі, Тілеумағамбет, Жақып, Құдайберген, Қайролла және т.б болды. Өнер туындылары арқылы қандастарын ата жұртқа оралуды, сол жұртты қадірлеуге, оның қажетіне жетуге баулыды. Ұлттық қалыбымызды сақтауға үндеді. өрлікті, ерлікті, елдікті ардақтап, намыстылыққа тәрбиеледі. Өзге ұлттарды қадірлеуге жігерлендірді.

**Рақымжан ТҰРЫСБЕК,**  
филология ғылымдарының докторы, профессор

## **Асыл сөз арналары**

### **1. ТАРИХ ПЕН ТАҒЫЛЫМ**

Ұлт тәуелсіздігінің тарихы мен тағылымына жіті ден қойсақ, қазіргі кезеңге, арғы-бергі дәуірлерге, кеше-бүгін байланысына, болашақ бағдарына мән-маңыз беріліп, оны әр қырынан байыптап, зерттеп-зерделеп, танып-талдап, саралап-салғастырып, нәтижесінде оған кең көлемде назар аудару айқын аңғарылады. Әсіресе, Қазақ хандығының - 550 жылдығын: Ұлттың мерейі мен мерекесі ретінде атап өту, осының аясында оның алғышарттары, саяси-әлеуметтік құрылымы, тарихи-этникалық генезисі, мәдени-рухани сыр-сипаттары жаңа бағыт, соны қырларынан қарастырылуда. Арыдағы арналар, атап айтқанда Ғұн мемлекеті, Түрік қағанаты, Алтын Орда тұсындағы ұстанымдар жүйесі де біліми-ғылыми Һәм көпшілік жарияланымдарда кең түрде сөз етіліп келеді. Қазақ хандығы хақында, әсіресе патриоттық бағыттардағы іс-жұмыстар, ғылыми-танымдық Һәм көпшілік кітаптар, энциклопедия мен телехикая т.с.с.қолға алынды. Мұның өзі Елбасы сұхбатында айтылғанындай: «Біздің елдігіміз, қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталады. Ғұндардан кейін көк түріктерге жалғасады. Одан кейін Алтын Орда орнығады. Сөйтіп, хандық дәуірге ұласып, кейін біртіндеп Тәуелсіздікке келіп тіреледі. Осындай үлкен тарихымыз бар. Жастарымыз мұны білуі керек. Біз кеше ғана пайда бола қалған халық емеспіз...»( Ұлытау төріндегі толғаныс. - «Егемен Қазақстан», 2014, 26 тамыз).

Ақиқатында, ұлт мұраты мен оның талайғы тарихы, қайшылықты-тартысты тұстары, бел-белестері әр кезеңде түрліше айтылып, жазылып келгені де жасырын емес. Әсіресе, Қазақ хандығы хақында, ондағы мемлекеттік құрылымдар, «қазақ» атауы мен этногенезисіне қатысты қилы көзқарастар, қоғамдық қатнастар мен саяси-этникалық мәселелер, ішкі-сыртқы ахуалдар, далалық атрибут пен көшпенділердің дәстүр-тұрмыстары туралы алуан ой-пікірлердің орын алғаны да анық еді. Қазақ хандығының құрылуы, Керей мен Жәнібек

хандардың басты ұстанымдары, саяси-әлеуметтік Һәм этникалық үрдістер жүйесі де негізгі назарда болды. Осы реттен келгенде, қаламгер-ғалым М.Мағауиннің ойлары мен толғаныстарының негізі бар: «...Арыдағы даңқты тарихымызды айтпағанда, бергі, қазақ атымен аталатын дәуірдің өзі біздің ұлы халық екендігімізге айғақ. Біз ХҮ ғасырдың орта шенінде қазіргі ұлттық республикамыздың шегінде Қазақ Ордасы аталатын айбынды мемлекет құрдық. Бұл қуатты ұлыс төрт жүз жыл бойы кең даланы еркін жайлап, өзгеше тұрпатты озық мәдениет жасады. Бай болды, бағлан болды. Елімізді, жерімізді еркін сақтап тұрды, ешкімге кеудесін бастырған жоқ. Нәтижесінде, осыншама бай, ұлан-байтақ жерді иеленді, өзіне лайық ұрпақ өсірді.

...Орыс ханның ұрпақтары Керей және Жәнібек сұлтандар Әбілқайыр билігінен бас тартады да, соңына ерген барлық жұртымен түп көтеріле көшіп, Қозы-Басы дейтін байтақ қоныс пен Шу өзенінің бойында дербес хандықтың туын көтереді, бұл жаңа ұлыс Қазақ Ордасы деп аталады. Ортағасырлық тарихшы Мұхамед-Хайдар Дулаттың куәландыруы бойынша, бұл оқиға 1456 жылы болған.

Осы 1456 жыл, еркіндік аңсаған Керей мен Жәнібек жаңа бір ұлыстың дербестігін жариялаған шешуші оқиға-халқымыздың тарихындағы кезеңдік құбылыс, мемлекеттік құрылым бастау алған, қазақ деп аталатын, жаңғырған этностың дүниеге келген мезгілі деп есептелуге тиіс» (Қазақ тарихының әліппесі. Деректі толғам. -Алматы:Ер-Дәулет, 1994. - 10, 16 беттер).

Ұлт мұраты мен оның тарихы тым тереңде, арғы арналардан бастау алады. Оны жинап-жүйелеп, зерттеп-зерделеу - бір күннің, қас-қағым сәттің ісі емес. Мұның өзі танымал тарихшы Һәм ғалым М.Қойгелді айтқанындай: «...Тарихшы болу үшін не керек? Қазақ тілін білу жеткіліксіз. Ұрда-жық патриот болу, ол да жеткіліксіз. Шежіреден, рулық құрылысты білуің, өткенді аздап сараптай алуың да мардымсыз. Тарихшы-тарихшы болу керек. Яғни, тарих ғылымының концептуалды үрдістерін білу керек. Негізгі білімі

болмай, орта жолдан қосыла шабамын деу түкке тұрғысыз дүние. Сонан кейін ғылымды зерттеудің, жазудың жалпы методикасын, арғы өзегін ұғу қажет. Онсыз тарихшы бола алмайсыз.

...Қазақты сақтаған-тарихи санасының тірлігі. Соны жоғалтып алғандаймыз қазір. Қайта ояту керек. Ол үшін шын тарихты, бұрмалаусыз тарихты жазуға тиіспіз. Жеңгендердің тапсырмасымен жазылған тарих қашанда жалғанға толы болады. Бүгінгі ұрпақ рухты кезеңімізді де, ақтандақ мезетімізді де сол қалпында білуі тиіс. Ұлтымызға жасалған опасыздықтар мен сатқындықтардың себеп-салдарын ақтаратын күн жетті. Мемлекеттік тапсырыс болуы тиіс ол үшін. Бізде ол жолға қойылмаған. Мемлекет мұны шешпей, кешенді зерттеу болмайды.

...Тарих жалғандықты кешірмейді. Қолдан жасалған тарих-болашаққа жасалған қиянат. Соны ұмытпайық» десе (Халық тарих толқынында. Мақалалар жинағы.1-том.-Астана: Фолиант,2013. -71-72 беттер), қаламгер Қ.Салғараұлы: «...Ұлт санасының негізі-тарихи сана. Тарихи сана дұрыс қалыптаспай ұлт санасын ояту мүмкін емес. Ал тарихи сананы ақиқатты арқау еткен шынайы тарих қана қалыптастыра алады. Тарих деген-ата-бабамыздың жанды өмірбаяны, басынан өткерген оқиғаларының, атқарған іс-әрекеттерінің шежіресі. Өткеннің өнегесінен үлгі алып, тарих тағылымын бойына сіңіре білген ұрпақ қана келешегін көрікті ете алады» деп жазды (сонда,101 бет).

Жинақтап айтқанда, Қазақ хандығы кезеңі - ұлт тарихының құрамдас бөлігі, мемлекеттіліктің қалыптасу жолындағы белесті биігі, бүтін болмысы, этникалық үрдіс пен мәдени-рухани дамудың жарқын да кемел көрінісі. Ендеше, Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай: «...Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы – тарих » екенін негізгі назарда ұстап, оған адалдық пен табандылық таныту - ұлт мұраты әрі абыройлы да кәделі, сауапты іс.

## 2. Көркемдік таным

Қазақ хандығы тұсындағы сөз өнеріне, ондағы тақырыптық арналар мен жанр жүйесіне, көркемдік-эстетикалық құндылықтарға мән берсек, ұлт руханиятының қазыналы биігіне, өрісті өрнектеріне кезігеріміз хақ. Шындық жүзіне тура қарасак: «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет тарихында Асан қайғы (XV ғ.), Қазтуған жырау (XV ғ.), Шөлгез Тіленшіұлы (XV ғ. екінші жартысы - XVI ғ. бірінші жартысы), Доспамбет жырау (XVI ғ.), Жиёмбет жырау (XVII ғ.), Ақтамберді Сарыұлы (XVIII ғ.), Үмбетей Тілеуұлы (XVIII ғ.), Бұқар жырау Қалқаманұлы, Көтеш ақын, Шал Құлекеұлы (XVIII ғ.), тағы басқа ақын-жыраулардың мұрасының маңызы зор. Осы бай мұрада қазақ халқының бірнеше ғасырлық көркемдік ойы, сөз өнерлік тәжірибесі жинақталуы арнайы ғылыми жүйеде зерттелуде. Қазақтың сөз өнері зерттелуі, қорытындылары, нәтижелері ұлт әдебиетінің көптомдық академиялық тарихы тууына, жазылуына негіз. Соңғы жылдарға дейін қазақ әдебиеті тарихын зерттеу саясат, идеология қыспағында, талай қаулылармен шектеуге мәжбүр болған қиын жағдайларда жүргізілсе, енді еліміздің тәуелсіздігі орнығып, дами түсуі кезінде қазақ халқының бай көркем сөз қазынасы жөніндегі ғылым да өркендеп, биік деңгейде болары хақ» (Қазақ әдебиетінің тарихы. 3 том.- Алматы: Ғылым, 2000.- 27 бет ).

Негізінен, Қазақ хандығы тұсында ұлттық сөз өнерінің алуан үлгі-өрнектері, атап айтқанда мифология мен фольклорлық мұралар, ежелгі әдеби жәдігерліктер, тарихи-шежірелік материалдар, ақын-жыраулар мен би-шешендердің өмірі мен кезеңі, шығармашылық мирастары кең көлемде көрініс берді. Академик С. Қасқабасов айтқанындай: «Он бесінші ғасырдың ортасында пайда болған Қазақ хандығы ұлттық мәдениет пен әдебиеттің өрістеп-өркендеуіне орасан ықпал етіп, ерекше жағдай жасады. Алтын Орда заманында ертеден бері жалғасып, ары қарай дами түскен жалпытүркілік руханияттың мұрагері ретінде қазақ халқы мен мемлекеті енді бұрынғы

бабалардан қалған мирасты сақтап қана емес, оны байытып, жаңғырта дамытуға міндетті болып, соған күш салды. Бұл дәуірдегі мәдениет өзінің түр-сипаты, мазмұны мен тақырыбы жағынан алуан түрлі болды. Мұнда ежелгі мифологиялық аңыздаулар мен кейінгі заманда пайда болған фольклорлық шығармалар, орта ғасырларда күллі Шығыста дәстүрге айналған қолжазба кітаптар мен тарихи-шежірелік туындылар, халықтық музыка мен ойындар, сондай-ақ ұлттық қазақ әдебиеті мен шешендік өнер – бәрі қатар, араласа, сабақтаса ғұмыр кешіп жатты. Әсіресе, ауыз әдебиеті айрықша дамыды. Оның басты себебі, Қазақ хандығындағы болмыстың өзі мен мемлекеттік құрылымның өзгешелігі еді, яғни көшпелі өмір мен отырықшы тұрмыстың, бақташылық пен диқаншылықтың қатар болып, жарасымды дамуы сол тұстағы рухани өмірдің алдыңғы сапына өзіндік сипаты мол ауыз әдебиетін, дәлірек айтқанда, жыраулар поэзиясын және шешендік өнерді шығарды.

Жыраулар поэзиясы үш түрде жасалған: толғау, арнау, мадақтау. Алайда, ең жиі қолданылатыны – толғау. Толғау – алуан түрлі тақырыптағы, философиялық ойға, дидактика мен моральға, т.б. мәселелерге арналған лирикалық шығарма. Оның өлеңдік кестесі, ұйқасы, шумағы әрқашан біркелкі болып келмейді. Сондықтан онда тұрақты буын мен бунақ, үйреншікті тирада мен ұйқас сирек кездеседі де, көп ретте ырғақ басты роль атқарады. Оның себебі – толғау дүйім жұрттың алдында төтенше жағдайда байланысты қолма-қол шығарылып, сол жерде ауызша айтылатындығы еді және айтылған шақта ері елді жалықтырмау, әрі тез әсер ету мен жаттап алуға ыңғайлы болу мақсатын көздейтіндігі еді. Айтылу ситуациясы мен тақырыбына байланысты шумақ бірде көлемді, бірде шағын, ұйқасы кейде шұбыртпалы, кейде аралас, көп жағдайда анафора түрінде болып келеді. Сондай-ақ буын саны да біресе 7-8, біресе 11, енді бірде 15, тіпті одан да көп болуы, ассонанс пен аллитерацияның жиі қолданылуы – толғау үшін табиғи және бұл жағдай оны өлең (қара өлең) мен жыр түрлерінен оқшауландырып тұрады. Эмоциялық-экспрессивтілік мақсаты тұтынғандықтан толғауда психологиялық параллелизм,

қайталау, кей уақытта дыбыс қуалаушылық пен формулалық та кең пайдаланылады. Жалпы поэзияға тән теңеу, шендестіру, әсірелеу, контраст тәрізді көркемдік әдіс-тәсілдер де толғауға жат емес» (Қасқабасов С.Шығарамалары. – Астана: Фолиант, 2011.- 486, 490 беттер).

Әдебиет әлемі арқылы кез-келген ұлт пен ұлыстың тарихы мен тағдырын, рухани есею, өсу жолын айқын аңғаруға болатынын бүгінгі уақыт шындыққа шығарып отыр. Арыдағы арналардың тұма бастауы мен терең иірімдеріне бойламай-ақ, өткенге көктей шолып, ой көзімен қарасақ, VI- VIII ғасыр ескерткіштері - әдебиеттің алғашқы дәуірін танытса (түркі тілдес халықтарға ортақ мұра), X-XIII ғасырлардағы сөз өнері – тарих пен таным тоғысы айқын, дерек пен дәйегі мол әдебиеттің ("Құтадғу білігі", "Диуани лұғат ат - түрік", "Диуани хикмат", т.т.) қалыптасып, толыса бастағанын аңғартады. XIII-XIV ғасырлар әдебиетінен ("Алтын Орда дәуірі") татар-монғол шапқыншылығының зобалаң-зардабы, халық тарихының тағдыр-талайын, т.т. көреміз. XV ғасырдың II-жартысының бастапқы тұстарында Қазақ хандығы құрылып, төл әдебиеті қалыптасты. Қазақ әдебиетінің тарихы жеке ақын, жырау, жыршылармен мысалы: Асан Қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Марғасқа, Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетей, Көтеш, Бұқар, Шал, т.б.. толықты. Олар өздерінің өлең-толғаулары арқылы қоғам мен адам арасындағы қатынасты, бай-болыс, төре-төлеңгіттер мен кедей - кемтарлардың ара-жігін, ұлт мәселесін, татулық мәнін, кәрі-жас орнын, елдік пен ерлік жәйін, қысқасы өмірдің алуан қыр - сырын, уақыт сөзін жеткізді. Ұлт пен ұрпаққа қатысты кемел ойлап, кеңінен толғанады.

Қазақ әдебиеті тарихының күрделі кезеңдерінің бірі саналатын XV-XVIII ғасырлардағы мұраларды танып-талдауда, зерттеуде Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, М.Қаратаев, Б.Кенжебаев, Ә.Қоңыратбаев, Ә.Дербісалин, Ы.Дүйсенбаев, Қ.Өмірәлиев, Қ.Мұхаметханов, Б.Адамбаев, Ғ.Әбетов, З.Ахметов,

Р.Бердібаев, С.Қирабаев, Т.Кәкішев, М.Базарбаев, Х.Сүйіншәлиев, Р.Сыздыкова, Ш.Сәтбаева, Н.Смирнова, С.Қасқабасов, Е.Тұрсынов, К.Шәменов, М.Мағауин, М.Жармұхамедов, Ө.Күмісбаев, С.Дәуітов, Б.Әбілқасымов, Ж.Тілепов, Қ. Сыдиықов, С. Негимов, Қ.Мәдібай, Т.Тебеген, Р.Тұрысбек, С.Қорабай, Б.Омаров т.б. маңызды ой айтып, мәнді еңбек-мұраларды қалың көпке ұсынды. Тақырыпты ашып, жанр мен көркемдік арналарға, мәтін құрылымына, тіл, стиль сипатына еркін барды.

Қазақстандағы қоғамдық-саяси және философиялық, этикалық ой-жүйелерінің ақын-жыраулар мұрасынан көрініс табуы қоғамтанушы ғалымдар, атап айтқанда, Ж.Әбділдин, А.Айталы, Қ.Жарықбаев, Н.Б. Бейсембаев, Д.Кішібеков, М.Қозыбаев, Ә.Нысанбаев, Ғ.Есім, Х.Әбжанов, А.О. Оразбеков т.б. ізденіс, еңбектерінен де анық аңғарылады.

Бұл бағыттағы ізденіс пен еңбектер қатары ағартушы-демократтардың дүниетанымын әр қырынан ашуымен жалғасып, толыға түсті. Қазақтың тәлімдік ой-пікірлері арқылы да соны сипат алды (мысалы, «Адамзат ақыл-ойының қазынасы» (10 том), «Әлемдік философиялық мұра» (20 том), «Қазақ халқының философиялық мұрасы» (20 том), т.т.).

Аталмыш кезеңдер аралығындағы ақын-жыраулар мұрасы - «Әдеби мұра және оны зерттеу»(1961), "XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары" .1962., "Үш ғасыр жырлайды" .1965., "Ертедегі әдебиет нұсқалары" .1967., "Алдаспан" .1971., «Поэты Казахстана» (1978), "XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы" .1982., «Өсиетнаме» (1982), «Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті» (1983), "Бес ғасыр жырлайды" .1989., «Қазақ әдебиетінің тарихы»( 3 том, 2000) т.т. жинақ, кітаптарға енді . «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты он томдықта жеке қарастырылды. Жеке ақын, жыраулар шығармашылығы арнайы кітап үлгісінде де жарық көріп келеді.

XV-XVIII ғасырлар әдебиетіндегі ақын-жыраулар мұрасы: қоғам мен адам, өмір- тұрмыстың, хан мен халықтың, дүние

дидары, дәстүр мен дін, ер-әйел орны т.т. сыр-сипатын ашық, айқын сөз етуімен ерекшеленеді;

– ақындығына жыршы, жыраулығы сай келген халық өнерпаздары әлеуметтік мән-маңызы жоғары мәселелермен бірге өмір шындығын, уақыт ұсынған алуан тақырыптарға өлең-жыр, арнау, толғауларын арнады;

– осы кезең ақын-жыршылар мұрасында адам мен оның іс-әрекеттері, өмір жасы мен ондағы бел-белестер сыры, т.т. кең көлемде көрініс тапқан;

– сөз өнері арқылы халық өмірі мен тұрмысы, тарихы мен танымы, ұлт пен ұрпақ қамы, уақыт сыры, т.т. бейнелі, бедерлі сипатқа ие болды;

– бұл кезеңдегі қоғам, қоршаған орта, тұрмыс - тіршілік, жақсы мен жаман, қыз бен жігіт, жомарт пен сараң, жастық пен кәрілік т.т. тақырыптар барынша айқын, әрі өрнекті сөз, сырлы суреттерімен ден қойғызады;

– өлең-толғауларда, арнау мазмұнынан ел мен жер, хан сипаты мен оның ұстанымы, батырдың биік тұлғасы, әсем ару мен оның ақылы, ар-ожданы, адам мұраты, өмір-дүниенің қадірі мен қасиеті, сондай-ақ дос-дұшпан, жомарт-сараң, байлық пен кедейлік, ата-ана қадірі, қыз сыны, келін орны, арман-аңсар, өмір-өлім, жорық жолдары, ер қанаты - ат орны, күн мен түн, жарық пен көлеңке, биік тау мен қоғалы көлдер, арналы-ағынды сулар, бүркіт пен сұңқар құс сипаты, т.т. нанымды да сәтті жырланады.

Ең негізгісі, ақын-жыраулар мұрасында қоғам, адам, өмір, уақыт сырлары кең мағынаға ие болып, мәдени-тарихи және рухани дәстүрлерді, болмысты, дүниені шындық калпында көру, адам мен оның іс-әрекеттерін тану, таразылау міндеттері табиғи, жүрек төрінен шығады. Оларды жеткізу, баяндауда ой-сезім, мақсат еркін өріс алады. Сонымен бірге халық әдебиетіндегі (ауыз әдебиеті емес) тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, дәстүр-өнегелері, әлеуметтік тақырыптағы өлең-жырлар, ертегіге бергісіз батырлар бейнесі, әділеттілік іс пен махаббат мәселесі, т.т. XV-XVIII ғ.ғ. әдебиетінде де тақырып, мазмұн, көркемдік, поэтикалық тұрғыдан кең өріс алды. Ендеше, кезең

көріністерін, адам мен уақыттың сөзін кешеден бүгінге жеткізген ақын-жыраулар шығармашылығын, ондағы халық өмірі мен мұрасы, қоғам мен табиғаттың көркемдік сипатының бүгінгі әдебиет қозғалысына ұласып, жалғасып жатуы әрі табиғи, әрі үлгі-өнегелік қырларын жан-жақты танып, таразылауды да қажет етеді. Маңыздысы: қоғам, адам мәселесі, оның іс-әрекеттері, орны, т.т. мақсат -мұраттарына, кәсіп-тіршілігіне сай сөз болады.

Белгілі ғалым, зерттеушілер, атап айтқанда - М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Ә.Марғұлан, Е.Ысмаилов, т.б. ақындық әлем, жыршылық, жыраулық дәстүр, ондағы бейнелілік, көркемдік хақында маңызды ой айтып, жүйелі ізденістер жүргізді. Әсіресе, ақын-жыраулар шығармашылығындағы әлеуметтік-қоғамдық жағдайлар, фольклорлық дәстүр өрісі, басты тақырыптар мен ондағы көркемдік құрылым, қолданыстар туралы онды ой-пікірлердің бүгін де мәні зор. Олардың кейбір үлгілері, өрнекті тұстары төмендегідей:

Академик М.Әуезов: "Жырау құр ғана тақылдақ өлең айтпайды: бұл заман сыншысы, сөйлесе шешілмеген жұмбақ, түйіні шатасқан сөздерді ғана сөйлейді. Өзі тұрған заманның белгілеріне қарап, келешек заман не айтатынын болжайды. Сөзінің бәрін терең ой, терең мағынамен сөйлейді. Сыртқы түрі құба-жондатқан толғау, салыстырған суреттермен ұқсатқан нобай, жоғалтқан белгісімен келеді. Айтпақ жайларын ашып, ұғымды қылып, анықтап бермейді. Әдейі көмескілеу жұмбақ қылып айтады. Ұғарлық кісі сол жұмбақтан ұғыну керек. Жыраудың сөзі, мақсаты айтылмайды. Не айтса да, көптің мұңы мен қамы, көптің жәйі туралы, не көпке арналған ақыл, өсиеті есебінде айтылады" (Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. - 201бет).

Академик С.Қирабаев: "XVIII -XIX ғасырларда қазақ әдебиетінде ұлттық тәуелсіздік тақырыбы айрықша мағынығы ие бола дамыды. Бір жағынан жоңғар шапқыншылары, екінші жағынан орыс отаршылары қысқан халық басындағы ауыр қайғы әдебиеттің де азаматтық биіктікке көтерілуіне тікелей жол ашты. Ел тағдыры оны қорғаушы азаматтар тұлғасы,

өзгерістердің әлеуметтік сипаты, патриоттық пен опасыздық, тұрақтылық, тұрлаусыздық, икемделгіш мінездер - барлығы ақындар тілінде тыс бейне тауып, әдебиет тақырыбының байи, кеңі түскенін танытады" (Әдебиетіміздің ақтандақ беттері. - Алматы, 1995. - 12 бет).

Профессор Е.Ысмаилов "Ақындар" монографиясында: "Қазақ поэзиясында творчестволық қызметіне қарай ақынды екі жікке бөлеміз, бірі өлеңді домбырамен суырып салып айтатын немесе жазып шығарса да жаттап әнге қосып, ауыз әдебиеті дәстүрімен айтатын импровизатор халық ақындары. Екіншісі - оқыған, білімді, өлеңді жазып шығаратын жазба ақындар» (Ақындар.- Алматы, 1956. - 18 бет).

Ғалым Р.Бердібаев: "Жыраулар өздерінің шығармаларына қоғамдық мәні зор , бүкілхалықтық сипаты анық, ел тағдырына тікелей қатысы бар ірі мәселелерді ғана тақырып еткен. Мұндай жырауларда ерлік, батырлық ерекше серпінмен мадақ етіледі" (Жыршылық дәстүр.- Алматы, 1980. - 8-9 бет). Әдебиетші Ә. Дербісалин: "Жырау көбінесе елдік мәні үлкен, келелі мәселелердің тұсында, халық пен ханға бірдей ақылшы, көпті көрген кемеңгер ойшыл ретінде көрінеді, айтпақ ойларын толғау түрінде философиялық-дидактикалық түйіндер арқылы, өмір құбылыстарын, тарих пен кейінгі өмірді, жақсы мен жаманды, адамдық пен жауыздықты, өмір мен өлімді, т.б. салыстыру арқылы, психологиялық параллелизмдер негізінде, патетикалық рухта жеткізеді... Жырау өмірді көбінесе тұспалдап, жанамалай, тақпақтап ашық дидактикалық ережелер арқылы көтеріңкі рухта суреттесе, ақын өмір мәселелерін негізінен нақты көтеріп бейнелейді"(XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы .алғы сөз.. -Алматы, 1982.- 60 бет).

Жазушы-ғалым М.Мағауин: " XV-XVIII ғасырларда жасалған әдебиет ел мүддесін, жұрт мұратын бірінші орынға қойды. Өзіндік түр тауып, айқын ұлттық сипатта қалыптасты. Алаштың жайсан жанын, өр рухын бедерлей таңбалап, келер ұрпақ үшін ешқашан ескірмес үлгілер тудырды. Көркемдік танымның асқар биігіне көтеріліп, әлемдік өредегі ұлы

шығармалар қалдырды" (Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. - Алматы, 1993. - 4 бет).

Зерттеуші К.Сыдықов: "Халқымыздың поэзиялық мұрасын атадан балаға ұластырып, айтып жеткізушілер - жыраулар мен ақындар. Ол мұралар ішінде жыраулар мен ақындардың төл шығармалары да, оларға әріден жеткен бағзы жырлар да, сол дәуірде туған эпостық туындылар да болуы мүмкін. Демек, жыраулар мен ақындар желілі жырларды жырлап, таратып отырған. Бұл дәстүр қазақ, қарақалпақ, өзбек, түркмен, ноғай, т.б. халықтарда күні бүгінге дейін сақталып, дами түсуде" (Көркемдік өрнектер.- Алматы, 1992.- 5 бет)...

Атап көрсетілгеніндей, жоғарыдағы ой-пікірлер жүйесінен қазақ әдебиетінің тарихы, оның арналы да ағысты саласы – ақын-жыраулар мұрасы, тақырыптық ерекшелік, жанр жүйесі мен көркемдік кеңістігі, мәтін құрылымы, өлең-жыр өрісі, арнау, толғаулар мәні кеңінен көрінеді.

Ұлт тарихы мен рухани өмірін алыс-жақын елдердің оқымыстылары, этнографтары мен саяхатшылары кең көлемде атап көрсетеді. Әрі қазақ халқының өмірі мен тарихын, дәстүрі мен тұрмысын, мәдениеті мен руханиятын әділ бағалайды (мысалы, А.Алекторов, В.Радлов, Г.Потанин, А.Брем, Д.Клеменц, П.Мелиоранский, М.Аткинсон, А.Янушкевич т.б.).

Өлең сөздегі үйлесімділік, көркемдік келісім хақында Аристотель, әл-Фараби, Н.Буало, Ф.Малеро, М.Опиц, А.Потебня, М.Храпченко, т.б. түйінді толғамдары назар аударарлық. Сондай-ақ, өлең құрылысы, ондағы гармония мен ырғақ мәселелері, басқа ғылым салаларымен байланысы, даму бағыттары Г.И.Абрамович, Л.И.Тимофеев, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, С. Қирабаев, З.Қабдолов, З.Ахметов, М.Базарбаев, Р. Бердібай, Р. Нұрғали, С.Қасқабасов т.б. еңбектерінде жан-жақты ашылып, әрі кең көлемде қарастырылады.

Бұл реттен алғанда, сөз жоқ кешеден бүгінге жеткен руханият арналары тақырыптық тұрғыдан, жанрлық һәм көркемдік жүйесі, эстетикалық құндылықтары мен стильдік

құбылыстары жағынан жан-жақты қарастырылды. Алайда, қоғамдағы өзгеріс, замана шындығы мен уақыт талаптары арғы-бергі кезең құбылыстары мен құндылықтарына жіті ден қойып, қайта қарап, зерттеп-зерделеу ісін күн тәртібіне батыл қоюда. Бір ғана «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында атқарылған жүйелі жұмыстар, қазақ фольклорының көптомдық жиынтығы ( «Бабалар сөзі») мен «Қазақ әдебиетінің тарихы» (он томдық) сында сүбелі еңбектердің қалың көптің қолына тиіп, біліми-ғылыми айналымға түсуі - ұлт руханиятының бағыт-бағдарын айқындаған, тақырыптық арнасын байытқан, көркемдік кеңістігін барынша жарқыратып көрсеткен айрықша факторлардың бірі. Бұл бағыт, әсіресе кейінгі жылдары – «Мәдени мұра», «Халық – тарих толқынында», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы Даланың жеті қыры» сынды байыпты бағдарлама, жобалар арқылы жүйелі жалғасты.

Ойға алу артық емес, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың бастамасымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы қолға алынды. Кейінгі бірер жылдың жүзінде заманауи қазақстандық мәдениет, білім-ғылым ісі, басқа да бағыттар кең өріс алды. Жасыратыны жоқ, қоғамдық сананы жаңғырту бағытында іргелі істер жүзеге аса бастады. Ұлттық дәстүр, мәдени-рухани арналар жаңа бағыт алды. Ұлттық бірегейлікті сақтау, азаматтық қоғам мен тұлғалық дамуға бет бұрылды. Адам капиталын арттыру, бәсекеге қабілеттілік, патриоттық білімділік, ұлттық құндылықтарды сақтау мен зерттеп-зерделеу ісі негізгі назарға алынды. Алаш ардақтылары – әл-Фарабидің – 1150, Абайдың -175 жылдық мерейтойларын өз деңгейінде атап өту салтанатты түрде бастау алды. Ғұлама әл-Фараби мен Хакім Абай мұраты мен мұрасы – ұлт руханиятының биік белесі, дара да дана көшбасшысы ретінде лайықты түрде аталды. Бұл ретте, сөз жоқ ҚР Президенті Қ.Ж.Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты бағдарламалық маңыз-мәні жоғары мақаласын еске алу артық емес ( «Егемен Қазақстан», 2020 9 қаңтар).

### 3. Ақындық өнер арналары

Қазақ сөз өнерінің құнарлы саласы - ақын-жыраулар мұрасы. Халық әдебиетінің бай үлгілері ақын-жыраулар шығармашылығы арқылы ұнамды үрдіс, онды сипат, жаңа мағынаға ие болды. Ақын-жыраулар - эпик жыршы болумен бірге сол тұстағы жорықтарға қатысқан. Қол бастап, халық сөзін айтқан. Жеңіс жалауын жан-жүрек, ой сезімімен тербеген, әділдікті ту еткен.

Жыраулар поэзиясында Асан Қайғы Сәбитұлының орны, тағылымы ерекше. Ол - әрі аңыз иесі, әрі қоғам қайраткері, әрі ділмар шешен.

Аңыздың айтуынша, деректер ізінде Асан қайғы – Еділ бойында туып, Сарыарқада – Ұлытауда дүние салыпты. Алтын Орда ханы – Ұлығ-Мұхамедтің белгілі билерінің бірі болады. Керей, Жәнібек сұлтандардың маңында болып, жаңа мемлекетті қолдап-қорғап, оның ұраншысына айналады (Бес ғасыр жырлайды. - Алматы: Жазушы, 1989. – 22 бет).

Асан қайғы мұрасына жіті ден қойсақ, қоғамдық Һәм әлеуметтік ахуал, адам мұраты мен өмір мәні, тарих пен таным тоғысы, уақыт рухы терең көрініс береді. Дәуір дидары, кезең көріністері де ерекше мәнге ие. Кезең құбылыстары, дәуір тынысы, елдік пен ерлік мәні, өмір өрімі мен уақыт рухы, тарих бедері мен талайлы тағдырлар тауқыметі былай беріледі:

...Қырында киік жайлаған,  
Суында балық ойнаған.  
Оймауыттай тоғай егіннің,  
Ойына келген асын жейтұғын,  
Жемде кеңес қылмадың,  
Жемнен де елді көшірдің.  
Ойыл деген ойыңды,  
Отын тапсаң тойыңды,  
Ойыл көздің жасы еді,  
Ойылда кеңес қылмадың,

Ойылдан елді көшірдің.  
...Ерлер жортып күн көрген,  
Еділ деген қиянға,  
Еңкейіп келдің тар жерге,  
Мұнда кеңес қылмадың.

Немесе:  
Еділ менен Жайықтың,  
Бірін жазда жайласаң,  
Бірін қыста қыстасаң,  
Ал қолыңды маларсың,  
Алтын менен күміске!..

Қилы заман, қым-қуыт кезең көріністерінің бір сыры  
былай ашылады:

Құйрығы жоқ, жалы жоқ, құлан қайтіп күн көрер,  
Аяғы жоқ, қолы жоқ, жылан қайтіп күн көрер.  
Шыбын шықса жазболып, таздар қайтіп күн көрер,  
Жалаң аяқ балапан, қаздар қайтіп күн көрер?

Ал, адам әлемі, өмір мұраты, еңбек мәні, заман  
шындығының қыр-сыры мін-сын ретінде ащы да болса анық  
та қанық, қаз-қалпында көрсетіледі:

Бұл заманда не ғаріп?  
Ақ қалалы боз ғаріп.  
Жақсыларға айтпаған,  
Асыл шырын сөз ғаріп.  
Замандасы болмаса,  
Қариялар болар тез ғаріп.  
Қадірін жеңге білмесе,  
Бойға жеткен қыз ғаріп.  
Ел жағалай қонбаса,  
Бетегелі бел ғаріп.  
Қаз-үйрегі болмаса,  
Айдын-шалқар көл ғаріп.  
Мүритін тауып алмаса,

Азғын болса пір ғаріп.  
Ата жұрты бұқара,  
Өз қолыңда болмаса,  
Қанша жақсы болса да,  
Қайратты туған ер ғаріп.

Бұдан басқа, ел-жердің қадірі мен қасиеті, өмір-дүние мәні, адам мұраты, еңбек сипаты, әйел-ердің бағы мен міні, мінез құбылысы, ақыл-парасат пен білім-ғылым құны, тәлім-тәрбие арналары, жақсы-жаман орны, дос-дұшпан арақатнасы әр қырынан ашылып, парыз-қарыз сыры ашылады:

Көлде жүрген қоңыр қаз,  
Қыр қадірін не білсін?  
Қырда жүрген дуадақ,  
Су қадірін не білсін!  
Ауылдағы жамандар,  
Ел қадірін не білсін!  
Көшіп-қонып көрмеген,  
Жер қадірін не білсін!  
Көшсе, қона білмеген,  
Қонса, көше білмеген,  
Ақылыңа көнбеген,  
Жұрт қадірін не білсін!

Немесе:  
Еділ бол да, Жайық бол,  
Ешкімменен ұрыспа.  
Жолдасына жау тисе,  
Жаныңды аяп тұрыспа.  
Ердің құны болса да,  
Алдыңа келіп қалған соң,  
Қол қусырып барған соң,  
Аса кеш те қоя бер,  
Бұрынғыны қуыспа.  
Ақың болса біреуде,  
Айыбын тап та ала бер,

Ерегісіп ұрыспа.  
Сенікі жөн болса да,  
Атың шықпас дұрысқа.  
Мінезі жаман адамға,  
Енді қайтіп жуыспа.  
Тәуір көрер кісіңмен,  
Жалған айтып суыспа.  
Өлетұғын тай үшін,  
Көшетұғын сай үшін,  
Желке терің құрысып,  
Әркімменен ұрыспа.  
Ашу – дұспан, артынан  
Түсіп кетсең қайтесің  
Түбі терең қуысқа!..

Асан сөздері өсиет, нақыл түрінде көп кездеседі. Мысалға жүгінеміз:

*Мінезі жаман адамға,  
Енді қайтып жуыспа.  
Тәуір көрер кісіңмен,  
Жалған айтып суыспа...*

Немесе, бірлік, татулық туралы:

*Есенің де, тірің де  
Бір болыңыз бәріңіз,- дейді.*

Және бір мысал:

*Аққу көлдің көркі еді,  
Ерте-кеш көлде әндеген.  
Үнімен көлді сәндеген,  
Қу көлдегі ерке еді, -*

деген жолдардан адам әлемі, өмір мәні, мінез құбылысы, жақсы-жаман орны мен сыры барынша айқын, дәлдік пен нақылдыққа негізделіп беріледі. Өмір өнегесі мен тәжірибесі де танылады. Дүние дидары, өмір-өлім мәні, татулық пен туыстық сыры да сенімді, серпінді сипат

алады. Қысқа ғұмыр, жалған дүниенің нарқы мен парқы, қарыз-парыз істің кәделі де сауапты тұстары айқын аңғарылады. Ал, киелі сұлу кұстың жыртқыш аңға кезігуі ақындық қуатпен, көркемдікпен, шешендікпен, шыншыл суретпен бейнелі жырланған.

Аққу - киелі, көл еркесі мен сәні, оны аялау мен бағалау қажеттілігі алға тартылады. Керісінше, қиянатқа қарсылық жасап, атпау керектігі айтылады.

Қазтуған - XV ғасыр әдебиетінен батыр, жырау ретінде белгілі. Ол Еділ, Жайық, Ойыл өзендері бойында туған. Ақындық өнері қуатты, мәнді.

Мәселен, «Мадақ жыры» атты адам мәні, ел-жер қадірі, өмір-дүние, дәстүр-дін, бай-би, ақыл-парасат, сөз сыны, тәрбие туралы топтамасында:

Бұдырайған екі шекелі,  
Мұздай екі көбелі,  
Қары ұнымы сұлтандайын жүрісті,  
Адырнасы шайы жібек оққа кірісті,  
Айдаса қойдың көсемі,  
Сөйлесе қызыл тілдің шешені,  
Ұстаса қашағанның ұзын құрығы,  
Қалайылаған қасты орданың сырығы,  
Билер отты би соңы,  
Би ұлының кенжесі,  
Буыршынның бұта шайнар азуы,  
Бидайықтың көл жайқаған жалғызы,  
Бұлт болған айды ашқан,  
Мұнар болған күнді ашқан,  
Мұсылман мен кәуірдің,  
Арасын өтіп бұзып дінді ашқан

Сүйінішұлы Қазтуған! - деп арғы-бергі кезең көріністерін көркем де жүйелі жеткізеді. Тарих таңбасы, тағдырлар талқысы, уақыт рухы да айқын.

Сондай-ақ, ақын-жырау Һәм батыр Қазтуған жырларында өзі өмір сүрген кезеңнің қилы көрініс-суреттері, бастысы

көшпенді де бұлғақ заман шындығы, оның адамдары мен тірлік-тынысы терең танылады. Бастысы, Еділ бойы, оны жайлаған жұрттың тыныс-тіршілігі сенімді суреттеледі:

Алаң да алаң, алаң жұрт  
Ақала ордам қонған жұрт.  
Атамыз біздің бұ Сүйініш  
Күйеу болып барған жұрт.  
Анамыз біздің Бозтуған,  
Келіншек болып түскен жұрт.  
Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт.  
Кіндігімді кескен жұрт,  
Кір-қоңымды жуған жұрт.  
Қарағайдан садақ будырып,  
Қылшанымды сары жүн оққа толтырып,  
Жанға сақтау болған жұрт.

Немесе:

Салп-салпыншақ анау үш өзен,  
Салуалы менім ордам қонған жер,  
Жабағылы жас тайлақ,  
Жардай атан болған жер,  
Жатып қалып бір тоқты  
Жайылып мың қой болған жер.  
Жарлысы мен байы тең,  
Жабысы мен тайы тең,  
Жары менен сайы тең,  
Ботташыға бұзаудай,  
Боз сазаны тоқтыдай,  
Балығы тайдай тулаған,  
Бақасы қойдай шулаған,  
Шырмауығы шөккен түйе таптырмас,  
Балығы көлге жылқы жаптырмас,  
Бақасы мен шаяны  
Кежідегі адамға  
Түн ұйқысын таптырмас.

Қайран менің Еділім,  
Мен салмадым, сен салдың,  
Қайырлы болсын сіздерге  
Менен қалған мынау Еділ жұрт!..

Айталық, жырау жырларында айқын аңғарылатын:

*Бұлт болып айды ашқан,  
Мұнар болып күнді ашқан,  
Мұсылман мен кәуірдің  
Арасын өтіп-бұзып дінді ашқан,  
Сүйінішұлы Қазтуған!*

– деген жолдардан елеулі эпитет, маңызды метафоралармен бірге батырдың биік тұлғасы, жорық жолдары, өжеттігі мен өр мінезі де қатар көрінер еді.

Қазтуған мұрасынан қазақ елінің өмір, тұрмысы, тарихы кең көрініс тапқан. Оны жырау жалынды жыр, отты өлең, өршіл рухпен серпінді жырлайды. Оның өлеңдерінде А.Б.Ж, т.т. дыбыстардан басталатын жолдар көп. Бес жолдан тұратын ондай өлеңдер ақын ерекшелігі, поэтикалық өнерінің сыр-сипаттары деуге болады. Тақырыптық ерекшелік, жанр жүйесі мен көркемдік мұраты, мәнді ойлар мәйегі де осы тұстан танылады.

Мысалы:

*Арғымақтың баласы  
Арыған сайын тың жортар.  
Арқамнан қосым қалар деп,  
Ақ жария толқын күшейтер...*

Немесе:

*Жарлысы мен байы тең,  
Жабысы мен тайы тең,  
Жары менен сайы тең...*

Тағы да:

*Балығы таудай тулаған,  
Бақасы қойдай шулаған...*

Мұндай мысал-деректі, ақыл-нақыл түрінде төгіліп түсер тегеурінді шумақтарды Асан атада ."Тауық неше шақырса, Таң болжалдап атар ол"., Бұқарда ."Алыстан жанжал сөз келсе, Азулы сөйлер жүгініп"., т.б. жиі кездестіруге болады. Өмірдің мәні мен нәрі - қысқа-нұсқа қалыпта беріледі. Оның өзінен, сөз жоқ қоғам, кезең көріністері, өмір-уақыт шындықтары, дүние дидарының барша құбылыстары, бояу-нақышы айқын танылады.

Доспамбет жыраудың өлең-жырларының тақырып, мазмұнынан аңғарылатыны, Дәшті-Қыпшаққа аты мәлім әрі әскери жорықтарға қатысқаны, өмір мәні мен сырына қанықтығы, дүние-жалған екені терең танылады. Бастысы, айнала-әлемді, дүние дидарын, көрініс-құбылыстарды жіті бақылап, өмір тағылымымен байланыс-бірлікте жырлайды:

Қоғалы көлдер, қом сулар,  
Қоныстар қонған өкінбес.  
Арыстандай екі бұтын алшайтып,  
Арғымақ мінген өкінбес.  
Кілең бұздай кілшейтіп,  
Көбелер киген өкінбес.  
Жұпарын қардай боратып,  
Арулар құшқан өкінбес.  
Торы төбел ат мініп,  
Той тойлаған өкінбес.  
Құрама шапшақ көп қымыз,  
Құйып ішкен өкінбес.  
Екі арыстап жау шапса,  
Оқ қылқандай шаншылса,  
Қан жусандай егілсе,  
Аққан судай төгілсе,  
Бетегелі Сарыарқаның бойында,  
Соғысып өлген өкінбес!

Бұдан басқа, ел-жердің қадір-қасиеті, елдік-ерлік мәні мен шежіресі, дәстүр мен сабақтастық сырлары, адами мұраттар, батырлық болмыс, Ақ Жайық пен Еділ бойының табиғаты мен тағылымы, Кет-Бұғадай билердің орын-үлесі, дала дидары, тау-өзен көріністері былай беріледі:

Айналайын Ақ Жайық,  
Ат салмай өтер күн қайда,  
Еңісі биік, боз орда,  
Еңіке кірер күн қайда,  
Қара бұлан терісін,  
Етік қылар күн қайда,  
Күдеріден бау тағып,  
Кіреуке киер күн қайда,  
Толғамалы ақ балта,  
Толғап ұстар күн қайда,  
Алты құлаш ақ найза,  
Ұсынып шаншар күн қайда,  
Садақ толған сайгез оқ,  
Масағынан өткеріп,  
Басын қолға жеткеріп,  
Созып тартар күн қайда!  
Кет-Бұғадай билерден,  
Кеңес сұрар күн қайда,  
Еділдің бойын ел жайлап,  
Шалғынына бие біз байлап,  
Орындықтай қара сабадан,  
Бозбаламен күліп, ойнап,  
Қымыз ішер күн қайда!

Немесе:

Тоғай, тоғай, тоғай су,  
Тоғай қондым, өкінбен,  
Толғамалы ала балта қолға алып,  
Топ бастадым, өкінбен,  
Тобыршығы биік жай салып,

Дұспан аттым, өкінбен,  
Тоғынды сарты нар жегіп,  
Көш түзедім, өкінбен,  
Ту құйрығы бір тұтам,  
Тұлпар міндім, өкінбен,  
Туған айдай нұрланып,  
Дулыға кидім, өкінбен,  
Зерлі орындық үстінде,  
Ал шымылдық ішінде,  
Тұлымшағын төгілтіп,  
Ару сүйдім, өкінбен,  
Бүгін, соңды өкінбен,  
Өкінбестей болғанмын,  
Ер Мамайдың алдында,

Шаһид кештім, өкінбен!,-деп арғы-бергі кезеңдерден ой қозғап, сыр тартып, маңыздысы өмір тағылымдарын кедергісіз-бүкпесіз баяндайды.

Қазақ Ордасына есімі мен еңбегі кең тараған, Ноғайлы әміршісі - Темір бидің тұсында танымал болған – Шалкиіз жыраудың бірқатар өлең-жырлары қалың көпке жетті. Тақырып, жанр жүйесі, көркемдік тұрғысынан да дараланатын тұстары бар. Елдік пен ерлікті жырлап, мәнін кең ашады.

Шалкиіз де Асан, Қазтуған секілді сарай маңында өмірін өткізген.

*Темір еді биіміз,*

*Теңіз еді халқымыз, -*

деп айтқандай, Би Темірдің ордасында қызмет еткен. Асыл сөзді саралаған.

Оның мұрасы - жыр, толғау түрінде кездеседі. Өсиет, ғибрат сөздері де мол. Сол арқылы сөз асылын терген, ойлы өрнекпен уақыт бедерін көрсетті.

Мысалы:

*Ақ желкенді жел бастар,*

*Әділ төре ел бастар,*

*Батыр жігіт қол бастар,*

*Шешен адам сөз бастар...*

Немесе:

*Жақсыға қоссаң басыңды,  
Отырар орның төр болар.  
Жаманға қоссаң басыңды,  
Бәрімен орның тең болар,- дейді.*

Сондай-ақ:

Менің ием Темір іс етсе,  
Айналанды берік етер,  
Жиған малың тәрік етер,  
Атың, тоның бұлды етер,  
Өз басыңды олжа етер,  
Сенің емің қызыл шашпау ханларды  
Қилы жүріп көргенмін,  
Арбаға тайдай ителіп,  
Алтынды Бақшасарай, Қырымға  
Әзізленген сұлтан жаның шалт етер!..

\* \* \*

Жақсының жақсылығы сол болар,  
Жаманменен бас қосып,  
Сөйлемекке ар етер.  
Жаманның жамандығы сол болар,  
Сөйлесе дәйім бетін қара етер.  
Бір жақсыға басың қосып сөз айтсаң.,  
Солд жақсы жаманлығың жақсылыққа жыр етер.  
Бір жақсыға басың қосып сөз айтсаң,  
Сол жаман сырың сақтамай,  
Әрдайым дұшпаныңа әр ісінді қор етер!

\* \* \*

Жалп-жалп ұшқан жапалақ,  
Аттансаң жазы түзде көрерсің.  
Жаман туған бар болса,  
Жаман жолдас көп болса,

Жазаны содан көрерсің!

\* \* \*

Туырлықсыз қара үйге,  
Ту байламақ не керек!  
Туғаны жоқ жалғызға,  
Көп ішінде суырылып,  
Жауға шаппақ не керек!

\* \* \*

Жапалақ ұшпас жасыл тау,  
Жақсылардың өзі өлсе де сөзі сау.  
Ойлап тұрсам жаманның,  
Жалаңдаған өз басына тілі жау.  
Дүбір-дүбір шу көргшен,  
Түлкішек түлкің жетер басыңа-ай,  
Түлкідей құйрық тастаған,  
Жаман фиғылың жетер басыңа –ай!

\* \* \*

Айырдан туған жампоз бар,  
Жүгін нарға салғысыз.  
Арғымақтан туған будан бар,  
Күнінде көрінім жерді алғысыз,  
Жаманнан туған жақсы бар,  
Адам айтса нанғысыз.  
Жақсыдан туған жаман бар,  
Күндердің күні болғанда,

Бір аяқ асқа алғысыз! –деген өлең-жырлардан адам мұраты, өмір-дүние дидары, қоршаған орта, елдік пен батырлық рух мәні кеңінен көрінеді. Елдік мұрат, батырлық болмыс, адам әлемі мен оның жақсы-жаман қасиеттері, жолдастық-достық, сыйластық сырлары сенімді сипат, кең өріс алады.

Анығында, ақыл-нақыл сөздер, өмір-уақыттың шынайы шындықтары, адалдық пен әділдік, батырлық пен

өжеттік, жақсы-жаман сипаттары келесі тұста тұрақты эпитет пен бейнелілік үлгісінде өріс алады:

*Жарық маңдай, жалпын шаш,  
Қабағын, мұрын, қиғаш қас.  
Қызарыдан көйлекті,  
Еңінде семсер ақ түсті  
Мойныңда дан алқалы күмістен,  
Жары менен екеуі,  
Жатып тілек тілесе,  
Қызыр күнге жолызар.*

Сондай-ақ, Шалкиіз шығармашылығында "ақ желкен", "ақ киік" сынды эпитеттер, "тағыдай", "тарпанбай" секілді теңеулер де мол ұшырасады.

Жырау шығармашылығында терең мәнді ойлы толғау, ішкі ұйқастары үйлесімді шымыр жолдар, маңыз-мәні айрықша екіпінді сөздер де кездеседі:

*Алғаным ару болмаса,  
Алдыма алып сүймен-ді.  
Немесе:  
Арқаның құба жонында,  
Арыстан ойнар шарқ ұрып.  
Аталы ердің тұсында  
Тұлпары тұрар тарп ұрып...*

Осы реттен келгенде, Жиёмбет жырау Еңсегей бойлы Ер Есім тұсында белгілі би, әскербасы батыры болады. Бес қаруын асынып, жорыққа да аттанады. «Жұртымды жөнге салам деп» күндіз-түні жортады. Ақылын серік етеді. Сөз сырына енеді. Ой кешеді. Кезекті тұста: « Әмірің қатты Есім хан, Бүлік салып бұйырдың» деп те хан бағыты мен ісіне қарсылық та көрсетеді. Орайлы тұста:

*Еңсегей бойлы ер Есім,  
Есім, сені есірткен,  
Есіл де менің кеңесім.  
Ес білгеннен, Есім хан,  
Қолыңа болдым сүйесін,  
Қолтығыңа болдым демесін...*

Меніңменен ханым ойнаспа,  
Менің ерлігімді сұрасаң,  
Жолбарыс пенен аюдай,  
Өрлігімді сұрасаң,  
Жылқыдағы асау тайындай,  
Зорлығымды сұрасаң,  
Бекіре мен жайындай.  
Періктігімді сұрасаң,  
Қарағай менен қайындай...  
Қайратым қанша қайтса да,  
Мұнына, ханым, шыдаман!  
Арқаға қарай көшермін,  
Алашыма ұран десермін,  
Ат құйрығын кесермін,  
Ат саурысын берермін,  
Алыста дәурен сүрермін,  
Қарамасаң, ханым, карама,

Сенсіз де күнімді көрермін!- деп елдік мінез, өрлік рух, қайратты жігерін бүкпесіз білдіреді. Хан бейнесі, батырлық болмыс тегеуріні де танылады. Елдік пен ерлік мәні, батырлық тұлға мен ар-намыс мәні былай беріледі:

Басы саудың түгел-дүр  
Толған тоғай малы-дүр.  
Тоқтамай соққан толағай,  
Толастар мезгіл жеткей-дүр.  
Керегеге ілінген,  
Шабылмаған семсер тұр,  
Жаудан алмай кегімді,  
Есіл де өмір өткен құр.  
Азап шектім аралда,  
Ханға қарсы тұрам деп,  
Түн ұйқымды юөлгенмін,  
Жұртымды жөнге салам деп,  
Бас кессе де басылмай,  
Ақ ісімді жасырмай,  
Атқа мінген ер едік,

Қашырды бүйтіп елімнен,  
Күйеуден безген қатындай!

Ақын-жыраулар мұрасында ел мен жер, адам өмірі мен оның әрекеттері, өткен мен бүгін мәселесі, сабақтастық сырлары кеңінен көрінеді. Адами құндылықтар, бірлік пен келісім, татулық пен туыстық сырларына да кең орын беріледі. Өмір өнегесі, уақыт бедері, тәлім-тәрбие арналары да кеше мен бүгін байланысын айқын аңғартады. Асқар тау, ақша бұлт, ай мен күн, жыл мезгілдері, ғалам ғажаптары да тиісінше тілге тиек болып, көркемдікпен қорытылып, маңыз-мәні айқындалады. Мысалы, Асан:

*Ешкімменен ұрыспа,  
Жолдасыңа жау тисе,  
Жаныңды аяп тұрыспа,  
Ердің құны болса да,  
Алдыңа келіп қалған соң,  
Қол қусырып барған соң,  
Аса кеш те қоя бер,  
Бұрынғыны қуыспа...*

**Жиёмбет:**

*Еңсегей бойлы ер Есім,  
Есім сені есірткен,  
Есіл менің кеңесім...*

**Ақтамберді:**

*Жағалбай деген ел болар,  
Жағалтай деген көл болар...*

**Бұқар:**

*Асқар таудың өлгені,  
Басын мұнар шалғаны.  
Көктегі бұлттың өлгені,  
Аса алмай таудан қалғаны.  
Ай мен күннің өлгені,  
Еңкейіп барып батқаны...*

### **Шал:**

*Өлеңге тоқтамайды Шал дегенің,  
Қойға пана болмайды тал дегенің,  
Жалаң аяқ, жалаң бас, тоқтыарқалап,  
Хан ата, қымбат па екен мал дегенің...*

Жыраулар мұрасында қоғам, өмір, адам бойындағы, іс-әрекеттеріндегі жақсы, жаман қасиеттер халықтық эстетиканың таным өлшемінің белгісі ретінде көрінеді. Өмір мұраты, уақыт бедері, тұрмыс сырлары да танылады. Бастысы, әрине қайсыбір жыр жолдарына, өлең-толғауларға, толғам-толғаныстар сырына ден қойсақ та, ақыл-парасат нұрын, өмір тағылымдарын, жан-жүректің сырын, көңіл толқындарының терең мәнді иірімдеріне кезігеріміз хақ. Білім-ғылым мәні, ақыл-парасат нәрі, жақсы-жаман орны да өмір тағылымы, уақыт бедері аясында нақтылы көрініс табады. Оны, әсіресе ақын-жыраулар мұрасында, **Шалкиіз** былай береді:

*Жақсының жақсылығы сол болар,  
Жаманменен бас қосып,  
Сөйлемекке ар етер.  
Жаманның жамандығы сол болар,  
Сөйлесе дәйім бетін қара етер.  
Бір жақсыға басын қосып сөз айтсаң,  
Сол жақсы жамандығын жақсылыққа  
жыр етер,  
Бір жақсыға басын қосып сөз айтсаң,  
Сол жаман сырын сақтамай,  
Әрдайым дұшпаныңа әр ісіңді қор етер...  
Жақсылардың өзі өлсе де, сөзі сау...  
Ойлап тұрсам жаманның  
Жалындаған өз басына тілі жау.*

### **Ақтамберді:**

*Білімді туған жақсылар -  
Аз да болса көппен тең.*

**Шал:**

*Жақсының айтқан ақылы –  
Қазулы сары жолмен тең...  
Жамандар өзін-өзі зорға балар,  
Бір өзінен басқаны өзінен төмен санар.  
Жақсылар ағын судай, асқар таудай,  
Жаймалап қайта жақсы орын алар.*

**Ақтамберді:**

*Жаман болса жолдасың,  
Астыңнан өткен сызбен тең...  
Жаман туған жігітке,  
Рахатты күн бар ма...,-деп жүйелі жеткізеді.*

Жыраулардың өлең-толғауларында қоғамдық құбылыстар мен кезеңдік көріністер, адами сапа мен еңбек мұраттары, өмір-уақыт шындықтары, дәстүр мен дін, хан мен халық, жас пен кәрі, ел мен ер, бай мен би, ән мен күй, тұрмыс-тіршілік иірімдері кең орын алады. Осыған қатысты кеше-бүгін байланысының айшықты-нақышты тұстары, бедерлі бейнелері, көркем теңеулер мен сырлы суреттер, өрнекті ойлар мен образ-символдар, салыстыру-салғастырулар көптеп кездеседі. Мысалы,

**Асан:**

*Ашу-дұшпан, артынан  
Түсіп кетсең қайтесің  
Түбі терең қуысқа.*

**Шалкиіз:**

*Сен алтынсың - мен пұлмын,  
Сен жібексің - мен жүнмін.  
Сен сұлтансың - мен құлмын  
Сен сұңқарсың - мен құмын.  
Боз сазаны тоқтыдай  
Балығы таудай тулаған.  
Бақасы қойдай шулаған.*

**Доспамбет:**

*Туган айдай нұрланып,  
Дулыға кидім өкінбей.*

**Шал:**

*Ашу - дұшпан болғанда, нәпсі- жауың,  
Ақыл - тұрған алдында асқар тауың.  
Шешен сол-сөйлер сөзден қан алмаса,  
Жақсы сол - істер ісін тамамдаса,  
Иман- қой, ақыл-қойшы, нәпсі - бөрі  
Кәрілік - күлге аунаған қотыр бура.*

**Жанак:**

*Ат-биеден туады, алып - анадан,  
Ел- агадан азады, тон-жагадан.  
Қатын ерден үлгі алар, іні агадан.  
Қайғы теңіз, көз жасы-сел болған кез,  
Хан-қақпа, халық-қазына*

*Шешен - шеңбер болғанда, би таразы.*

*Ән - сәнің, күйің - көркің, ақын-жорғаң...*

Ақиқатында, жоғарыдағы жолдардан жай ғана салыстыру, құбылыс мәнін ашу мақсат етілмеген. Керісінше, нақтылы көрініс, құбылысқа айқын ой, бедерлі бояу, маңызды мазмұн беру терең танылады. Ақыл-нақыл, өсиет сөздерден адам мұраты, өмір мәні, уақыттың бағасы мен салмағы көрінеді.

Жыраулар мұрасында адамның өмір кезеңдері, әрбір жастың белгі ерекшеліктері, ол қасиеттердің қоғамға, ортаға үлес, салмақтары терең танылады. Бастысы, адам мұраты мен еңбегі, өмір мәні айқындалады:

**Бұқар:**

*Бірінші тілек тілеңіз,  
Бір аллаға жазбасқа.  
Екінші тілек тілеңіз,*

*Ер шұғыл пасық залымның  
Тіліне еріп азбасқа...  
Жиырма деген жасыңыз,  
Ағып жатқан бұлақтай.  
Отыз деген жасыңыз,  
Жарға ойнаған лақтай.  
Қырық деген жасыңыз,  
Қайғылы, мұңлы күн екен.  
Сексен деген жасыңыз  
Қараңғы тұман түн екен.  
Тоқсан деген жасыңда  
Ажалдан басқа жоқ екен.*

**Көтеш:**

*Кәрілік жылы - жұмсақ ас жарай ма,  
Қазы, қарта, жал, жая бас жарай ма?  
Кәрілік мұның бәрін жақтырмайсың,  
Үйген топырақ, қалаған тас жарай ма?*

**Шал:**

*Елу - ердің жасы екен,  
Алпыс - бір сұмдықтың басы екен.  
Жетпіс келді жетелеп,  
Сексен келді бүйірден,  
Қалдырып кетті үйірден.  
Тоқсан, сен таман жастық соры екенсің,  
Сүйегің қартайған соң бор екенсің.  
Тоқтының баласына әлің келмей,  
Балаңның баласына қор екенсің.*

**Абыл:**

*Жарлылық құрысын,  
Әйтсе де кісі өлмейді.  
Кісі өлмегенмен ісі өнбейді.  
Кәрілік бәрінен де жаман екен.  
Адамды ұрмай-соқпай кісендейді...*

Ақын-жыраулар мұрасында қанатты сөз бен даналық ойға, таным негіздері мен шындыққа сыйымды көріністер, ұтымды жолдар мол. Осы тақырыптағы шығармалар қоғам, өмір, уақыт шындығын өлең сөздің өзегі ету арқылы белгілі, күнде кездесетін көрініс - құбылысты көркем, нақты жеткізуімен ерекшеленер еді. Әрі әрбір ақын-жырау қайсыбір тақырыпты сөз етсе де өмір тәжірибесін, уақыттың сыр-таңбасың тап басып нанымды, жеңіл жеткізеді. Бұдан байқалатыны: ұлт пен ұрпақтың мәні мен қамы, өмір-уақыттың бедерлі белгісі, сыр-сипаттары терең көрініс береді. Ата-ана қадірі, ұл мен қыз сипаты, ене мен келін қарым-қатнасы, жақсы-жаман орны, жастық пен кәрілік мәні де бар қырынан көркем, нанымды ашылады:

### **Үмбетей:**

*Ұл он беске келгенше,  
Қолға ұстаған қобызың  
Ұл он бестен асқан соң,  
Тіл алмаса доңызың...  
Кісіні көрсең есікке,  
Жүгіре шық кешікпе.  
Қарсы алмасаң мейманды  
Кесір болар несіпке!  
...Кетеген болса түйең жау  
Тебеген болса биең жау.  
Ұрысқақ болса ұлың жау,  
Керіскек болса келінің жау.*

### **Бұхар:**

*Қызда қылық болмаса,  
Құр шырайдан не пайда...  
Екі жақсы бас қосса,  
Санат емей немене...  
Ер жігітке жарасар,  
Қолына алған найзасы...  
Қыз он беске келгенде,*

*Шашынан көп жаласы...  
Жаманнан жақсы туса,  
Жақсыдан жаман туса,  
Тартпай қоймас негізге.  
...Құм жиылып тас болмас,  
Құл жиылып бас болмас,  
Екі жақсы қас болмас,  
Екі жаман дос болмас,  
Екі жақсы дос болмас,  
Дос болса түбі бос болмас.*

**Көтеш:**

*..Ана тілін алмаған арам ұлды,  
Аузы түкті кәпірден кем деменіз -.  
Ана тілін сыйлаған адал ұлды,  
Хат оқыған молдадан кем деменіз.*

**Шал:**

*Ата-ананың қадірін,  
Балалы болғанда білерсің.  
Дәулетіңнің қадірін  
Мал кеткенде білерсің.  
Маңайдағы дұшпанды  
Түн жеткенде білерсің,  
Қона берсең жерің тозар.  
Шаба берсең елің азар,  
Жасай берсең ерің азар,  
Ерің азған кезінде елің азар...  
Ханнан тақыт таярда,  
Қараша жұртпен қас болар.  
Байдан бақыт таярда  
Дәулетіңе мас болар.  
Кәріден абырой таярда,  
Аңдығаны ас болар .  
Жетесіз туған жігіттер,  
Жиырма бесте жас болар. ...*

*Келін жақсы болса ,  
Үйіне көп кісі келеді.  
Келін жаман жаман болса,  
Келген кісі кеткісі келеді.  
Ас құй десең төккісі келеді.  
Төкпей құй десең сөккісі келеді.  
..Кәрі өлсе соққан дауыл тынғандай-ақ.  
Жас өлсе бәйтерек сынғандай-ақ...*

Ақын-жыраулар қыз бен жігіт, әйел сипатын т.т. тақырыптарды сөз еткенде адам өмірі мен кезеңдерін, олардың ұл мен қыздың, әйелдердің. әрбір отбасы үшін орның, қадір-қасиетін, ең негізгісі - адамдық-имандық қырларың, ой-сезімге әсер етер көркем де сұлу келбет-мүсін, жаратылыстарын, түр-тұлға т.т. барынша көркемдікпен, кемелдікпен суреттейді. Адам әлемін, өмір мәнін әр қырынан нанымды сипаттайды:

### **Шал:**

*Жиырмаға келген қыз кәрі болар,  
Өңі кетіп, шырайы сары болар.  
Ер елуге жетсе де айыбы жоқ,  
Әр уақытта біреудің жары болар...  
Бір жігіт бар - құр жан  
Бір жігіт бар - тірі жан.  
Бір жігіт бар - жігіт жан.  
Құр жан дейтін жігіт –  
Кеудесінде жаны бар, еш нәрсені бітірмейді,  
Тірі жан дейтін -  
Бар тапқанын киім мен асқа сатар.  
Қызыл белбеу, шонкима етік, үкі тағып,  
Әркімді бір сықақ қылар.  
Жігіт жан дейтін жігіт –  
Сегіз қырлы, бір сырлы болар.*

### **Абыл:**

*Жігіттік - өтер, кетер бір қызыл ГҮЛ...*

Жыраулар шығармашылығында ер қанаты - ат орны мен жылқы сипатына да зор маңыз берілген. Тұлпар туралы халық айтқан: "Жылқы - малдың патшасы", "жүзден - жүйрік, мыңнан - тұлпар", "Адам жылқы мінезді", немесе: "Жарым - жылқы, жүйрік ат - салған әнім" деп ақын .І.Жансугуров. айтқандай, ақын-жыраулар қазақтың қадірлі басты байлықтарының бірі - жылқыны үстірт сөзбен, сырттай қызығушылықпен суреттемейді, керісінше азамат, батыр мінер арғымақты мінсе - көлік, шапса - тұлпар, ал қымызына сусын ретінде қараған, қысқасы адам өмірімен, тағдырымен етене құбылыс ретінде таниды. Сондай-ақ, аттың бабы мен сынына қатысты әр кезеңдегі (Кей -қауыстың ҮЛГІСІ - ХІ ғ.; Күреңбай сыншы - ХІХ ғ.; Абай үлгісі - ХІХ ғ.; Киікбай, Шоқай тәжірибесі - ХІХ ғ.) сипаттарын да аңғарар едік (Қараңыз: Ж.Дәдебаев. "Тұлпардың сыны мен бабы", 1994. - 16-бет; Б.Қайратұлы. Қазақтың атбегілік өнері. - Нұр - Сұлтан, 2019. - 400 бет, т.б.). Осы орайда, әсіресе **Доспамбет:**

*Арыстандай екі бұтын алашайтып,*

*Арғымақ мінген өкінбес...*

*Торы төбел ат мініп,*

*Той тойлаған өкінбес.*

### **Ақтамберді:**

*Күлдір де күлдір кісінетіп,*

*Күреңді мінер ме екенбіз...*

*Ор қояндай жүгінтіп,*

*Аш күзендей бүгіліп,*

*Жолбарыстай шұбарды,*

*Таңдап мінер ме екенбіз ...*

*Тобылғы сапты қамшы алып,*

*Томар мойын ат мініп,*

*Қоныс та қарар ме екенбіз...*

*Атты мінсең зорды мін,*

*Биік біткен теректей...*

## **Шал:**

*Ат сұлу, айғыр мықты жалыменен...*

*Бәйге алмаған жүйріктен,*

*Белі жуан бесті артық...*

Ақын-жыраулар мұрасында жалпы адамзаттық, ұлттық мәселелер де, дүниетанымдық, пәлсапалық туындылар да мол. Олардың табиғатынан ата жолына, дәстүрге адалдық, сондай-ақ бірлік пен елдік белгілерді, ақыл-ой, парасаттылықты тең ұстау т.т. бүгінгі күні де аса қажет, кәделі тақырыптар кең орын алған. Адам мұраты ардақталып, өмір, еңбек мәні айқындалады.

Ой мен сөз жүйесін аталмыш тақырыптар төңірегінде өрбітсек, Асан ата шығармашылығында - Жәнібек, Бұқар, Үмбетейде - Абылай, Марғасқада - Есім, Махамбетте - Жәңгір, Шалкиізде - Темір секілді би, хандардың адами-имандық, өмірдегі, жорықтағы орны жан-жақты көрініс тапқан. Сондай-ақ, бейнелеу, суреттеу әдістерінде қаһармандық, романтикалық, сатиралық та компоненттер. Шалкиізде - Би Темір әрекеті, Бұқар, Үмбетейде - Бөгембайды суреттеу т.т. кездеседі. Бұл кезеңдердегі "Әй, заман-ай, заман-ай", "Ай, Абылай, Абылай", "Ай, хан мен айтпасам білмейсің" деп басталатын сөздерден адамға, кезеңге қаратып тіл қату, өмір шындығын ашу мақсаты айқын аңғарылады. Өлең-толғаулардың басталуы (көбінде алғашқы жолдары) жиі-жиі қайталануы да назар аудартады (мысалы, Қазтуған - "Алан да алаң, алаң жұрт", Доспамбет - "Сөре, сөре, сөре қар", "Тоғай, тоғай, тоғай су", Шалкиіз - "Жел, жел, өсер, жел, өсер", "Асқар, асқар, асқар тау", "Ор, ор қоян, ор қоян", Ақтамберді - "көк көгершін, көгершін", "Балпаң, балпаң басарсың", "Күлдір, күлдір кісінетіп", т.т.).

Ақын-жыраулар мұрасында дүние дидары, уақыт пен кеңістік, ғалам ғажаптары, зат пен құбылыс, өмір көріністерін, т.т. айқындау мақсатында қолданылған сөз, тіркестер де көркемдік-тәсілдік міндеттерін даралай түседі: "Қоңыраулы найза қолға алып" ("Доспамбет"), "Боз жусан" (Асан), "Еңсесі биік боз орда" ("Доспамбет"), "Ақ мамығын таранған" (Асан),

"Ақ кірпіш тас суда бар" (Бұқар"), "Ақ киік ақ ала тау" (Шалгез), т.т...

Ал, ақын-жыраулар поэзиясындағы ел билеушілер – хандар бейнесі, оның бүтін болмысы мен ұстанымы, тұлғалық ерекшеліктері жеке зерттеу жүйесіне айналды ( Бораш Б. Фольклор мен ақын-жырау поэзиясындағы хандар бейнесі. Монография. - Алматы: Білім, 2007. – 512 бет).

Бұдан басқа, атап айтқан жөн: « ХҮ ғасырдың ортасынан бастап, әртүрлі саяси атаулардың орнына бір ғана саяси термин – Қазақ хандығы атауы орнығады. Бұл атау ХҮІІІ ғасырдың басына дейін Қазақстан аумағындағы жалғыз мемлекеттің атауы ретінде қолданыста болады.

...ХҮ – ХҮІІІ ғасырлар аралығын қамтыған Қазақ хандығы дәуірі Қазақстан тарихында ерекше орын алады. Осы дәуірде ұлттық сана өсіп, халықтың өзіндік, тек өзіне ғана тән ерекшеліктері айқындалады. Тіліміз түрк тілдер тобы ішінен оқшауланып, ұлттың тіліне айналады. Халқымыздың тарихи санасында өшпестей із қалдырған атақты хандар мен сұлтандар, батырлар мен билер, бектер мен әмірлер, ақындар мен жыраулар, ишандар мен абыздар осы тарихи дәуірде өмір сүреді. Ерлік пен елдікті паш еткізген небір айтулы тарихи оқиғалар осы дәуірдің еншісінде жатыр» (Кәрібаев Б. Қазақ хандығы – қазақ халқының ұлттық сипаттағы төл мемлекеті. Кітапта: Ұлт мұраты (жинақ). - Астана, 2014. – 81, 84 беттер).

Демек, ақын-жыраулар шығармашылығындағы тақырыптық арна, көркемдік келісім, үйлесім иірімдерінен сол кезеңнің шындығын, сырын сезінумен қоса бүгінгі әдебиет қозғалысынан сирек кездесетін адами-имандық белгілерді, биік азаматтық тұғырды, әлеуметтік-қоғамдық мәселердің ара-жігін, сондай-ақ, білек пен бедел, залым мен зиялы, жомарт пен сараң сипаттары, дос-дұшпан, жақсы-жаман, ер-әйел, қыз-жігіт, т.т. түйінді ой, жүйелі сөз, тәлімдік өнеге-үлгісінде жеткізіледі. Біздіңше, мұның қалың көпшілікпен қоса мәдени-ағарту саласы қызметкерлеріне, оқушы-студент жастарға, т.б. берер дерегі көп, әрі тәрбиелік-тәлімдік мәні де бар.

Ой мен сөз жүйесін тарихи таным тағылымдарымен сабақтасақ -Түрік қағанаты, Оғыз-қыпшақ дәуірі, Қарахан мемлекеті мен Алтын Орда кезеңінен бергі уақттарда жылы ағыстай ескен леп (әңгіме көркемдік таным туралы) ХІХ-ХХ ғасырларда да желі-арнасын бұзбастан жаңа тұрпат, соны ситаттарымен жалғасын тапты. Айталық, ақын, әрі батыр Махамбет еркіндік, тәуелсіздік талаптары жолында басын бәйгеге тіксе, Дулат шығармашылығында адам мен оның іс-әрекеттері философиялық ой-толғаммен жалғасты. Мұрат, Шортанбайдың рухани әлемінен елдік пен ерлік ісі, бірлік, береке жәйі т.т. терең тебіреніс, толғаныстармен жеткізіледі.

ХІХ ғасырдағы қазақ ағартушылары - Шоқан, Абай, Ыбырай т.б. қоғам мен халық тарихын, қазақ өмірі мен салт-дәстүр, өнегелерін, оқу-білім, өнер жолын, тәлім-тәрбие жүйесін, тарихи кезең, өзгерістерді, т.т. өмір кезеңіне сай саралап, ғылыми-философиялық тұрғыдан терендетті. "Шоқан Уалихановтың, Ыбырай Алтынсариннің, Абай Құнанбаевтың, Шәкәрім Құдайбердиевтің ағартушылық және әлеуметтік-саяси идеяларының қазақ халқының жаңа тарихи дәуірінде алар орны айрықша - деп жазады философ Т.Айтхазин.

– Олар қазақтардың мәдени тарихына терең бойлап, сусындап, оның ішінен асыл маржаңдарын, әсіресе ауызша шығармашылықтарды (халықтың нақылдары, қанатты сөздері, өсиет сөздері және т.б.) жоғары ізеттілікті, салт-дәстүрлерді, жол-жоралғыларды қабылдап ала білді. Қазақ халқының психологиясына тән қайырымдылық, ізгі ниеттілік, басқа біреудің қайғы-мұңына ортақ болушылық, ауыр жағдай басқа түскенде үлкен-кішінің, ауыл-аймақтың, ағайын-туыстың бірдей қатысуы сияқты жақсы қасиеттерді олар көре білді. Сондай-ақ, ұлттық салт-дәстүрлеріміздің басқа халықтардан басқа айырмашылығы неде деген сауалдарға жауап іздей келе мұны қазақтардың мұраттарымен тікелей байланыстырып зерттейді. Қазақ халқының ұлттық сана-сезімін, қоғамдық болмысын, өмірлік мұраттарын қалыптастыруда нені ескеру керек, неден қашық болуы керек,

соны алға тартады "(Қазақтардың мұраты.- Алматы, 1994.- 69 бет).

Ал, XX ғасырдағы ақыл-ой корифейлері - А.Байтұрсынов, Ш.Құдайбердиев, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов т.б. қоғам құбылыстары мен кезең көріністерін, мемлекеттік құрылыс пен ұлттық мәселелерді, адам өмірі мен мұратын т.т. кең көлемде қарастырады. Демек, "...қазақ ақын-жыраулардың дүниетанымы, философиялық ойлары төл философиямыздың қалыптасуына бірден-бір рухани негіз бола алады.

Олардың айтқан жыр-толғауларында тарих һәм шындығы, адам, қоғам, өмір, уақыт, табиғат мәселелері ерекше орын алады.

Қазақ ақын-жырауларының шығармалары халық ауыз әдебиетімен, көшпелілердің әдет-ғұрып, салт-санасымен тығыз байланысты болып, бар болмысында ойлы философиялық, тарихи сабақтастық принциптері қатар жүріп отырады"(Қасабеков А.,Алтаев Ж. Қазақ философиясының тарихына кіріспе. -Алматы, 1994.- 131 бет).

Ақиқатқа тура қарасақ, сөз өнеріміз тарихына ақын-жыраулар мұрасы болып қосылған әсемдік әлем иірімдерінің маңыз-мәні,оны оқып-үйрену мен зерттеп-зерделеудің қажеттілігі, жаңа бағыттары қандай?

Біздіңше, әлеуметтік-қоғамдық жағдаяттарға, кезең-уақыт сырларына бүгінгі КҮН талаптары тұрғысынан қарап,танып-талдау аса маңызды;

Екіншіден, Ата Заңымызда атап көрсетілгеніндей, қазақ халқы: "...өзін демократиялық, зиялы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазынасы" болғандықтан, Адам мәселесін,өмір- тұрмыс,дәстүрлерін, дүниетаным қырларын кең көлемде қарастыру қажет те кәделі іс;

Үшіншіден, Қазақ Ордасының негізін қалап, оны нығайту ісінде есім-еңбектері құрметпен аталынатын - Керей, Жәнібек,

Мұрындық, Қосым, Бұйдаш, Тақыр, Хакназар, Тәуекел, Есім, Тұрсын, Жәңгір, әз-Тәуке, Әбілмәмбет, Абылай, т.б. халықты басқару жүйесі мен жорық-соғыстағы қимыл-қозғалыстары, елдің амандығы мен жердің бүтіндігі жолындағы іс-әрекеттері, адами-имандық қырлары, олар туралы айтылып-жазылған мұра-мирастардың т.т. өз деңгей-дәрежесіне лайық сыр-сипатын ашу керек;

Төртіншіден, Алаш елі мен қалмақ (ойрат) жұрты аралығындағы екі ғасырлық соғысты, "ақтабан-шұбырынды" кезеңін, орыс отаршылдығы мен оның зардаптарын бүгінгі күн биігінен танып-таразылап, әділеттілік тұрғысынан бағалау, зерттеп-зерделеу кәделі де сауапты жұмыстардың бірі;

Бесіншіден, XV-XVIII ғ.ғ. аралығындағы ел бірлігі мен татулығын сақтау мақсатынан туған- «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», әз-Тәукенің "Жеті жарғысы", Билер институтының маңыз-мәні, Кіші жүз ханы Әбілқайырдың өзін және қол астындағы ел-жұртын Ресей бодаңдығына алуын өтініп жазған хаттары (императрица - Анна Иоановнаға - Р.Т.), Қазақ хандығы мен Цин империясының (1741-1811) ресми хаттары, бұдан басқа Шығыс өркениеттерімен қарым-қатнасын айғақтайтын дереккөздері, дипломатиялық байланыстар жүйесі, Сәмеке хан, Нұралы сұлтан, Бопай ханым хаттары мен Орта жүз ханы Әбілмәмбеттің, Орта жүз сұлтаны Абылайдың, басқа да батыр-билердің Анттары мен Ресей құрамына енудің кезең-кезең арқылы жүзеге асыруылын танып-талдап, сол арқылы ұлт тарихына, қазақтың қоғамдық ой-санасына, дәстүр арналары мен дүниетаным иірімдеріне ден қою, нәтижесінде кеше-бүгін байланысын ашу, сабақтастық сырларына мән беру ғибратты да тағылымды болып табылады;

Алтыншыдан, Қазақ хандығы кезеңін-Батыс пен Шығыс өркениетімен байланыста зерттеп-зерделеу, алыс-жақын елдердің оқымыстыларының (мысалы, В.В.Радлов, С.Е.Малов, П.М.Мелиоранский, Н.И.Ильминский т.б.) айтып-

жазып қалдырған дереккөздерімен, негізгі еңбектерімен сабақтастықта сөз етудің қазіргі кезеңде де маңызы зор;

Жетіншіден, осы кезең шығармашылығын (ХҮ-ХҮІІІ ғ.ғ.) оқып-үйрету ісінде өлең-толғау жанрына, мәтінге (текст) ерекше көңіл бөлу, ақындық өнерге, ондағы өршіл де сенім-серпінге, ұлттық дәстүр-өнегелеріне, т.т. назар аудару арқылы кезең, оқиға, тақырып табиғатына үңілу негізгі мұраттардың бірі. Өйткені, ақын-жыраулар: «...хандық дәуірдегі қазақ әдеби тілінің сөз байлығы, ХҮ-ХҮІІІ ғасырдағы қазақ әдебиеті, оны танытатын нұсқалар туралы айтарлықтай материал (дерек) береді» (Р.Сыздықова. Қазақ хандығы және қазақ әдеби тілі. - «Қазақ әдебиеті», 2015, 5 маусым).

Сегізіншіден, ақын-жыраулар поэзиясындағы қоғам, уақыт сырлары, өмір шындықтары, ұлттық дәстүр-үлгілері, адамдар арасындағы қарым-қатыныстар, ой-сөз жүйелері, сезім мен саз үндестігі, тіл мүмкіндіктері, қысқасы көркемдік-эстетикалық қуатын, танымдық мәнін, поэтикалық өлшем, өрнектерін әдебиет тарихы мен теориясы тұрғысынан талдап, жаңашыл бағыт-үрдістерді зерделеу басты міндеттерді құрайды;

Тоғызыншыдан, қазақ әдебиеті тарихындағы ақын-жыраулар мұрасын ұлт руханиятының қайнары, елдік құндылықтарымыздың бірегей нұсқасы ретінде танып, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының құрамдас бөлігінде қарастырып, тақырыптық мәнін, жанрлық-көркемдік қырларын жаңа бағыт, талаптар тұрғысынан танып, зерделеу аса мәнді;

Оныншыдан, ең негізгісі Қазақ хандығы тұсында жасаған, ұлттық сөз өнеріне өлең-жыр, толғау сынды мәңгілік мұра қалдырған-ақын-жыраулар шығармашылығы кеше-бүгін байланысын нығайтып, мәдени-рухани арналарға кең өріс берді. Ақын-жыраулар қоғамдық құбылыстар мен болмыс бедерін, адам мұраты мен еңбегін, өмір өнегесі мен уақыт шындықтарын тақырыптық һәм көркемдік өрнектерімен байытты. Ұлт руханиятының көркемдік кеңістігін - өлең-жыр, толғаулардағы әсем әуез, жүйелі сөз, еркін ой, өршіл рух,

мадақ жыр, бейнелі өрнек, ділмәрлік пен тәлімдік, шеберлік пен шешендік, тапқырлық пен салыстыру, қысқасы сырлы әлемнің әр алуан үздік үлгілерімен, өнегелік-ғибраттық терең мәнді қырларымен толықтыра түсті.

Жинақтап айтқанда, ХҮ - ХҮІІІ ғасырлардағы әдебиетте (жыраулар поэзиясы) Қазақ хандығы құрылып, дербес мемлекеттілік нығая түскені кеңінен көрініс береді. Қоғамның даму бағыты айқындалып, халық мәдениеті әр қырынан таныла бастады. Анығында: «Қазақ хандығының дербес өмір сүруіне байланысты бұл тұста оның әдебиеті, әдеби тілі қалыптасуға бет алды. Ілкі шығармаларда жоқтау сияқты салт жыры, ертегі-аңыздар басымдау болса, кейін жеке адамды дәріптеген туындылар көбейіп, әдебиеттің мақсаттары айқындала бастады. Әуелі қиял-ғажайып аңыздар туды, онда адам баласының әр түрлі ғаламат күштерге қарсы күресі бейнеленді, кейіннен шет ел шапқыншыларына қарсы тұрып, ерлік көрсеткен батырлар аңыз етіледі. Бұл жағдай тарихи сюжеттерді өмірге әкеледі. Ертедегі хандық мемлекеттердің жойқын шабуылдары батырлық сюжеттердің тууына жағдай жасады. Қолбасы батырлар не хандар дәріптеліп, олардың қаһармандық бейнелері жасалады. Эпостық жырлар пайда болады. Халықтық туындылардың ол бастағы шығарушылары шешендер мен жыраулар еді» (Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқулық. - Алматы: Санат, 1997 - 220 бет).

Бұдан байқалатыны, қазақ әдебиеті тарихының арналы да құнарлы саласы – ақын-жыраулар поэзиясы қоғамдық жағдай мен кезеңдік көріністерден өзге, адам әлемін, өмірі мен еңбек мұраттарын, дәстүр мен дін, тарих пен таным арналарын, ел-жер жайын, дүние дидарын, уақыт пен кеңістік мәнін, дос-дұшпан, жақсы-жаман қатнасын кең көлемде сөз етті. Бастысы, ақын-жыраулар поэзиясында өлең-жыр, арнау, толғаулар көптеп кездесіп, оның өзі қоғамдық Іһәм кезеңдік көріністерді кең көлемде жырлап, жан-жақты сөз етті. Атамекен, ел-жер тарихы мен тағдыры, дәуір дидары, тарихи оқиғалар мен танымал тұлғалар бейнесі, көшпенділердің

болмыс бедері, адам мұраты мен орны, әдет-ғұрып, мінез-құлық сипаттары сенімді де серпінді суреттеледі. Ш.Уәлиханов айтқандай, «көшпенділер философы» - Асан қайғы Керей, Жәнібек хандардың ақылшы Һәм беделді биі болып, елдік рухты көтерді, Жорық жырауы – Қазтуған ел-жер жәйін, бірлік-ерлік мәселесін кеңінен қозғады. Халық өмірін, болмысын рухты толғауларымен жан-жақты жырлады. Бұдан басқа, Шалкиіз, Жиёмбет, Марғасқа, Ақтамберді, Бұқар мұраларында Дәшті – Қыпшақтың қилы кезеңі мен тарихы, талайлы тағдырлары заман шындығына сай жырланып, елдік-ерлік дәстүрлері, өмір тағылымы, адам мұраты мен еңбегі, азаттық пен бостандыққа құштарлықтары, дүниетаным арналары, этикалық қағидаттары, өршіл мұраттары кең орын алып, өзіндік мәнерімен көркемдік шешім табады.

## ҚАРАҚАЛПАҚ АЙМАҒЫ ҚАЗАҚ АҚЫН-ЖЫРАУЛАРЫ

Қазақ халқы қай жер, қай елде ғұмыр сүрсе де, сол мекенде жасаған кездерінде туған әдебиетінен көз жазып қалмай, өзі өскен ортасын, көркем сөз арқылы, адамдық тарихи тағдырын тебірене жырлады. Сөйтіп, қазақ әдебиеті аталатын әдебиетті тақырып, мазмұн жағынан байытқаны анық.

Әдеби орталық, дәстүр сөз зергерлерінің белгілі бір ортада шығармашылық дәстүрін қалыптастыруынан, өзінен соңғыға үлгі болуымен қалыптасып жетілді. Мәселен «. . . Жетісу аймағындағы Сүйінбай бастаған импровизатор ақындар тобы; Семей алқабындағы Абай өнегесінен өрбіген жазба әдебиет дәстүрі; Арқадағы Біржан, Ақан, Балуан Шолақ т.б. арқылы танылатын әншілік салт; Сыр бойының прогресшіл Шығыс үлгісіндегі ақындар ортасы; Қазақстанның батыс өлкесіндегі Асан, Сыпыралардан тараған ақындық, жыраулық, жыршылық дәстүр – бұлардың барлығы телегей теңізіндей халық әдебиетіне құятын арналы әдеби бастаулар. Мұндай дәстүрлі әдеби орта тек қазақта ғана емес, орыс, қырғыз, өзбек, қарақалпақ т.б. елдерде де болғандығын» (Сыдықов Қ. Ақын-жыраулар. – Алматы: Ғылым, 1974, 7 б.) әдебиеттану ғылымы зерттеулерінде анықталып отыр. Сонымен бірге, өзі туыс, әдебиеті туыс, халықтар әдеби ортаны жасады. Олар туған елінің әдеби ортасы мен әдеби дәстүрлеріне иек артып, оған арқа сүйеп, туысқан ұлт әдебиетінің дәстүрін жатсынбай, жақсысын қабылдап, шығармашылығын ілгері жалғастырып дамытады. Міне, сондай әдеби орта, әдеби дәстүрі бар жер - Қарақалпақ аймағы.

Қазақ, қарақалпақ әдебиеті тарихын, фольклорын, тілдік ерекшеліктерін зерттеушілерінің назарына сәтті іліккен Қарақалпақ аймағы қазақтары арасынан шыққан сөз өнері, ақын, жыраулар шығармашылығы – өзіндік әдеби ортасын және көркемдік даму дәстүрін көрсететін ірі-ірі белгілерге ие:

Қарасай Қалиұлы 1848 жылы Маңғыстау аймағының «Саматай» деген жерінде дүниеге келген. Қарасайдың 5-6 жастар шамасында үй-іші Қоңырат ауданындағы «Қызылжар» мекеніне көшіп келеді. Қарасайды әкесі ән мен күйге, жырға жастайынан баулыған. Қалидың өзі домбырашы, әнші, сері жігіт болған екен. Қарасайға домбыраны өзі үйреткен. Ол ел ішіндегі ән, күй, термелерді зердесіне құйып, әрі жаттап өседі. Күй мен термешіліктің, толғаудың бір-біріне жуықтық сырын ұғынады. Әншілік өнеріне біршама жақындайды. Қарасай есейе келе Аққиіз, Ерман жыршыларға шәкірт болып ереді. Олардың айтқыштық, термешілік жолын игереді. Үйренгендерін репертуарына тұрақтандырып, өрісін кеңейтеді. Қарасайдың бұған көңілі толмай, атақты жырауларға шәкірт болып, белгілі жыраулар мектебінен өтуді армандайды. Оны сол арманы Хорезм ойпатына аты шыққан, даңқты жырау Дүйсенбайға алап келеді.

Қарасай Дүйсенбайдан «Қобыланды батыр», «Қалмамбет», «Алпамыс» сияқты эпостық жырларды үйренген. Ол жырларды репертуарында берік сақтаған. Ақын-жыраулық тәжірибесі кемеліне келгенде аңыз-ертегілерді жырлап, баяндап кете беретін деңгейге биіктеген.

Әйгілі қарақалпақ жырауы Нұрабылла мен Қарасайдың достығы шынайы көңілмен жалғасқан. Оны Қарасайдың Нұрабыллаға айтқан терме-толғауынан көруге болады.

Одан әрі сұрасаң,  
Алладан ұрыс сұраған,  
Жеріне келген дұшпанның,  
Мойындарын бұраған.  
Қанын судай ағызған,  
Қаракыпшақ Қобыландыны айт,  
Бәрін айт та, бірін айт.  
Нұрабылла, шырағым,  
Қарасайдан қалған сөз.  
Ел қорғаған ерлерді айт,

Ерлердің ерлік жырын айт (Жұмажанов Қ, Төрткүлбаева Т. Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жырауларының мұрасы. Оқулық-хрестоматия. – Алматы: Дәстүр, 2017 ж- 14 б.) – деген.

Нұрабылла мен Қарасайдың арасындағы достық қарым-қатынас, шығармашылық байланыс қос халықтың туыстығын, бауырлас өскенін көрсетеді. Мәселен, Қарасай Нұрабыллаға:

Достық деген даңғыл жол,  
Тап бола бермес әркімге.  
Қашық жолда жүрерге,  
Тұрақты туған ер керек.  
Нар жігіт берік ұстаған,  
Достық жібі үзілмес.  
Жақсы тілек кесілмес,  
Баянды болса достығың.  
Құламайтын тұрағың,  
Баянсыз болса достығың,  
Өткені дей бер ғұмырың.  
Ел бұзар сөзге жолама,  
Нұрабылла бауырым.  
Зерделі болса құлағың,  
Алтын алма, алғыс ал,  
Халқыңнан қалған асыл сөз,  
Достық деп соқсын жүрегің,

Өсиетім, шырағым (Сонда, 12 б.) – депті. Нұрабылла да қыл қобызды күңіренге тартып, ой мұхитына тереңдеп отырып:

Айтқанда сөзің аңсадым,  
Құлақты қойып тыңдадым,  
Асылы жаман адамның,  
Мақсаты болар жамандық.  
Достарды құртар арамның,  
Болмасын жолы әрқашан,  
Жақсылық жолын тілеген,  
Халқымның сөзі өзімде.  
Достық жырын айта бер,

Қарасай аға, өзің де.

Қабыл болсын тілегің,

Айтылған дана сөзің де (Сонда, 12 б) – деген.

Қарақалпақ аймағы қазақтарынан шыққан ақын, жырау, жыршылары репертуарында «Адай Қарасайдың күйі», «Қарасайдың терме жолы», «Қарасайдың жыр жолы» бар. Қарасайдың заманында тартқан домбырасы жиен қызынан туылған Қартбай Қылышұлы (1930) қолында сақталып келеді.

Ережеп Тілеумағамбетұлы Аманжолов (1890-1963) Қоңырат ауданы, «Малшы» деген жерде туылған. Әйгілі ақын Тілеумағамбеттің тұңғышы. Ол әкесінің домбыра тартқанына, ән-күй орындағанына бала күнінен қызығып өскен. Өнерді әкесінен үйренген. Жиырмадан асқанда белгілі жыршы болған.

Ережеп репертуарын молайту, өзгелерден дараланып тұруы үшін «Қобыланды» жырының варианттық нұсқасын жазып шығарған. Ақын-жыршы Ережеп әке сөзін хадистей жаттап, оған үлкен құрметпен қараған. Әке тәрбиесі арқылы өткен ақын сөзінің түп нұсқасын сақтап елге таратушы болды. Ақын Тілеумағамбеттің көп еңбектеніп, зерттеп өнерге әкелген «Асау-Барақ», «Асқар батыр» атты тарихи жырларын әке жазбасынан жаттап, оны алғашқы болып жырлаған, насихаттаған.

«Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасында» (Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. – Алматы: Ғылым, 1989, - Б. 220-221) және «Ақын-жырауларда» (Ақын-жыраулар. – Алматы: Ғылым, 1979. - Б.137-138), «Қарасай-Қази», «Қобыланды батыр» жырын айтатындығы жазылған. Одан 1960 ж. 30.Х-1.ХІ арасында ғалым Қ.Мақсетов «Қобыланды батыр» жырын жазып алған. Көлемі – 2610 қатар. Жазу машинкасынан «Қобыландының» бірінші хаттамасын Н.Дәуқараев атындағы Тарих, тіл және әдебиет институтының қолжазба қорына тапсырған. Екінші хаттаманы М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтына жіберген.

1962 жылы Т.Қанағатов, Б.Ысқақов, Т.Бекхожина Алматыдан арнайы сапармен Қарақалпақстанға келіп, Хожелі қаласында Ережеппен кездесіп, «Қобыланды батыр» жырын магнитофон таспасына түсіреді. Таспадағы жыр Қ.Мақсетов жазған нұсқамен дәлме-дәл шығады.

Ережеп «Замана түрі», «1916 жыл» терме-толғауларынан өзге «Әлеумет жауап берейін», «Нұсқасыз сөзім жоқ еді», «Өңкей жақсы қосылса», «Жай халыққа сөз берме», «Іздедім сауық тамаша», «Жалғыз шауып бәйге алмас», «Жамағат жақсы қарындас», «Өмірімнің өткелдері» термелерін шығарған. Ол халық термелері негізінде сөз өнеріне келген. Халық, ел, отан амандығы, екінші дүниежүзілік соғыс іздері, бақыт, бақытсыздық, әділдік, ерлік, береке-бірлік, татулық, өнерлілік өлең орамдарына кірген. Ол:

Халық үшін өлсе азамат,  
Пәк болар дейді күнәдан.  
Жақсының несін айтайын,  
Қанша айтсаң да міні жоқ.  
Жаманның несін айтайын,  
Қайда барса да орын жоқ.  
Сақаудың несін айтайын,  
Сөйлейін десе тілі жоқ.  
Жарлының несін мақтайын,  
Берейін десе дымы жоқ.  
Жалғыздың несін мақтайын,  
Алдындағы таяуы,  
Артындағы бояуы,  
Аға да менен іні жоқ.  
Өлгеннің несін мақтайын,

Қайтып та келген бірі жоқ ( Жұмажанов Қ, Төрткүлбаева Т.Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жырауларының мұрасы. Оқулық-хрестоматия. – Алматы: Дәстүр, 2017 ж- 171 б.) – деген. Ережеп мәйіті «Дауіт ата» деп аталатын қорымға қойылған. Төл шығармалары ел есінде.

Таңжарбай Бәкірұлы (1872-1926). Ән өнерінің жүйрігі, сырлы сазды кісі. Туған жері Ақтөбе облысында. Өмірінің

соңында 1920-1924 жылдары Қоңырат атырабындағы ағайын-туыстарына келіп, сол маңда қалып қойған. Жергілікті қазақ ақын-жыршыларына, әншілеріне сөз, ән үйретіп ұстаздық жасаған. «Кенесары–Наурызбай» мен «Қыз Жібекті» түгел айтқан. Оның:

Таңжарбай жыршы етіп атандырдың,  
Жақсымен несібемді қатар қылдың,  
Шебері қызыл тілдің болсам-дағы,

Құдай-ау, айдар малға мәттәл қылдың (Сонда, 18 б.) – деуі тұрмыс халінен хабар береді. 1920-1924 жылдары Қожай Наурыз болыстың, Ержан бидің, Төртқара Ешім бидің, Ардана Қашқын бидің, Қаракесек Полаттың, Қарақалпақ Атамұрат қазының ауылдарында өнер көрсеткен. Ол:

Сұрасаң менің атым, Таңжарбаймын,  
Болсам да малға жарлы, тілге баймын,  
Өкшесі қара етіктің қарыс сүйем,

Болсам да, қасқа кедей қыз таңдаймын (Сонда, 17 б.) – деп, балғын жастығын есіне түсіріп, сөз өнері мен ән өнеріне байлығын білдіреді. Соң ата жұртты аңсаған, сағынған сезімдерін ән қанатына орап:

Сұрасаң қайталаймын – Таңжар атым,  
Елдегі есен бе екен азаматым,  
Елдегі есен болса, азаматым,

Беремін сүйіншіге жалғыз атым (Сонда, 17 б.) – деген. Ел азаматтарын аңсаған әнінде қаншама сағыныш күй барын мәтіннің өзі айтып тұр. Таңжарбай сөздері атымен айтылады. Ол оның авторлығын танытады.

Дәриябай Төребаев (1877-1933). Ертеде, жас кезінде Бесқалаға көшіп келген. Алғаш молда болған. Мектепте бала оқытқан. Халық әндерін және терме-толғауларды ел арасынан жазып алып, түп нұсқасын өзгертпей, әсем, сазды әуенімен жеткізуші, орындаушы болған. Оның мұндай ардақты қасиеті – халық сөзі қалыбының сақталуына қосқан зор үлесі болып табылады. «Мұңдық-Зарлық», «Айым торы», «Қыз Жібек», «Асау-Барақты» жырлаған. Шәкірті – Жақсылық Мамытұлы.

Ақпан жырау Әйтбекұлы (1837-1874). Ол «жыраулық дәстүрді ұстанған» (Асанов Ж.А. Ырғыз, Шалқар өңірі ақындарының әдеби мұрасы (XVIII-XIX 22.): филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияның авторефераты. –Түркістан, 2002. –16 б.) ақын. Одан бізге жетіп келген үш өлеңі бар. Бірі – Ақ патшаның отарлық қысымын көрсететін және әшкерелейтін өлеңі. «Қоныстан ел көшкесін, мына адыра қалғыр үш Ақай, үстінен ел кеткесін, қалғанын қара қуарып» (Жұмажанов Қ, Төрткүлбаева Т. Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жырауларының мұрасы. Оқулық-хрестоматия. – Алматы: Дәстүр, 2017 ж-, 26 б.). Халықтық «Жерге бақыттың қонғаны, үстіне елдің көшіп жеткені, жерден бақыттың тайғаны, қаптап елдің қашқаны» - деген сөзі бар. Ақпан жырау сөзі халық сөзімен үндеседі. Ақпанның ақындық сөзі тарихтың қаралы беттерінен сыр шертеді. Әсіресе, «Бесшоқы мен Балташта «Кешегі өткен заманда, орыстан халық аманда, ертеңгісін кешкісін, домбыра тартқан жер еді-ау, бозбала басын құралтып, арулар өскен жер еді-ау, ақша қудай сылантып, тал шыбықтай бұралтып, сөйтіп өскен жерлерден» . . . (Сонда- 26 б.) көшу, қонысты тастап кету оңай да емес. Туған елмен, жермен қоштасу дәстүрін жалғастырып былай дейді:

Орыстан қысым көрген соң,  
Үдере көшіп барамын,  
Ауыздықпен атты суарып,  
Айналайын, Ұлықұм,  
Тізеден еді-ау құдығың.  
Шұңқырың-бал, қырың-тал,  
Жаз ортасы болғанда,  
Сусылдап тұр-ау шыбығың,  
Ішкенде судың тұнығын,  
Біраз да естен кетер ме,  
Ұлықұм, сенің қылығың,  
Асу-асу белдерім,  
Орыстан қысым көрген соң,  
Аса көшті елдерім,

Қайта айналып келгенше,  
Сіздерді есен көргенше,  
Қош, аман бол, жерлерім (Сонда-Б.29-30).

Екінші өлең «Ақпан жыраудың Хорезмге келген соң айтқаны» деп аталады. Жыршы-жыраулардың өз өнерінің бағасын асқақтатып көтеріп жырлау дәстүрімен «Менің атым Ақпанды-ай, сөз сөйлеймін мақтанбай, ағалар сөйле дегенде, сөйлеуші едім тоқталмай» – деп, ақындық шабытпен желпініп алып:

Бес қалаға келген соң,  
Қызыл шешек қаптады,  
Қырмызы қызыл мақпалдай,  
Өліп қала жаздадық,  
Алланың өзі сақтады-ай.

Біз барамыз Дарғанға,  
Амал бар ма салғанға.  
Барсаң, сәлем айта бар,  
Біздің елден қалғанға.  
Және сәлем айтып бар,  
Жуан би мен болысқа.  
Билік бермей барамыз

Елдерге келген орысқа. (Сонда-30 б.) – деп, Қоңырат атырабына жеткеннен соңғы тіршілік дүниесін реалистік күйінде баяндаған. Өзге жұртқа жеткендегі халі, өз жұртынан кеткендердің трагедиялық күйіндей сипатталады. Ақынның сезім, мұңы айқын көрінеді. Ақын сөзі – елден айрылғандардың өмірі еді. Үшінші өлеңі – Қоңырат атырабына қоныс баса алмай, Әмудәрияны өрлеп Дарған жеріне жетуін сипаттаған. Ақпан өлеңдері туған елден айрылғандардың жан дүниесінің сыры, шындығы болып табылады. Ақын тағдыры үш өлеңде де нақты көрініс тапқан.

Жақсылық Мамытұлы (1899-1961). Т.Айбергенов «Жақсылық жыры» өлеңінде:

Ол айтқан жырдан қандай жыр аса алған,  
Ол тартқан күйден қандай күй аса алған,

Табиғат оған барын құя салған,

Мың бұлбұл таңдайына ұя салған (Т.Айбергенов. Арман сапары. Алматы-1963. 53 б) – деп жазғанындай өнер иесі еді.

Ж.Мамытұлы 1899 жылы Шымбай ауданы, «Мардан ата» жерінде туылған. Кейін әкесі Қоңырат атырабына, «Қара бура» жеріне көшкен. Сонда кәмелетке жеткен. Әкесі өнерпаз, сауатты болған. Ол әкесінен оқыған. 1928-1936 жылдар аралығында әртүрлі қызметте болған. 1936 жылы «Есім ахұн» ауылында колхозға мүше болып кіреді. 1937 жылы колхоз жолдамасымен Хожелі қаласындағы бухгалтер дайындайтын қысқа курске түсіп, оны бітіреді. 1938-1939 жылдарда есепші, 1940-1941 жылдар арасында Ленинград колхозында өндіріс бастығы, 1947-1949 жылдарда осы колхоз бастығы, 1950-1953 жылдары қой ферма меңгерушісі, 1954 жылдан денсаулығына орай зейнеткерлікке шығады. 1961 жылы өмірден аттанып кетеді.

Жақсылық әншілік өнерінің қалыптасуына, өркендеуіне нағашысы Дәриябай Төребаевтың ықпалы, тәлімі, тәрбиесі басым болған. Себебі Дәриябай «Айым торы», «Нұрғы-Зарын», «Қалманбет» дастандарын түгел игерген, әндік саз жетілдірген және оларды қайта жырлаған адам. Кейбір деректерде «Гөрұғлы» дастанын да айтқан деп те (Н.Дәуқараев атындағы Тарих, тіл және әдебиет институтының қолжазба қоры. Р-94, инв. 36804, 1605.) көрсетіледі, бірақ жырлар хатқа түспеген, уақытында іздеушісі болмаған.

Жақсылықтың сұлу әндері көпті еліктіріп, тал жібектей жүрекке жылы тиіп, жағымды есітілетін. Әнсүйер қауым әнші алдында тұшынып отыратын.

Егде қарттар моншақты көзімен бас изейтін. Отарлау қысымымен туған мекенін, хандардың шапқыншылық зорлығымен жерін тастап, басқа орынға бас алып көшкендерін есіне алған. «Біз балапан ұясынан адасқан» – деп мойындайтын.

Одан шығып біз көштік Хорезмге-ау,  
Өзіміздей жастармен болдық таныс.

Ақ Кенже-ау,  
Қыз Кенже-ау,  
Жан құрбым,  
Үйрендің бе,

Жат елге-ау – (Жұмажанов Қ, Төрткүлбаева Т. Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жырауларының мұрасы. Оқулық-хрестоматия. – Алматы: Дәстүр, 2017 ж- 82 б.) – деп, «Ақ Кенже» әнінің қайырмасын зарланып қайырғанда қара көздер жас суына шомылған.

Жан құрбым,  
Үйрендің бе, жаным...

Жат елге-ау- сөзі тіп-тіке жүйкеңе дәл ұрады, қасиетті ата мекеннен, туған жерден, туған елден «абайламай айрылған» шағыңды қайта қозғап, қаруға қол создырады. Бірақ . . .

Азамат болса жақсы елдің қамы-ай,  
Кетпейді ел қамдаған ердің бағы-ай.

Болады жүрген жерім күнде базар,  
Сау жүрсе, бұл Жәкеңнің тіл мен жағы-ай. (Сонда, 75 б.).

Ән мен термені, эпостық жырларды өте шебер орындаған. Сондықтан Жақсылық айтқан халық шығармалары есте сақталып қалатын.

Жақсылық 1925 жылдан Шымбай, Дәуқара, Төрткүл, Шорахан, Шаһаббаз, Түрікменстан қазақтарын аралап, әншілік, жыршылық өнерімен көзге түскен.

1926 жылы Шымбай қаласындағы бір жиында қарақалпақтың жезтандай жыраулары Әбдірасули, Бегмұрат көр, Ерполат жырау және қазақтарға мәлім Әбдімұрат, Серімбет, Дәриябайлар қатысады. Осы жиында Жақсылықтың әншілігі көпке танылады.

Эпостық жырларды орындаушы Ордабай жырау, пұшық Асқар, Жұмабай, Амантұрлы, Айтымбет, Лепес, Тілеумағамбет, Ережептен үлгі көрген Жақсылық «Қарасай-Қазидың» жырын көп жырлаған. Жыр төкпе термелік мақаммен жырланатын жыр. «Қарасай-Қазидың» қым-қиғаш тартысқа құрылуы, композициялық шарықтау шегі, батырлардың қызылбасқа аттанып, табан жолды бастауға тартысып бара

жатқан жері мол. Осы қимыл әрекетті, ырғақты жеткеру кезінде жыршы таланты, өнері айқын көрінеді. Бұл тұста ол айқындала түсетін. Әннің де, терменің де өз мақамы, өз ырғағы - құбылмалы екпін, серпіліс, еліктірер жыр өзегі. Міне, осы бір сәтті, қимас көріністі сәулелендіріп, өзі де оны сезінген сәтте психо-физиологиялық қалді басынан кешірген. Қол бастау, жол бастау, бірінші болу өмірдің өзектес ірі мәселесі екендігін әсем әуез бен сөз айнытпай жеткізетін.

Өнерге бұл дәуренде ғылым артық,  
Ғылымды тоқып алған тілім артық.  
Сайраған бұлбұл құстай үнім артық.  
Жігіттер жастан оқып өнерлі бол,

Қор болмас қимылдаған шеберлі қол (Сонда, 76 б.) – дейді. Жаңа ой дүниесі жетіліп, сана серпіліп, оянып жатқанда болашақ өмірдің асулары ғылым, білім өнер арқылы ғана алынатынын терең ұғынған ақын-жыршы мерекеде, жиын орындарында өнерлілікті насихаттаудан танбайды. Дидактикалық ой-пікірі арқылы ақындық поэзиядан жыраулық дәстүрге қайта оралып отырған сәттері көп. Сөз өнері, әншілік өнері, күйшілік өнері, жыршылық өнері – бәрі де тәрбиенің өткір құралы. Адамды кемелділікке жетелейтін өнер ғылым-білімді, ізгілікті насихаттаудан танбайды.

Ол өнер де үйренуден, үлгі алудан өркендейтінін баяндап, жігітті тану, оны білу жігіт жолдасы арқылы айқындалатындығын айтып, педагогикалық тәлім-тәрбиені өнеге етеді.

Шығыс поэзиясында дәстүрлі қалыптасқан үрдістердің бірі туындыгер өзінің есімін өлең тармақтарында келтіруінде. Ол дәстүрдің жалғастығын танытады.

Болады жүрген жерім күнде базар,  
Сау жүрсе бұл Жәкеңнің тіл мен жағы-ай . . . (Сонда, 75 б.).

Тыңдасаң шарифаттан аулақ емес,  
Ән салып, бұл Жәкеңнің айтқан жыры (Сонда, 76 б.).  
Менің атым – Жақсылық,

Айтатын жырым – заңшылық (Сонда, 77 б). Жоғарғы жолдар ақын бейілін танытады. 1999 жылы қыркүйек айында «Арзымбет құм» деп аталатын жерінде, Қоңырат ауданы боп Жақсылық Мамытұлының 100 жылдық мерейтойын атап өтті. Зиратына естелік орнатылды.

Одан жазылған «Ән басы», «Ыңғай-ау», «Көк айдай», «Көкем-ай», «Еркем-ау», «Зияш-ай», «Екі жирен», «Ақ Кенже-ау», «Байтақ ата» әндері күшті дауысты қажет ететін шығармалар еді. Оған Жақсылықтың тенор дауысы қиналмай жеткен. Ол қарақалпақ әндерінен мұңды «Бозатауды», «Ел қайда» және Муса бақсы әндерін насихаттаушы, жеріне жеткізіп айтушы, орындаушы да болған.

Жақсылық Төлепов (1905-1972). Бесқала қазақтары ақын-жыршылары ішінде өлең-жырға қазыналы кісілердің бірі – Жақсылық Төлепов еді. Ол арабша алфавитке де, кирил жазуына да сауатты, жүйрік болған. 1929 жылы «Ленинград» колхозында есепші, 1930 жылдан бастап Қоңырат ауданының 4 ауыл кеңесінде хатшы, 1936 жылдан қара ағаш кесетін жұмысшыларға бригадир, 1940-1941 жылдар ортасында Петка Талгашев қарамағында кеме айдаушы, 1941 жылдан бастап Қоңырат қаласында Аралов Мәулен ұйымдастырған, халыққа өнер қызметін көрсеткен халық театрында әнші-қызметші боп істеген. Халық артисі Сарыбаев Түлекпен қызметтес болған. 1945-1953 жылдары театр директоры Сараев Кенженің рұхсатымен табысынан пайыз төлеу жолымен халық ішінде дербес жыршылық жасаған.

Жақсылықты төрт негізден тануға болады. Ол, біріншіден – қарақалпақ аймағы қазақтарын қазақ жырымен, әнімен сусындатушы; екіншіден – қарақалпақ аймағы қазақтары ақын-жыраулары материалын жинаушы, хатқа түсіруші – фольклоршы (собиратель); үшіншіден – қазақ жырауларының ұстаздық – шәкірттік жалғастық шежіресін білетін, әрі ел ішінен сұрастырып анықтап жазатын фольклор тарихшысы, әдебиетшісі. Мәселен, Қарақалпақ жыраулық мектебінде Дүйсенбай есімі аталған. Ол қарақалпақша да, қазақша да

жырлаған. Сол Дүйсенбайдан Қарасай, одан Сейіт, Жұмабай, Сейіттен Дәриябай, Дәриябайдан Жақсылық Мамытұлы, одан Төребай мен Жұмағали Әлиев, Төребайдан Бағымбай жыршылық эстафетасын жалғастырған. Дүйсенбайдың екінші шәкірті Тұрман қожа, Тұрманнан Асқар тәрбиеленген. Асқар Тілеумағамбет ақынның «Асқар батыр» атты тарихи жырының бас қаһарманы. Асқар әрі ақын, әрі әнші, әрі жыршы болған. Ол «Қарасай-Қазиды», «Қобыланды батырды» көп жырлаған. Өзі де батыр болуды армандаған. Асқар Қарақалпақстанда кеңес өкіметі орнайтын жылдары түрікмен басмашыларымен болған соғыста қаза болды.

Асқар жыраудан Қошқар, Қошқардан Марабай мен Қуат, Қуаттан Нұрылла жыршылық кәсіпті, өнерді үйренген, әрі ұстаз жолын жалғастырушылары болды. Төртіншіден – эпикалық жырлардың басылым көргендерін қиссахандық жолымен ел ішінде насихаттап, қиссахандық өнерді қазақтар арасына танытушы болған. Жақсылықтан «Қобыланды батыр», «Қыз Жібек», «Қарасай-Қази», «Мұңлық-Зарлық», «Палуан қыз», «Сейдәлі мен Бәйім айтысы», «Сейдәлі мен Ділда қыз айтысы», «Әбубәкірдің ноғаймен айтысы», «Рамуз патша» мен ақындар шығарған терме, толғау, ән текстерін жергілікті зерттеуші-ғалымдар Қ.Жұмажанов т.б. хатқа түсірген.

Ақын-жыршылар әдеби мұраға ұлттық рухани қазына деп қарап, ардақтап, халыққа насихаттап, оларды ұлы күш, абзал дүние деп есептеп, ұрпақтан-ұрпаққа жетуін қамтамасыз ететін сап көңілді адамдар болған. Атамұрамыздың ең қымбаттарының бірі, ел сүйген естелік жыр «Қыз Жібек» халық жыршы-орындаушылары қалыбынан терең орын алған. «Қыз Жібек» 1894 жылы Жүсіпбек Шайхисламовтың баспаға дайындауында Қазан баспасында басылып шыққан. Дәуірдің «рухи керуені» арқылы бұл басылым Бесқала атырабында өзбек, қазақ, карақалпақ, түрікмен арасына жетіп келеді. Базар саудасында тез қолма-қол болған дүрдана кітап халыққа тез таралып, қиссахан-шайыр, жырау-бақсылар репертуарынан тұрақты орын алды. Шығарма сюжетінің қалыбын сақтап, оны

жырлаушылар өз тілінде игеріп, қазақ жырын ұлтына насихаттаған.

Жақсылық Төлепов жырлаған «Қыз Жібекті» 1969 жылы шілде айында хатқа түсті (Ниетуллаев С. Аббаз Дабылов. Кітапта: Қарақалпақ совет әдебияты тарихының очерктері. –Нөкис: Қарақалпақстан, 1968ж. 186 б). Қыз Жібектің тағы бірін Мырзанов Есберген репертуарынан жазып, 1976 жылы Н.Дәуқараев атындағы тарих, тіл және әдебиет институты қолжазба қорына тапсырған (Ахметов С. Қарақалпақ совет поэзиясы. –Нөкис: Қарақалпақстан, 1988 ж, 187 б). Ол «Қыз Жібек» пен «Қарасай-Қази», «Төрехан» жырларын, қазақтың терме-толғауларын хатқа түсіріп, қол жазба қорына тапсырып, қайырлы жұмыс тындырған.

Жақсылықтан жазып алынған қолжазбада Сансызбай үйленгеннен кейін Жібек түс көреді. Түсін Сансызбайға жорытады. Жібектің түсі: «Шулаған топ қарға көрдім, көп қарғаны шулатқан тұйғынның соңына түстім» дейді. Тағы да: «Бір тұйғын көп қарғаны іліп алады. Сондай қызық тамаша көрдім» – дейді. Жібектің түсін Сансызбай былайша жориды.

Қалмақтан көп әскерлер келеді екен,

Тілекті бізге құдай береді екен,

Қарға қуған тұйғынның мен екенмін,

Келген қалмақ бәрі де өледі екен (Н.Дауқараев атындағы тарих, тіл және әдебиет институтының қолжазба қоры. Р-121, инв. 46271) – деп, Жібекті тоқтамдылыққа әкеледі. Жағалбайлы еліне, Сансызбайдан Жібекті тартып алмақшы болып, көп қалмақтар аттанып келеді. Қалмақ пен Сансызбайлар ортасында қырғын соғыс болады. Сансызбай өзін, Жібекті, елін жаудан тазартады. Жеңіс туын қолына ұстайды. Дастан қос жастың қайта қосылған қуанышымен бітеді.

Сереке жырау, Қалмұрат жырау, Өтешбай жырау, Теңізбай жырау, Кердері Құдайберген жырау, Керейт Жалғасбай жырау, Әлім Жұмағали жырау, Кете Қайролла жырау «Алпамыс», «Қобыланды», «Қарасай-Қази»,

«Бозұғлан» дастандарымен бірге «Қыз Жібек» жырын да жырлап өткен. «Қыз Жібек» жырын қазақ ақын-жыршылары қазақтар арасында кеңінен жырласа, туысқан қарақалпақ, өзбек, түрікмендер қазақтардан қалыспай «Қыз Жібекті» халқына жырлап таныстырған. Қарақалпақ әдебиетінің ірі сөз зергерлері Аяпберген Мусаев, Мінаж Матсапаев, Аббаз Дабылов және көптеген қиссахандар «Қыз Жібекті» басылымдар арқылы елге оқыған. Әдебиетші-ғалым Сағынбай Ниетуллаев «Аббаз халықтың көркем сөз өнерінің алтын қазынасы болған халықтың ауыз әдебиетімен жақсы танысады, оларды жинайды. Олардан сұлу сөзді, маржандарды қалай тізуді үйренеді. Ол халық арасына кең тараған «Алпамыс», «Жүсіп-Ахмет», «Ғаріп-Ашық», «Гөрұғлы», «Қыз Жібек», «Мұңдық-Зарлық» және басқа да халық дастандарын сүйіп оқиды» (Ниетуллаев С. Аббаз Дабылов. Кітапта: Қарақалпақ совет әдебиаты тарихының очерктері. –Нөкис: Қарақалпақстан, 1968. 191 б)– десе, С.Ахметов «Аббаз бұларды жатқа айтатын болған» (Қарақалпақ совет поэзиясы. –Нөкис: Қарақалпақстан, 1988. – 63 б.) – дейді.

Ақын-жыршылар, бақсылар атқарып, қиссахандар оқып, шайырлар сөз маржанын тізіп, ұлттық байлығымыз, рухи қазынамыздың бірі – «Қыз Жібектің» «Түркістан, Хорезм мекенім менің, Бес қала теңіздің атырапы елім» – деп, Бердақ атаған аймақта қандай деңгейде таралып, жырланғандығын айттық. Демек, бір халықтың мұрасы өзге халық үшін де қызмет етіп, ауыздан-ауызға, елден-елге, жүректен-жүрекке өтіп отырған. Мәселенің осы жағын есепке алсақ, онда қазақ халқының көңіл төрінен орын алған «Қыз Жібектің» Өзбекстан, Қарақалпақстан аймағындағы атқарушыларынан жазылғандары түркі тілдес халықтарының әдеби бірлігін, туысқан-татулығын танытады демекпіз.

Жақсылық дәуір тынысын танытушы шығарма-термелерге ие ақын. «Жақсылықтың белгісі» шығармасы тақырып атамасымен редифтік ұйқас күйіне тартылып, «белгісіне»

ізбе-ізді жауап беріп отырады. «Жақсылардың белгісі, насихат сөзді тыңдайды», «Ақындықтың белгісі, жыр жолдарын арнайды», «Әділдіктің белгісі, екеу болса дауагер, екеуін бірдей тыңдайды» (Жұмажанов Қ, Төрткүлбаева Т. Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жырауларының мұрасы. Оқулық-хрестоматия. – Алматы: Дәстүр, 2017 ж-, 84 б) – деген. «Білімсіз туған ініден, Құрбы-қатар тең артық» (Сонда, 91 б.) – деп, «Жал пісіріп жая ассан» өлең-термесінде жақсы мен жаманды, білімді мен білімсізді қарама-қарсы қойып, халық термесі үлгісімен қандас қауымды ізгілікке үндейді. «Осындай теңдік кең заман» термесінен:

Халыққа ұран шаштырған,

Халық білімін арттырған.

Қиын қыстау жерлерден,

Су түспеген көлдерден.

Адам бармас шөлдерден,

Халыққа пайда таптырған,

Строй салып елдерден,

Шам жанбаған жерлерге,

Электр шамын жақтырған (Н.Дауқараев атындағы тарих, тіл және әдебиет институтының қолжазба қоры. Р-121, инв. 46271)

заман өзгерісін, дәуір шындығын жырлауда көптің сапында болды. Мұны саяси жағдай ықпалы дегеннен өзі жасаған дәуірін бар дәуірден артық санап, өскен ортаның азаматы боп танылуды мұрат тұтқан ақын арманының көрінісі деп бағалаған жөн сияқты.

Жылдан-жылға халқымыз,

Өсіп дамып келеді,

Өз алдына қонғалы.

Заманның түрін бәйіт етіп,

Жақсылықтай ағаның,

Осы жерде болғаны (Н.Дауқараев атындағы тарих, тіл және әдебиет институтының қолжазба қоры. Р-121, инв. 46271) – деп, «Жер жүзінің кедейі» термесінде дәуір шындығына деген дүниетаным мен субъектілік бағалауын

келтіреді. Оның бұлардан басқа «Құрметсіз көрген өмірден», «Алдымдағы ағалар», «Терме», «Әуел-әуел әуел-ақ», «Байдың көркі бақпенен», «Құлағың сал жігіттер», «Балам көп деп мақтанба», «Перзент қадірін білмейді», «Ақылсыз туған ағадан», «Білімсіз деген ағаңыз» туындылары:

Өлең терме, ән терме,  
Алдарыңа жан халқым,

Түйдек-түйдек тастайын (Жұмажанов Қ, Төрткүлбаева Т. Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жырауларының мұрасы. Оқулық-хрестоматия. – Алматы: Дәстүр, 2017 ж-, 86 б.) деген ниетінен шыққан. Аталған ақын шығармалары оның білім деңгейін, азаматтық борышын танытады.

Ерқожа Құлпыбайұлының (1907-1981) репертуары әкесі Құлпыбайдан ауысқан. Мойнақ ауданы атырабына әйгілі болған.

Ерқожа әке дәстүрін жалғап, Әмудің Аралға құяр сағасында өмір сүрген жасаған ақындардың, жыршылардың термелерін жазып алып жинаған, жаттаған. Сейдәлі ақын айтыстары мен Тілеумағамбет ақын шығарған «Асау-Барақ» жырын жыршылық дәстүрімен өзі өскен атырабына насихаттаған. Ерқожа халық жыры мотивінде бірнеше терме-өлеңдер шығарған.

Қарақалпақ аймағы қазақтарының ақын-жыршыларында өзін таныстыру, ұстазы кім екендігін баяндау, қандай ақыннан, жыршыдан тәлім алғанын атап отыру, соны мақтаншыпен сөз ету, олардың шығармаларына асқақтық баға беру және өзін де солардай сөз өнерінің, жыршылық өнерінің жүйрігі деп таныстырудай қалыптасқан дәстүрі бар. Ол айтыс ақындарының айтыс үстінде қарсы ақынды жүйелі сөзден адастыру үшін қолданылатын тәсілдей еді. Бұл – көне эпостық жырлардағы жекпе-жек кейіпкерлер сөздерінен көрінетін, әріден келе жатқан көркемдік дәстүр. Әрбір жыршы немесе суырып салма ақын жыр орындау кезінде тыңдаушы назарын көбірек аудару ата-анасы, туған-туыстары, ұстазы жөніндегі мәліметтерді игеруі - ақын, жыршылардың басты жетістігі. Ерқожа:

Әкемнің аты Құлпыбай,  
Өзімнің атым Ерқанай,  
Ерқожа деп кетіпті

Атандырып соңғыға-ай (Сонда, 95 б.) – дейді. Тағы да  
«Мен қашанғы бұлбұлың» өлең-жырында:

Мен қашанғы бұлбұлың,  
Топ ішінде сайраған,  
Мен – бақшада қызыл гүл,  
Қызара күліп, жайнаған.  
Мен – халық үшін туған ұл,  
Дұшпанынан қорғаған.  
Мен – халықтың базары,  
Алқалы топта ойнаған.

Көңілім –желді, тіл- жүйрік,  
Тереңнен жауап ойлаған (Сонда. 95 б.)

– деп таныстырады. «Кел жастар, осындайда оқып қалың»,  
«Көңілім сенен не пайда», «Кей жаманға сөз айтсаң»,  
«Жаманның болмас қадірі», «Бисмилла деп сөйлейін»,  
«Жалғыз үйдің иті жатпайды» өлең-термелерінде ғылым,  
татулық, бірлік, достық, әділеттік жайлы толғаған.

Ел қайғысын кім ашар,  
Төрт құбыланы тең басқан,  
Сөйлесе әділ хан ашар,  
Аққан сумен көгерген,  
Түрленген жасыл көк ашар.  
Сабырлық ерге жарасар,  
Ерлерді бекер демендер,  
Халық қамын жоқтаған. (Сонда. 104 б.)

– дегені бұрынғы жыраулық поэзия дәстүрі негізіндегі  
дәуір сөзін жеткізумен орайласқан.

Ерқожа қызыл империя саясатынан именбей діни  
сарындағы өлеңдер де шығарған. Бірақ осы әрекеті оның  
жүйке ауруына да себепші болған. Ақынның соңына шырақ  
алып түскен, кеңестік идеология оның еркін самғауына біраз  
кедергі болған. Ол бір өлеңінде «Дін деген не?» деп сұрақ  
қойып, соған жауап береді.

Қалыбында өзіңнің,  
Тұрады ақыл-ойменен,  
Түсіндіріп айтқанда,  
Міні жоқ тузу жолменен.  
Түзу жүрсең сол жолменен,  
Құдайға сонда құл деген.  
Түзу жолдың мәнісі,  
Адал жүріп, шын сөйлеп,

Қалыбында тұр деген (Сонда, 100 б.) – деп, дін адамзаттың жан дүниесінде болады дейтін оймен қабысады. Аймақтағы ақын-жыраудың дүниежүзілік ой-пікірдің ауқымында сөз түйіндеуі құптарлық. Ол «Дінсіздік деген не?» дейді тағы да:

Өтірік, ұрлық, алдаушы,  
Кісінің ақын жалмаушы,  
Пайманасы толса да,  
Мұқтажға бір зат бермеген,  
Дүниені қуып арсылдап,  
Хабары жоқ дінменен.  
Өтірік, ұрлық, кулықпен,  
Амал қылып, мал жиған.  
Құдайдың көрер көрімін,  
Өмірінше көрмеген (Сонда, 101 б.) – деген.

Халық поэзиясында кездесетін жақсыға қарсы жаманды, опасыздыққа қарсы абзалдықты қою дәстүрі Ерқожада жеткілікті. Ауыз әдебиеті қайнарынан кемел тапқан, сол негізде шығармашылығын шығарып дамытқан ақын жүйке ауруынан айықпай 1981 жылы 26 тамызда көз жұмды. Мәйіті туған жері Мойнақ қаласы қасындағы «Токпақ ата» деген қорымда.

Әрбір азамат туған елден алыстап кеткен сайын туған елінің сөзі, жыры, әні, үні, қадірі арта түседі. Көкіректе ата жұртқа деген сағыныш сазы бара-бара ұлғаяды. Туған ел әнінің мақамдық сазы ой-сананы оятады. Ата мекенге ат басын тірегенше, ата жұртқа оралу идеясы жүректің қақ ортасында өртеніп, жалыны биіктеп жата береді. Сондай

отаншылдықты Дәуқара атырабында жасаған ақындарынан да көреміз.

Қосым, Қазан, Өтім, Серікбай, Еденбай ақын-жыршылардың өмірі мен шығармашылығы туралы толық мәлімет берудің мүмкіншілігі болмады. Бірінің сөзі табылса, екіншісінің өмірбаяндық дерегі кем болды. Бірақ, Дәуқара атырабында қазақ сөз өнерін таратушылары мен шығарушыларының бірін-бірі толықтыратын сөз бен ой тұтастығы байқалады. Сондықтан, тақырыпты өңір атымен атап, сол жерде өмір сүрген өнерпаздар жайлы мәліметті бірімен бірін сабақтастырып беруді мақұл көрдік.

Қосым 1816-1890 жылдарда өмір сүрген.

Ақынмын деп болар ма?

Көкіректен ашылған,

Ақылдың көзі болмаса...

Шешенмін деп болар ма?

Артында сөзі қалмаса. (Сонда, 7 б.) –деген көп толғамды сөзі бар. Жыраулар поэзиясын байыптап қарастырсақ, онда дидактикалық сарын жетекші орында болады. Адам өмірі мен оның кезеңдерін баяндау, жырлау, үгіт, ақыл-кеңес айту басты мұраты секілді. Қосым сөзіне осы тұрғыдан қараймыз. Оның толғауларындағы қорытындысы да өмірлік тәжірибесінен жинақталған ой.

Парасатты кісі өмірлік тәжірибесін түйіндемей кете алмайды. Қосым да шығармашылығын солай жинақтаған. «Бастайын «бісмілла» деп әуел бастан» деген өлеңін де жеті күннің қызметі баяндалған.

Жаратты жексенбіде Жер мен Аспан

Туғызды дүйсенбіде Ай менен Күн.

Дүниеге теңдей жарық нұрын шашқан.

Жаратты түрлі мақлұқ сейсенбіде.

Жан беріп баршасына қалдырмастан,

Дүниеге су келтірді сәрсенбі күн,

Мехирдей мәуіж ұрып, дәрия тасқан,

Жаратты жәннет, дозақ бисенбі күн,

Жәм болды періштелер құлпын ашқан.

Жаратты Адам Сапиды жұма күні,  
Жан біткен барша жанға рызық шашқан.  
Әзәзіл нәсілі оттан жан болыпты,  
Адамды азғыруға болып дұшпан.  
Сенбі барша күннен бос тұрыпты,

Ол күні ешбір нәрсе жаралмастан (Сонда, 8 б) іс істеген. Ақын алты күннің қай-қайсысына да қызметіне қарай қасиетті күн есебінде танытады. Тек сенбі күні әзәзіл дүниеге келгендіктен, пенде ол күні сақтықпен тілін тиып, байқап жүрсін дегенді нұсқайды.

Ж.Сағынбаев (1875-1945) шындығында күйшілік өнерді жетік игерген талант иесі болып, той-мерекелерде түркі тілдес халықтардың бәріне ортақ мұра болған терме-толғауларды, «Алпамыс», «Қоблан», «Едіге», «Гөрұғлы», «Қыз-Жібек», «Ер Тарғын», «Шанжархан» дастандарын жырлаған, дутар мен домбырада қазақ, қарақалпақ, өзбек, түрікмен халық күйлерін шебер атқара алған айрықша талант иесі. Қ.Аралбаев «Сөз сөйлейін термелеп» атты мақаласын – «Нұрлы жол» гәзетінде жариялады. Онда: «Жұмағали жырау Сағынбаев шығармашылығы хақында (Аралбаев Қ. Сөз сөйлейін термелеп. (Жұмағали жырау Сағынбайұлы шығармашылығы туралы). ..Нұрлы жол, 27(706), 1-сәуір, 2000 жыл) сөйлеп, оны 1876 жылы туылған деп көрсетеді. Ол «Қарасай-Қази», «Гөрұғлы», «Едіге», «Алпамыс», «Қыз Жібек», «Шанжархан» жырларын баспада шыққан нұсқалары негізінде және қолжазба түрінде тараған көшірмелерді қиссахандық жолымен әндетіп, жаттап, соң сазға қосып жырлаған.

Қарақалпақ халық шайырлары Аббаз Дабылов, Садық Нұрымбетов, Қазақбай Хожаниязовпен достық, шығармашылық байланыста бірге болған, солардың тікелей ықпалы арқылы қарақалпақ әдеби тілін игеріп, өлеңдер де жазған. Алғашқы өлеңдерінің басылым көруіне Асан Бегимов қамқорлық еткен. Олардың қызметтес болуы туысқандық, достық деңгейіне жетіп, ғұмырының соңына дейін жалғасқан.

Жұмағали қайтыс болғаннан кейін Шәмшет Хожаниязов, Сәдірбай Мәуленов ақын өлеңдерін Н.Дәуқараев атындағы

Тарих, тіл және әдебиет институтының қолжазба қорына тапсырады. Ол ақынның 1932-1939 жылдардағы туындылары еді. Онда «Қараөзек тұрмысынан сөз», «Жалқауға Примовтың айтқан сөзі», «Үш шайырдың айтысы» бар (Н.Дауқараев атындағы тарих, тіл және әдебиет институтының қолжазба қоры. Р-23, инв. 4176).

Көркем туындымен айналысқан ақын дәуір жаңалығынан кейін қала алмайды. Белгілі дәуір қаһарманы Гүлзира Артықова туралы арнау туындысын «Орденді» деп атаған. Бұл шығарма көлемі жағынан да, құрылысы, оқиғалардың баяндалуы тәсілі бойынша да поэма жанрына жатады. Шығарма үзінді болып «Әдеби альманахта» (Әдебий алманах. Қарақалпақ мәмлекет баспасы. –Төрткүл, 1938, –66 б.) басылған.

Ақын екінші дүниежүзілік соғыс қиыншылықтарын айрықша жырлайды. «Шегарашы» шығармасында Отан қорғаушыларын халық дастандарының қаһарманына балады.

Жеңін түріп, белін буып,  
Сақшы қорғап туған елін,

Шекарада күн-түн тұрған (Жұмажанов Қ, Төрткүлбаева Т. Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жырауларының мұрасы. Оқулық-хрестоматия. – Алматы: Дәстүр, 2017 ж-, 15 б.). Мәрттердің ерлігін ардақтайды.

Ақынның үлкен қызының күйеуі Мақаш Балмағамбетов екінші дүниежүзілік соғыстан Кеңес одағының батыры болып келгенде «Келдің бе, балам, келдің бе?» өлеңін шығарған. Өлеңді риторикалық сұрақтар арқылы өрбітеді.

Келдің бе, балам, келдің бе? ...

Халықпенен бірлікте

Жауыз жауды жеңдің бе?

Жағаласқан шайқасқан,

Алқымнан алып айқасқан,

Ажалды да көрдің бе?

Құрбансыз жеңіс келе ме?

Еңіреп жүріп егіліп,

Көп достарды көмдің бе?

Талай жерде тіріліп,

Талай жерде өлдің бе? (Сонда. 24 б.).

Ақын толғау-терменің халық әдебиетіндегі дәстүрін кемелдендіріп, «келдің бе?», «жеңдің бе?», «көмдің бе?», «өлдің бе?» сөздерімен толықтырып, әрі көмкеріп, көркемдеп, алғашқы тармақтарда баяндалған сұрақтар сезімге бойсындырылып, көрініс, уақыт, лирикалық сезім, авторлық көзқарас өте сұлу сезіммен ашып беріледі. Автор мен лирикалық қаһарман ортасындағы бірлік толық сақталып отырады, бір тұлға болып бірігеді. Уақыт тынысын тыңдаушы да, оқушы да лирикалық сезім арқылы бас қаһарманмен бірге, бір тыныста топтасып, жан сезім тербеледі, соғысқа қарғыс жаудырады.

Ақын халық әдебиетінде дәстүрлі тілге алынатын достық тақырыбын дербес авторлық шығармашылығына арнаулы арқау етіп алған. Сондықтан, бір топ өлеңдері достық, туыстық, жолдастыққа арналған. «Достық халықты жауға алдырмайды» деген халық даналығын ақын өз туындыларының басты лейтмотиві еткен. «Қарақалпақ мекенім, өзбек, қазақ, түрікмен бір атаның ұлдары» дейді.

Өзбек, түрікмен, қарақалпақ бауырым,

Сенің ауылың - менің туыс ауылым.

Сіздерменен бірге жасап, жаңардым,

Сіздер үшін айттым жырдың тәуірін (Сонда, 21 б.) – деп, әдеби мұраларымызбен үндестік табады. Сөзі де, өзі де халық аузында аңызға айналып, халық құрметіне бөленген, данышпан даналардың халықтар достығын нығайтудағы қызметтері өз алдына бір төбе. Әсіресе ақын, жырау, жыршы, қиссахан, бақсы-күйшілер бұл жолда көпке үлгі болған. Сол жыраулық поэзияға тән болған мұраны Ж.Сағынбаев та жалғастырды.

Күйсем егер достар үшін күйіппін,

Достық үшін құлармын мен биіктен,

Бүгін міне ой толғанып отырмын,

Жан достарым, мен сендерді сүйіппін (Сонда, 22 б.).

Достық, туысқандық сезімдерін өз шығармашылығында биік күйінде асқақтатып жырлауы, азды-көпті еңбектерінде мұра етуі – құптарлық.

Ж.Сағынбаевтың «Ақдария ауылында топқа түскенде айтқаны» деген өлең-термесінде:

Бесқаланың елінде,  
Қарақалпақ жерінде,  
Жұмағали жырау атандым.  
Жасы үлкеннен бата алдым.  
Халқымменен бір болып,  
Алғыс алдым, бата алдым,  
Жақсылардан нәр алып,

Азаматы болдым қатардың, - (Сонда. 25 б) – деген сияқты жолдар автордың өз жан сезімі, өмір шындығы еді.

Жұмағали ақын шығармашылығы достыққа, бірлікке, туған отанымызды терең сүйуге тәрбиелей алатын өнегелі өлеңдер болып табылады.

Жалғасбай Аралбаев (1893-1987). Ол 1893 жылы Қызылорда облысы, Қазалы ауданында туып, сол жерде кәмелетке жеткен. Жыршылық өнерін туған, өскен елінде жетілдірген. Атақты Балқы Базардан бата алған. Жиенбай жырауды «ұстазым» деп мойындап, оның жыршылық кәсіп жолын жалғастырған. 1934 жылы Алматы қаласындағы халық шығармашылығы өкілдері бас қосқан слетке қатысып, жыр алыптары Жамбыл, Кенен, Шашубайды көзімен көріп, сөздерін тыңдап, ғибрат алады. Нартай Бекежановтың концерттік бригадасында қызмет жасаған. 1936 жылы Қазалыда Роза Бағлановамен қызметтес болған. 1937 жылы Қарақалпақстанда Тақтакөпір аудандық халық театрында, 1942 жылы Бердақ атындағы ән-би филормониясында әнші, домбырашы болып қызмет істеген. «Көрерге көркің болмаса» термесінде:

Мен бір жүрген кедейің  
Кедейің байғұс келген соң,  
Сөзге толар көмейің,

Көрген халық көз салсын.  
Көлденеңнен жөнейін.  
Мен бір жүрген нар тайлақ,  
Жетекке неге ермейін?  
Қалағаның сөз болса,  
Қарынбайдың малындай,  
Алдыңа салып берейін (сонда. 55 б.) – дейді.

Жалғасбай да импровизатор ақындар немесе халық жыраулары секілді репертуарларының молдығын мақтан етіп, өзін-өзі көтермелей сөйлеу үрдісін қолданған. «Айдын-айдын көлдер бар» өлең-термесінде:

Айт десеңдер, шындайын,  
Ор қояндай зымырайын,  
Ақ домбыра қолға алып,  
Олай-бұлай қағайын.  
Үзілсе ішек тағайын,  
Жас басымнан сөз сөйлеп,

Жұқарып жүр таңдайым, - (сонда. 55 б.) деген. Ақын-жыршының сөзі оның өнердегі қызмет жолымен астасып жатады. «Шайырлық жолы бір басқа, қол жетпейтін биік жол» екенін ұғынып шығармашылық жемісіне жауапкершілікпен қарайды. Адамгершілік, ізгілікті дәріптейді.

Жақсыдан тиер шарапат,  
Көктен нұрлар тамғандай,  
Жаманнан тиер кесапат  
Ақырзаман болғандай, - (Сонда. 57 б.) – деген.

Қазақтың көпті көрген қариясы, халықтың ұлағатты сөзін көкірекке түйіп, тарқата жүрген Жалғасбайда өзге ақын-жыршыларда терең мәнге ие бола бермейтін ұлағаттылық бар. Ол:

Екі аяқты жараттың,  
Серуен етіп жүрмекке.  
Екі қолды жараттың,  
Ұстаған ғылым білмекке.  
Екі көзді жараттың,  
Құранды қари тағаттап,

Жатпай оқып білмекке,  
Таңдайға қызыл тіл бердің.  
Зауық етіп ойнап, күлмекке,  
Сөйлеген тілің жан болды-ау,  
Аралап жүріп күлмекке,  
Қасына жұбай жар болды.  
Бес күн серік дүниенің,  
Тіршілігін көрмекке,  
Ұл мен қызды сүйдірдің,  
Барлығын ақтық білмекке,  
Өлім келді баршаға,  
Ықырарға келмекке,  
Осылай жырау сөйлесе  
Жырауды тыңдау ермек пе? (Сонда. 62 б.).

Адамға берілген әрбір табиғат сиының тындыратын қызметін көрсетіп, олардың әрқайсысының адам ғұмырында бағалылығын байқатады. Соның бірі кеміс болса, орны толмас өкінішке айналатынын ұқтырады. Ақын-жыршы термелерінің міндеттері де осы негізде толастап отырады.

«Дін – адам адалдығының басты көрсеткіші. Діни сезімдер адамдардың басын біріктіруде маңызды орынға ие. Ғибраттардың көпшілігінің жамағатпен жасалуы қоғамға қаншалықты мән берілетіндігін көрсетеді. Құлшылық сәті адамдардың біріне-бірі ең жақындайтын кезі. Сондықтан діни рәсімдер қоғам мүшелерінің бірлігін нығайтады, олардың етене араласуына септігін тигізеді» (Бердібаев Р. Жыршылық дәстүр. – Алматы: Қазақстан, 1980. 14 б). Сондықтан ақын-жыршылар дінді насихаттауға термелерінде баса назар аударып отырады. Жалғасбай ақын да «Жат етемін алланы», «Әуелі алла ағынан», «Әуелі алла жараттың», «Мұсылман болсаң, адал бол» тақырыбында термелер шығарған.

Мұсылман болсаң адал бол,  
Мол дәулетке желденіп.  
Көңілге салма өкпені,  
Құлшылық қылсаң әр уақыт,  
Құлқуалла – бір Алла.

Дүние жанның панасы  
Хауа ана екен, мүминім,  
Әмме жанның анасы,  
Жақсы менен жаманның  
Ашылып жатыр арасы.  
Нәдір ғайып деген бар,  
Қадірлі келсе, қайтпаған,

Барлығы қазақ баласы (Жұмажанов Қ, Төрткүлбаева Т. Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жырауларының мұрасы. Оқулық-хрестоматия. – Алматы: Дәстүр, 2017. 65 б).

Адамға тиісті «саф сенім, ақ ниет, шыншыл сөз, дұрыс – амал әрекет, салауатты өмір салты, қажырлы қайрат, таза, жаны адал зейін – жалпы иманды тіршілік» (Құлсариева А.Т. Этика. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 15 б.) адам нұры болмақ. Жалғасбайдың дін туралы баяндауында осылар көрінеді.

Ж.Аралбаев жас кезінде қуатты кісі болған. Ұлғайған кезінде кісі жетегінде жүрді.

Басыңа бақыт қонбайды-ау,  
Ұстаз тұтып, жол көрмей.  
Дүние шіркін баянсыз,  
Заманында өңгермей.  
Ел қадірін ер білмес,  
Жағадан алып ілінбей.  
Ақылды туған азамат,  
Ағайын керек жігітке.  
Жігіттік деген бір дәурен  
Тұрады топта сүрінбей.  
Менмендік деген мысалы,

Қалады бір күн еленбей (Жұмажанов Қ, Төрткүлбаева Т. Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жырауларының мұрасы. Оқулық-хрестоматия. – Алматы: Дәстүр, 2017. 65-66 б) – деп, жастығын, ел, ер қадірін ардақтаған.

Базар жыраудың «Ақ толық-ай», «Күміс-ай», Шораяқтың Омарының «Өмір өткелдері» атты толғауын айтты. «Ахметбек

пен Жүсіпбек» жырын жырлады. Өзінің жоғарыда айтылғандардан басқа «Жақсыдан тиер шарапат», «Кітаби сөз», «Асан қайғы», «Әлеумет келдің жиылып», «Мал мен бастан не қайыр», «Жігітке қояр талап бар», «Мақтанса», «Жыршы болғанмен не пайда» насихаттық өлең-термелері бар.

Алаңсыз болма, жігіттер,  
Қайтысы болар бұл күннің.

Әзірейіл келген күн.

Жаныңа ара тұрмайды.

Дүниеден пенде қалмайды. (сонда. 60 б.) деп, «Терме» сөзінде айтқанындай-ақ сөз өнерінде қазақ сөзін насихаттаған, жыршылықтан ақындық өнеріне жеткен Жалғасбай сөздері оның өлмес аты. Ақын сөздерін оның ізбасар шәкірттері Қарақалпақстан халық жырауы Алдаберген Тасқынбаев, ақын-жыршы Жәдігер Сарыбаев, Маспатша Камалов насихаттап келді.

Қазақ сөз өнерінің қарақалпақ аймағы қазақтарының арасында өмір сүріп, олардың туысқан халықтары арасында жұтылып, жоқ болып кетпеуіне елеулі еңбек сіңірген ақын-жыршылардың үшінші атыраптық тобы – Хожелі, Нөкіс аудандарының төңірегін мекендеген. Солардың бірі – Тұрман қожа. Жақсылық Төлеповтың қазақ ақын-жыршылары жайлы деректі дәптерінен, Мәтнийаз Тәжібаевтың хабарларынан Тұрман қожа туралы мәліметтер табамыз. Алайда бұл деректерде оның қашан туылып, қашан қайтыс болғандығынан хабар беретін нақтылы айғақ жазылмаған. Дегенмен, Тұрман қожа Нұрабылла, Қарасай жыраулармен замандас болғандығы мәлімет беруші сөздерінен байқалады. «Тұрман қожа термесінде»:

Жаз жайлауым сұрасаң,  
Маздымхан сұлу сыртында,  
Сарыкөлдің жағасы.  
Өз жөнімді сұрасаң,  
Миллион байтақ ішінде,

Атайы Қожа баласы (Сонда-, 31 б.) деп, өскен ортасын, жөнін баяндайды.

Маздымхан сұлу, Сарыкөл Қарақалпақстанның ескі ескерткіш орындары. Хожелі қаласынан Түрікменстанның Көне Үргеніш қаласына баратын жолдың сол жағында Маздымхан сұлу биік қыр болып көрініп тұрады.

Ақын-жыршылар туған жерін, мекенін өз шығармашылығында атап көрсетіп отыруы бұрыннан дәстүр болып қалыптасып кеткен. Бұл Қазтуғаннан басталған (Бес ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 1989, Т I. - 29 б.) өнегелі дәстүр қарақалпақ аймағы қазақтарының ақын-жыршылары шығармаларында игі жалғасқан. Демек, Тұрман қожа да Маздымхан сұлу төңірегінде туылып, сол орында өсіп, ер жеткен. Аталған жердің азаматы.

Тұрман қожа жас кезінде қазақша айтқанда «бақсышылықпен», қарақалпақша айтқанда «порханшылықпен» танылған. Тұрман жырды жырлағанда аруағы қозып, бір орында отыра алмаған. Шыр айналып, бөксесімен жылжып жүріп жырлаған. Бөксемен жылжып жүргенін шабытты шағында, жыр әлеміне берілгенін де өзі сезбеген. Мұндай психо-физиологиялық көрініс пен қимыл көрермен мен тыңдаушының жыршыға барынша ықылас-ниетпен берілуіне жол ашқан.

Қаймақты көл сағалы,  
Ел азбайды ағалы,  
Тон тозбайды жағалы.  
Ал қатарға ендірмес,  
Мінген аттың жаманы,  
Шырайыңды шығармас,  
Ақ некенің жаманы,  
Қапияда жол таппас,  
Жігіттің жаман добалы,  
Алдымдағы халайық,  
Өлтірсең де жоқ дейді.

Сол жігіттің обалы (Сонда, 32 б.) – деген тәрбиелі өнегесі Тұрманның ақындық дүние танымын танытады.

Мәтнийаз Тәжібаев (1910-1973). 1910 жылы Нөкіс ауданында «Қотанкөл» деген қазақтардың көп шоғырланған жерінде туылған. Мәтнийаздың Баймұрат деген бауыры қайтыс болғаннан соң, оның репертуарында бар жырлар жазылған дәптерді жаттап, жыршылық кәсібін Қоқабай туысқаны жалғастырады. Қоқабай да дүниеден өткен кезде олардың жыршылық өнерін Мәтнийаз жалғастырады. Ағалары да, өзі де «Қарасай-Қази», «Қыз Жібекті» жыршылардан жазып алып, жаттап жырлаған.

Мәтнийаздың төлтума «Руым Әлім Жанқылыш», «Мәтнийаздың өсиет өлеңдерінен», «Терме», «Не жаман», «Жүйріктің болмас жалтаңы-ай», «Тыңдаңыз, достар, сөзімді-ай», «Айтқан сөзде парық бар» атты термесі бар.

Руым-Әлім, Жанқылыш,  
Сұрасаң атым Мәтнийаз.

Хожанияздың баласы,  
Тілеп алған құдайдан,  
Көзінің ағы мен қарасы,  
Отырған жерім сұрасаң,

Хожелінің көне қаласы. (Сонда. 106 б.) – деп, Қотанкөлден Хожеліге тұрақтанып, соңғы жасаған орнын, мекен-жайын, ата-тегін жыр тармақтарына қосады. Екінші бір сөзінде:

Халқымда азаматым аман болып,

Құдайым шерік қылғай абыройға – дейді. Халыққа ел сөзін насихаттауы жайлы:

Жасымнан қызмет қылдым талай көпке,

Қиямен қармалады аузым епке,

Көтеріп жақсылардың дәрежесін,

Айттым жауап өздеріңдей би мен бекке (Н.Дауқараев атындағы тарих, тіл және әдебиет институтының қолжазба қоры. Р-141, инв. 50407. – 41 б.) – деген сөзі оның көпке сөз-өнерімен қызмет жасағанын танытады. 1967 жылдан кейін көз нұры тайып, үйінде отырып қалған. Мәтнийаз ақын-жыршылыққа дәптерден жаттаумен келсе, оның репертуарын

қабылдап, өз бетінше жыршылық өнеріне төселгендер де бар. Бірақ, олар Мәтаниязды ұстазым деп танымаған.

Биман Кенжебаев (1910-1986). Туған халқын да, туыс ұлттарды да әнімен, күйімен тәнті етіп, өз даңқын арттырған өнерпаз еді. Ол 1910 жылы Шымбай қаласында туылып, Нөкіс қаласында өскен. Нөкіс кірпіш зауытында тас қопарушы болып істеген. Қазақтың 60 қа жақын күйін тартқан. Тыңдарман қауым әні мен термесінен күйшілігі артық деп есептейтін.

Оның «Күй шақырғыш», «Қарт қазақ», «Бұлбұл», «Қоңыр қаз», «Күй басы», «Інім, інім-ай» ж.т.б. төлтума күйлері бар.

1966 жылы қазақ сазының зерттеушісі Әскен Серікбаева Биманның орындауында 50 ге жақын халық күйлерін, қазақ күйшілерінің туындыларын магнитофон таспасына түсірген. Оған қазақтың белгілі ақыны Жақан Смақов қатысқан. Биман:

Баланың асыл туғаны,  
Ата-анасын сыйлаған,  
Қайырсыз дәулет сол болар,  
Өзіне-өзі қимаған.  
Балаң әдеп біле алмас,  
Сабақ алмай молдадан,  
Жаман жолдас сол болар,

Өзінің басын қорғаған (Сонда. Р-141, инв. 50407. –71 б.) – деген өнегелі өсиеті бар шығармаларын әрі жырлап «Тауға біткен қайыңның», «Бұт болдым деп мақтанба», «Әйелдер сипаты» (Жұмажанов Қ, Төрткүлбаева Т. Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жырауларының мұрасы. Оқулық-хрестоматия. – Алматы: Дәстүр, 2017 ж. 111-112 бб) туындыларымен ел есінде қалды.

Мұратбай Шоңқараев (1906-1979). Мұратбай Бұқара облысында туылған. 1914 жылы Қарақалпақ аймағына көшіп келген. Тамдыдан Беруни аймағына оралған Мұратбайды өнерге баулыған – анасы Қызай. Домбыра тартып, ән айтуды, жырды үйреншікті мақамымен жырлауды жалғыз ұлына үйреткен.

Мұратбай әріп танымаған. Репертуарын есіту арқылы толықтырған. Анасынан соңғы ұстазы – Жақып жырау Құтыманұлы. Мұратбай Тұрмағамбет Ізтілеуов пен Жақып жырау шығармаларын ел ішінде насихаттаған.

Қазақ, қарақалпақ, өзбек және басқа халықтардың фольклортану мен әдебиеттанудың тәжірибесі артқан сайын әдеби-тарихи жәдігерліктерді шығарушылары мен ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші өнерпаздарын аймақтық ерекшелік бойынша, ең бастысы өзіндік ерекшеліктері бар тарихи-мәдени даму аясында зерделеудің де қажеттілігі айқындала береді. Бұл – еліміздің егемендік алуымен де байланысты. Фольклорлық туындыларды, ауызша және жазбаша шыққан әдеби жәдігерліктерді, халықтың сөз қазынасын дәстүр жалғастығымен байыптап қарастыру мәселесінің құндылығы зор іс. Халықтық қазынаны терең зерттеу арқылы біз өткен кезімізді, қазіргімізді және келешегімізді әрі мүлтіксіз қадірлеу бақытына ие боламыз. Олар шын мағынасында бағасы өлшенбейтін рухани байлығымыз болып табылады.

Қарақалпақ жыраулары қазақ жырауларынан, ақындарынан, ал қазақ жыраулары, ақындары қарақалпақ сөз өнерінен алған үлгі өнегелері де көңіл аударарлық мәселе. Олай болса, қос халық домбыраның қос ішегіндей өнерде де бірін-бірі тең, тел толықтырған. Біріне-бірі ұстаздық жасаған. Ұлағатты ұлдары көркем сөз өнерін дамытуда қызғаныш сарынынан қашық болған. Шығармашылық сабақтастықты жалғаған. Мұндай сабақтастықты Сейдәлі Жұмабекұлының (1839-1928):

Әжінияз жырдың дүлдүлі,

Бердақ өмір бұлбұлы.

Тыңдап өстім жасымнан,

Халық үніндей әр күні – деген өлең жолдарынан көреміз. Бұл тармақтар жыраулық орта ғана емес, ақындық өнердің кемел дамуымен көркемдік дәстүрдің өркендеуінде де қос халықтық, эстетикалық нәрдің бір-бірімен ұштасып жатқанын көруге болады, әрі тануға тура келеді.

Сейдәлі 1839 жылы туылған, 1928 жылы 89 жасында қайтыс болған. Сейдәлінің «Жол сапары», «Қалам алып қолыма», «Бул заманда байлар бар», «Толғанып талай толғадым», «Сарыарқаның жерлері», «Бул кездескен қиын күн», «Арқар жүрер тауында-ай», «Әжінияз жырдың дүлдүлі», «Ат үйірін сағынса», «Қайраты бар адамға», «Қатты болса тағдырың», «Еңбектің тәтті көжесі», «Еңбексіз жиған малыңыз», «Еңбек етіп мақтансаң», «Жан қиналмай іс бітпес», «Өз жаныңда болмаса», «Жалғыз үйдің иті жатпайды», «Болады адам қымбат ілімменен», «Дәрия құрып, көл қалды», «Киеді хан баласы қама бөркін», «Дүниеге нелер келіп, не кетпейді», «Ілімдік дәриядай ағып тұрған», «Тәңірім не жаратты күннен артық», «Ақылым ойран дал болды» деген өлеңдері және эпикалық жыры «Қара аттың жыры» мен «Сейдәлі мен Ділда», «Сейдәлі мен Бәйім» айтыстары бар.

Ақын шығармалары – өз өмірінің куәгері. Ақын өлеңдерін құнттап оқыған сайын Сейдәлінің өмірбаяндық және шығармашылық жолы бірте-бірте айқындала түседі.

Содан ары Қызыл үйден де ілгері кетіп, Сарай жолы Сайына жеткенде, нағашысымен ілесіп келе жатқан күшкөлігі болдырып құлайды. Көлігін қанша тұрғызбақшы болғанымен болдырған түйе тұра алмайды. Сонда:

Осыдан күн барма екен елді көрер,  
Жүретін Ақдәрияның сағасында (Сонда, 133 б.)

дейді. Адам пендесі басына қатты күн түскенде алғаш рет анасын есіне алады, екіншіден, кіндік қаны тамған жерге есен-аман жетуді армандайды. Өлең мазмұнына назар аударсақ, Сейдәлінің Ақдәриялық екенін көреміз. «Жол сапары» ақынның тұрмыс-тіршілігін көрсететін шағын сюжетке құрылған өлеңі болып табылады. Туған жер қадірі жат жерге барғанда еселеп арта түседі. Өскен ел, кіндік қаның тамған құтты орын рухани қуат болып табылады. Өлең – соның куәсі.

Ақын – уақыт пен кеңістіктің үні мен сөзі. Өзі өскен кеңістік оның өлеңінің өзегі. Ақын – өскен ортасы мен кезеңінің жыршысы. Сондықтан, ол туған жерін

шығармашылығынан тыс қалдыра алмайды. Сөйтіп, туған жерін жырлап, халық жадында мәңгі қалдырады. Өзі де сол жердің, елдің перзенті екендігін дәлелдейді.

Ақын «Білмейді бізді кім дерін, кейінгі туған жастарым» терме-өлеңінде:

Жаз жайлауым сұрасаң,  
Ақ көлдің айдын даласы,  
Қыс күнінде қыстадық,  
Көк өзектің жағасын,  
Алтын көл мен Шылым көл,  
Малымды салып көліне,  
Берекет қонды еліме.  
Мақпал ойдың көліне,  
Қара Шолаң, Қаңбақты,

Егін еккен жерлерім . . . (Сонда, 114 б.) - деген. Ақ көл, Көк көл, Алтын көл, Шылым көл, Мақпал ой, Қара Шолаң, Қаңбақты – ақынның өмір сүрген, тұрмыс-тіршілік кешкен жері. Олар қазіргі Қарақалпақстанның Мойнақ, Бозатау, Кегейлі, Қандыкөл, Қоңырат атырабындағы қонысты орындар.

Сейдәлі Бахауатдин, Һедая, Кәрімнен сауат ашып, тәлім алған. Олар ахун деңгейіндегі білімді кісілер болған.

Сейдәлінің нағашысы Ешім ахунның тәрбиесін алған. Ол туған жиеніне дүнияуи және ақыреттік ғылымдарды үйретіп, ой дүниесінің кеңеюіне үлкен ықпал жасаған. Ешім сөз өнері мен саз өнерінен де хабардар болып, сол өнерді игеруде Сейдәліге көп көмектескен. Оған өлеңдер жаттатып, терме-толғаулар жырлатқан. Кейде ұрымталдан өлең тармағын шығарып, жалғасын Сейдәліден талап еткен. Ақындық өнерге кемелдену, ақындық өнерінен сабақ алу, өнер мұратының биіктігін түсінуге жол салады.

Сейдәлінің тағдыры және жастық шағы ел ішінің бүліншілік дәуіріне тура келді. Қарақалпақ тарихи халық өлеңдеріне бас тақырыптың бірі болған түрікмен жасақтары шапқыншылығы мен тонаушылығы Сейдәлі ақын шығармашылығында жүйесін табады.

Жау болып түрікмен басынды,  
Ел аяққа басылды,  
Қолдан келер қайрат жоқ,

Шырылдап жаным ашынды (Жұмажанов Қ, Төрткүлбаева Т. Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жырауларының мұрасы. Оқулық-хрестоматия. – Алматы: Дәстүр, 2017 ж, 116 б.)деп, оқиғаны суреттейді. Ақын өлеңі Әжінияз өлеңі ізін жалғастырады. Ол оқиғаға қарақалпақ халқы көзқарасы қандай болған болса, қазақ ақыны да соны толықтыра түседі. Тарихи тағдыр, тарихи өтміш, тарихи оқиға ақындардың ұлттық көзқарасын біріктіреді. Сейдәлінің шығармашылық жолында Әжінияздың «Бозатау» лирикалық поэмасы Сейдәліге жақсы қырынан ықпал жасайды. Ол тағы да:

Әжінияз жырдың дүлдүлі,  
Бердақ өмір бұлбұлы.  
Тыңдап өстім жасымнан,  
Халық үніндей әр күні (Сонда, 131 б.)

– деп өскен ақын Әжінияз ізімен, Бердақ үнімен жыр мұратының биіктігін иеленуді ойлаған. Әжінияз, Бердақ, Өтеш жырлаған халықтар достығы іздері Сейдәліде жақсы көрініс табады:

Қарақалпақ баласы,  
Бұрындағы халық еді.  
Өзбекпенен тағдырлас,  
Біздің қазақ баласы,  
Досына берік жан еді (Сонда, 116 б.)

дегені пікіріміздің айғағы болмақ. Өнер адамдары өзге ұлттарға және өзге ұлттардан шыққан өнер адамдарына әрдайым достық, бауырлық, татулық, кісілікпен қараған. Сейдәлінің түбі бір туыс қарақалпақ, өзбек халқын бауырым, тағдырласым деп тануы, ақындарын ұстаз деп қабылдауы – ақынның достық көзқарасы еді.

Сейдәлінің бір орында мекен басып отыруына мүмкіншілігі болмаған. Тағдыр талқысы, тіршілік қамы жел айдаған қаңбақтай домалатып, бір орнынан екінші орынға алдына салып талай айдаған. Сейдәліні бірде Бердақ туып

өскен Аққаладан кездестірсек, екінші бір өлеңінде Ақкөлде балық аулайды. Үшіншісінде – Көкөзек бойында егін егеді. Төртіншісінде – «Ұзын Арқаш жағасы», «Алтын көл», «Шылым көл» төңірегінен де жылы орын таппайды. «Күн көремін ау салып, Мақпал ойдың көліне» – деп мұң айтады.

Әмүдәрияның төменгі салаларында тұрып, тұрмыс-тіршілігі жөнделмей күн санап күйзелгендері жоғарыдағыларға (Хиуа жақты «Жоғарылар» деп Қоңырат атырабы атайды. – Қ.Ж.) барып мәрдікәрлік жасап қайтып жүрген. Мұндай талап істеуге Сейдәлі де барған.

Сол қоныстан кеткен соң,

Уәлаят өзбек жанына.

Қоңсы болдым еліне,

Егін ектім жеріне (Сонда, 115 б.)

– деуі, өмірбаяндық дерегін толықтырады.

Жазғы еккен егінім,

Күздігүнге жетпейді,

Күзде алған өнімім,

Қыстан толық өтпейді.

Диқаншылыққа жарымай,

Маңдайымның теріне,

Татымсыз талай күн кештім (Сонда, 115 б)

– деп, тұрмысын, көрген күнін налумен жырлайды. XIX ғасырдың екінші жартысында әбден кедейленген қазақтарды, қарақалпақтарды, өзбектерді Қоңырат атырабынан көптеп кездестіруге болатын еді. Қоңырат көтерілісінен соң халық, тіпті, тұралап қалады. Ақынның «Қара кедей баласы, осы күнде құл болды» – деуі, замана шындығы еді.

Сейдәлі жыршылық өнерімен де тұрмысын жөндемек болады. XIX ғасырдың 80 жылдары жыршылықты кәсіп қып, ел ішін аралап халық туындыларын, замандас ақындардың және бұрынғы жыраулардың поэзиялық шығармаларын жырлайды. Төл туындыларын да қоса елге таратады. Өмірінен өткізген тарихи оқиғаларды, талабы келіспеген кездерін, кейде талайсыздығын шығармасына өзек өткен. Мұндай

жырлары көптің көңіліне қонып, талайсыздардың басындағы шерді жырлап отырғанындай өзгелерге жеткен. Халық тұрмысын сәулелендірген шынайы өлең-жырларына тәнті болған халық, Сейдәліні «жыршы» деп қарамай, оны «ақын» деп таныған. Жергілікті қазақ, қарақалпақ, аралдық өзбектердің ауылдарын аралап, жиын-тойда, мерекелерде төкпе ақындығымен көзге түсе бастайды.

Сейдәлі Жұмабекұлы «Ақ көлдің айдын даласын», «Көкөзектің жағасын», «Ұзын арқаш жағасын», «Алтын көл мен Шылым көлді» және «Мақпал ойдың көлін», «Қара Шолаң, Қаңбақты ой» өлеңдерін айтып, туылған жер мекенін хабарлап, өзі өскен мекеннен хабар беру және осы тақырыпты жырлау дәстүрін жалғастырған.

Ақын Сейдәлі де қарақалпақ әдебиетінің классиктері туралы көзқарасын, әдеби-сыни пікірін айтады. «Әжінияз жырдың дүлдүлі, Бердақ өмір бұлбұлы» – деп, айта отырып, Бердақтың ақындық жолын, Әжінияздың сөз өнеріндегі алыптығын тануы қарақалпақтың сөз зергерлерінен олқы емес. Сонымен бірге, «Тыңдап өстім жасымнан, халық үніндей әр күні» – деп, Бердақтың ақындық жолын, Әжінияздың сөз өнеріндегі ұстаздығын мойындауы және Күнхожа мен Әжінияздың «Айтқанына құлақ түрген» Бердақ секілді Сейдәлі де өзінен бұрын шыққан шығарманың үлгісінен пайдаланып, тіпті, одан шабыт алып, өзіндік үнін, өмірге көзқарасын және өнерді түсініп бағалауы құнды. Сөйтіп, біріншіден, ұстаз, сөз ұсталары үлгісін, әдеби сыни баға беру дәстүрін игереді, әрі жалғастырады. Екіншіден, дербес ойы арқылы шығармашылығын ілгері өсіреді.

Ақын өлеңдері 735 жолдан асады. Сол өлеңдерді тақырып ыңғайына қарай, ақын өмірімен, дүниетанымымен байланыстыра отырып қарастыру қажет.

Толықсып, талай толғандым,  
Қәлем, дәуіт қолға алып,  
Жазып қағаз сермедім,  
Жүрегімді тербедім.  
Алпыс екі жыл болды,

Дүниеге келгенім,  
Той, мереке жиналып,  
Ашаршылық көргенім,  
Қадірін білмей қор қылдым.  
Ақындық Құдай бергенін,  
Енді біліп, өкіндім,  
Жазбай қағаз келгенім. (Сонда, 132 б.).

Адам қашан да кемелдікке жеткенше тынымсыз жол басады, тынымсыз өмір сүреді. Биікке жетемін деп ілгері өрлейді. Шаршайды. Тынығады. Тағы ұмтылады. Тыныстайды. Тағы ұмтылады, тағы әрекет қылады. Құзда табаны таймастығын, құлап кетпестігін қамдастырады. Биігіне жетеді. Алқынғанын басады. Биіктен төменге, қыраттарға көз жібереді. Өткен өмірінің іздерін көреді. Өмір жолы көзден көлбеп өтіп жатады. Өмір толғанысын, қиналған сәттерін еске алады. Бірде тойда болыпты, бірде жиындардың арасында жүріпті. Адам ғұмыры қозғалыс, өсу, өрбумен қызық екен. Дегенмен, бар қызық пен қозғалыс, қызығынан да қымбат қазына болады екен. Ол сөз өнері екен. Ол – өмірдің өлмес куәсі. Міне, ақын 62 жасқа жеткенінде «Қадірін білмей қор қылдым, ақындық Құдай бергенін» – деп, сан соғады. Әсіресе, «енді біліп өкіндім, жазбай қағаз келгенім» деп опық жейді. «Тағы да білдім, өкіндім, қысқарған күнім келгенін» өкінішпен еске түсіреді. Өнер-өмір, өмір-өлең. Егіз дүние.

Халықтық ой-пікірден, ойлы жүйеден үйренген талант иелері – халық ойы негізінде дербес шығармашылығын дамыта отырып, уақытқа байланысты жырларын туғызады. Күнхожа, Әжінияз, Бердақ, Өтештермен сабақтасып, туған әдебиетінен авторлығын сақтайтын шығармашылыққа жетеді. Оның өлең жырлары ақындық өнері қалыптасқаннан кейін хатқа түседі.

Ақын туған жерді жалаң баяндаушы емес. Туған жерде өмір сүрген халық тағдырын суреттейді. Шығармашылығында бірінші орынға қояды. Қайда барса да еңбегі өнім бермеген ақын «диханшылыққа жарымай, татымсыз талай күн кештім» дейді. Ал, «Мен Сейдәлі ақының» өлеңінде:

Мен бір алмас бұл күнде,  
Қынапта тұрып жасыған.  
Кескір алмас кетіліп,

Жез бенен мыс, қоладан (Жұмажанов Қ, Төрткүлбаева Т. Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жырауларының мұрасы. Оқулық-хрестоматия. – Алматы: Дәстүр, 2017 ж, 116 б.) деп, күн көрген шағын мұңды сөзімен жеткізеді. «Лағылы гаухар тасындай» сөзі бар ақын «Қынапта тұрып жасыған» кезде өмір сүреді. «Би-болыстар сұм болып, түрленіп заман жыл-жылдан», «жамандықтың көшесі» ашылған кезіне ақын өмірі сәйкес келді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Ақын-жыраулар мұрасы - қазақ әдебиетінің іргелі де күрделі, арналы да ағысты салаларының бірі. Адам, қоғам, уақыттың сыры мен міндет-мұраттары ақын-жыраулар поэзиясы арқылы жарасты, көркем қалыпта жетіп, рухани нәр-нұрын айнала - әлемге тегіс түсіріп келеді. Біздіңше, ақын-жыраулар мұрасындағы тақырыптық арна, жанрлық жүйе, көркемдік қуат, айшықты кестелер мен тілдік құбылыстар төмендегіше түзіліс құрайды:

-қоғам,кезең, адам,өмір, уақыт төңірегіндегі тақырыптар барынша бедерлі, ақиқат тұрғысында зерделеніп, көненің көзіндей сыр толғайды;

-хан мен халық, елдік пен ерлік, өмір мен өлім, жақсы мен жаман, жомарт пен сараң,дос-дұшпан,жастық пен кәрілік,дүние дидары,ғалам ғажаптары т.т. өзіндік белгі-ерекшеліктерімен жарқырай көрінеді;

-қазақ хандары мен батырлары, бектері мен билері, төрелері, т.т. ел алдындағы беделі мен билігі, парасат әлеміндегі, саясаттағы орны, мақсаттары мен қатынастары уақытпен үндес сөз болып, өмір шындығы философиялық-эстетикалық мәнімен, көркемдік ой жүйесімен ден қойғызды;

– ел қалқаны - батыр , оның сенімді серігі - асыл ару, ер қанаты- ат , т.т. өмір , уақыт шындығымен тұтастықта сипат алады,әрі ұлттық рух пен болмыс, оқиғалар желісі өзіндік шындығымен табиғи,әрі нанымды әсер етеді;

– ұлт пен ұрпақ қамы, бірлік пен береке жайы, адамдық-имандық мәселелері, дәстүр мен дін, тарих пен таным т.т. бейнелелік белгісімен, ой мен сезімдегі тұтастық сипатымен, тіл өрнектілігімен көңіл қуантады.

Ең негізгісі, ақын-жыраулар мұрасы кезең келбеті мен шындығын, адам мен оның іс-әрекеттерін, қоғамдағы, өмірдегі орындарын, мінез қырларын, түр-тұлғасын, жас ерекшеліктерін өлең, толғау, арнау, ақыл-нақыл түрінде түйінді ой, қанатты, шешендік сөздермен жеткізеді. Сол арқылы ақиқат жолын, әділетті істі көрсетеді, қоғамға, адамға

жат мінезден алыс, аулақ болуға үндейді. Тарих пен таным, өмір мен уақыт бедері айқын.

Тұтастай алғанда, ұлт тарихының қазыналы биігі - Қазақ хандығы мен осы тұстағы сөз өнері (ақын-жыраулар мұрасы) қоғамдық құбылыстар мен кезеңдік көріністерді, ел-жердің құдіреті мен қасиетін, адам мұраты мен өмір мәнін, елдік пен ерлік сипатты, уақыт пен кеңістікті, танымал тұлғалардың өмірі мен еңбегін, азаматтық һәм қайраткерлік қырларын кең көлемде көрсетеді. Тарих пен таным арналары, өмір мен уақыт шындықтары, дүние дидары, ғалам ғажаптары, табиғат тылсымы т.т. өзіндік өзгешеліктерімен, әсер-ықпалымен назар аудартады. Маңыздысы, әрине Қазақ хандығы тұсындағы кезеңдік-қоғамдық құбылыстар, тарих пен таным арналары, ұлт пен ұрпақ жәйі, адам мұраты мен адамгершілік сипаттар, дәстүр мен сабақтастық сырлары, дін-иман, тәлім-тәрбие иірімдері, елдік-ерлік рух, батырлық болмыс, дүниеәуи-заманәуи жағдаяттар жүйелі жеткізіледі.

Атап өтер жәйт: ақын-жыраулар поэзиясында тақырыптық арналар кең өріс алады. Жанр жүйесі мен көркемдік өрнектер айқын аңғарылады. Ақын-жыраулар, негізінен арнау, толғауларды барынша еркін қолданып, осының негізінде қоғамдық жағдаяттарды, кезең көріністері мен заман шындығын, әлеумет тұрмысын, өмір тағылымын көркем де жүйелі жазады.

Қазақ хандығы тұсындағы руханият арналары, осы кезеңде жасаған ақын-жыраулар мұрасындағы дәстүр мен сабақтастық, тарих пен таным тағылымы, ортақ мұраттар тоғысының кейбір үлгі-өрнектері осындай. Анығында, ақын-жыраулар поэзиясы, ондағы тақырыптық ерекшеліктер, жанр жүйесі мен көркемдік арналар тоғысы қоғамдық ахуалды, кезеңдік көріністерді, уақыт пен кеңістік мәнін нанымды әрі сенімді суреттейді. Қоғам, адам, өмір, уақыт өрнектері көненің көзіндей сенімді сыр толғайды. Хан мен халық, елдік пен ерлік, өмір мен өлім, жақсы мен жаман, жастық пен достық сырлары уақыт бедерімен сәйкестікте беріліп, мәнді өріс алады. Ұлт пен ұрпақ қамы, бірлік пен береке жайы,

адамдық-имандық Һәм тәлім –тәрбие иірімдері өмір өрнектері мен тағылымы тұрғысынан сөз етіледі. Мұның бәрі-баршасынан адамдық борыш, адалдық жолы, әділетті іс, ақыл-парасат мәні мен нұры, көркем мінез, жан-жүрек әлемі, ақыл-нақыл, даналық мәйектері, тәлім-тәрбие арналары кең көлемде көрініс береді.

Қазақ әдебиеті тарихында, оның қалыптасуы мен даму үрдістерінде, зерттелу бағыт арналарында, сөз жоқ ақын-жыраулар поэзиясы кең орын алады. Әдебиет әлеміне жіті көзбен қарасақ, ақын-жыраулар мұрасында қоғамдық жағдай, әлеуметтік мәселелер, бұдан басқа да өмір-дүние дидары, адам мен оның еңбегі, тарих пен таным арналары, дәстүр мен дін, діл мен тіл, тәлім-тәрбие мәні жан-жақты көрініс тауып, мейлінше кең түрде сөз етіледі. Ел-жер тағдыры, хандық кезең көріністері, би-шешендер мұрасы мен ділмар сөз мәйегі, ақыл-парасат өрісі, имандық-тәлімдік жәйлер, насихат-өсиет сынды даналыққа құрылған дидактикалық сипаттағы өлең-жыр, толғаулар өте мол ұшырасады. Ақын-жыраулар поэзиясы әдебиет тарихындағы арналы сала- ақын-жыраулар мұрасы, ондағы басты бағыт-арналар, атап айтқанда тақырыптық ерекшелік пен жанр жүйесі, көркемдік-эстетикалық құндылықтар, өлең-жыр, толғаулар мәні мен табиғаты, адам әлемі мен өмір өрнектері, дәстүр тағылым сипаты, адамдық борыш пен имандық-тәлімдік Һәм тәрбиелік, патриоттық белгі-ерекшеліктер, елдік-ерлік, өрлік рух береді.

XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басында Бесқала аймағында жасап, шығармашылықпен аты мәлім болған ақын-жыраулардың өлең-толғауларын, жырларын болашақта әдебиет тарихы арнасына қосу керектігін ескере отырып, үлгі бағдарламаға енгізу аса маңызды мәселе болып отыр. Бұл ақын-жыраулар шығармашылығы ф.ғ.к., профессор Қ.Жұмажанов пен ф.ғ.д. Т.Төрткүлбаевалар авторлығында «Қарақалпақстандағы қазақ ақындар-жырауларының мұрасы» хрестоматия болып 2017 жылы баспадан шықты.

«Ақын-жыраулар поэзиясы (жанр және көркемдік)» тақырыбындағы оқу құралы тақырыптық мәнімен, мазмұр

құрылымы мен, зерттеу жүйесімен ден қойғызады. Ақын-жыраулар поэзиясын жанр жүйесі мен көркемдік қырларын, өлең-жыр, толғаулар мәнін уақыт рухы аясында нақты сөз етеді.

## ҚОСЫМША

Ұлттық әдебиет тарихы курсы бойынша, соның ішінде ХҮ-ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ әдебиеті қамтитын әдеби мұраны игеру, тану мен әдебиеттану ғылымын ілгері апарар маман әдебиетшілер даярлау үшін қажет көп міндеттің бірі - пәнге қатысты практикалық жұмыстардың, семинар сабақтардың бағытын, тақырыптық жүйесін айқындап алудың мәні зор.

Аталған курстың бағдарламасын негізге ала отырып осындай қосымша, көмекші әдістеме құрал әзірленіп отыр. Жас ұрпақ, маман мұны білгені жөн.

Жалпы, әдеби мұраны түрлі кезеңдерге бөлу, әдебиет тарихын дәуірлеу мәселесі аяқталмаған, ілгеріде де қарастырыла беретін күрделі ғылыми процесс. Бірақ, сол кезеңдердің басы ашық бір дәуірі-қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Сол себепті, ілгері үш ғасырдағы ХVІІІ ғасырға қоса қарастырдық. Әрине, жалпы бөлінген сағат жөнінен нақтылы бағыт, жүйе, дәлдік керек. Сондықтан аталған үш ғасыр әдебиетін жалпы жыраулық өнер, оның жанрлық жүйесі, көркемдік негіздері, т.б. тақырыптар аясында қарастырылды. Тәжірибелік жұмыстар семинар сабақтардың бұл құрамында негізінен белгіленген сағат бойынша жүргізілетін семинар сабақ, бақылау, өздік жұмыстардың тақырыптары, сол тақырыпты ашар сұрақтар, сонымен бірге аталған тақырып бойынша әзірлікке қажет әдебиеттер тізімі, қосымша материалдар көрсеткіші беріледі. Сабақ барысында ұдайы өткізіліп тұратын тест үлгісі де қамтылады. Студент танымы мен дайындығын осы негізде бақылап-пысықтап, сұрақ-жауап арқылы да бағалауға әбден болады.

Семинар сабақ, практикалық жұмыстардың міндеті мен мақсаты баяндалады. Пән бойынша оқып-меңгеретін басты бағыттар айқындалады.

Бұл құрал жалпы әдебиет мамандарын, педагогтік институттардың филология факультеттері студенттерінің, орта мектеп мұғалімдерінің де талап, ұстанымларын, рухани

қажетін өтейді, талапқа жауап береді деп ойлаймыз. Бұл бағыттарды әр қырынан дамытып, жүргізуге болады.

XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті тарихы курсы бойынша жүргізілетін практикалық жұмыстардың мақсаты мен міндеті.

1. Жалпы қазақ әдебиеті тарихы курсы бойынша әдеби мұрамен, қазақ әдебиеттану ғылымындағы қалыптасқан оның ғылыми жүйесімен жоғары мектеп талабы деңгейінде таныстыру. Соның ішінде аталған кезең - XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті туралы лекция курсына жаңа жақты мәліметті бекіту, орнықтыру мақсатында студенттерді өздік, шығармашылық, ғылыми жұмыстарға бағыттау, бейімдеу, дағдыландыру.

2. Әрбір студенттің білім, таным дәрежесін үнемі назарда ұстау. Жеке тапсырмалар бойынша жұмыс істеуін қадағалау, талап ету. Студенттердің ғылыми-теориялық конференцияға баяндама әзірлеуі. Ғылыми жобаларға бағыттау мен нақты ізденістерге баулу. Жекелеген тақырыптар бойынша, жалпының міндет талабы деңгейінде сөйлей білуі. Ой қорытуға дағдылануы.

Бағдарламада белгіленген материалды жан-жақты меңгеріп шығу - басты ұстаным етіледі. Негізгі және қосымша әдебиеттер үдгісі ұсынылады.

Студент ең әдемі мәтінмен (текспен) танысады, тақырыпқа орай берілген қосымша, қажетті әдебиеттермен жұмыс істейді. Әдебиеттану ғылымындағы тақырыпқа қатысты бұрынғы-соңғы зерттеулермен танысады. Өз тұжырым, талдауларын ұсынады. Шығарманы көркемдік-теориялық негіздер жөнінен, саяси мән-мазмұн, әлеуметтік салмақ жөнінен талдап, тануға дағдыланады. Жеке тұлғалардың өмірбаян деректерін салыстыра қарауға, текстологиялық талдаулар жасауға дағдыланады. Жаңа ізденістерге нақтылы бағытталады. Бастысы, студенттердің ізденісіне кең өріс ашылады.

Қазақ әдебиетінің тарихы белгілі бір дәрежеде қалыптасқан, жүйеге түскен ғылым. Қазақ әдебиетінің

тарихын зерттеуші ғалымдар еңбегінің негізінде ол қазір бірнеше: Ежелгі дәуір, қазақ хандығы дәуірі, XVIII-XIX ғасырлар, XX ғасыр басындағы, қазақ кеңес әдебиеті дәуіріне бөлініп оқытылады. Тәуелсіздік кезең әдебиеті жеке оқытылады. Әр дәуірдің іштей тұтас кезең, дәуірлерге, әдеби ағым, бағыттарға бөлініп жүйеленуі де белгілі бір дәрежеде орныққан процесс. Сонда да болса, қазақ әдебиеттану ғылымының алдында әдебиет тарихын дәуірлеу мәселелеріне байланысты туындап отырған түйткілдер де аз емес. Өткен тарихқа саяси шеңберлердің аясынан шығып баға беру әдеби мұраға көзқарасымызға да толып жатқан он өзгерістер, түзетулер әкелуде. Әдеби мұраны саяси мазмұндық жақтан бағалау ұзақ жылдар бойы басым болып келсе, енді көркемдік негіздер, құндылықтар жөнінен қарастыру тереңдей түсті. Осы орайда, бұл курстың мақсаты бұрын-соңды жасалған, тындырылған зерттеу проблемаларын меңгере отырып, әдебиет тарихы мәселелерін әрі қарай қарастыру, ғылыми негіздерді тарату, дамыту, ашу, айғақтау, бекіту. Жаңа бағыт, жаңашыл ізденістерге қадам жасау да мәнді.

Халық тарихымен тұтас бірлікте алып қарастырылуға тиіс әдебиет тарихы да соңғы кезеңдерде соны ой-пікірлермен қаныға түсті, серпіліс пен сілкініс басым. Қазақ әдебиетінің бар тарихы негізге алына отырып, қазақ әдебиеті тарихын тұтастай қарастыру, маңызды тұстарына мән беру курстың міндеті. Осы арқылы әдебиет тарихына берік көзқарас орнығады.

XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті тарихы ілгерідегі мынадай пән, курстардың сабақтас жалғасы:

1. Әдебиет теориясы. Әдебиеттануға кіріспе.
2. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Фольклор курсы.
3. Ежелгі дәуір әдебиеті.
4. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет.

Аталған дәуір жүйесі қазіргі кезеңде қайта қарастырылып, жаңа материал, дереккөздерімен байытылып, тың ізденістермен толығып келеді. Жаңа әдебиет, жаңаша қарастыру, бағалау басым.

## XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

XVIII ғасырлардағы тарихи-әлеуметтік жағдай. Қазақ-қалмақ шапқыншылықтары. Әз-Тәуке хан қайтыс болғаннан кейінгі саяси ахуал. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама». Қазақстанның Ресейге қосылуы. Ішкі, сыртқы саясат. Жоңғар мемлекетінің жойылуы. Ел тарихының жаңа кезеңі.

Жаугершілік замандардың әйгілі батырлары Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгембай, Шапырашты Наурызбай т.б. тарихтағы орны.

Әйгілі қазақ билері. Ұлы жүз үйсін Төле би, Орта жүз Қаздауысты Қазыбек би, Кіші жүз Әйтеке билердің мемлекет ісіне араласуы; шешендік мұрасы.

XVIII ғасыр – қазақ тарихындағы бетбұрыс кезең. Бірнеше ғасыр дербес мемлекет ретінде жасап келген қазақ халқының былайғы тарихында мүлде жана бет, бағдар ұстанған саяси актілердің басталуы. Қазақ мемлекетінің іргесі шайқала бастады. XVIII ғасырда қазақ елінің дербестігін сақтаймын, бір тудың астындағы тұтастығын нығайтамын деп, ат үстінде ғұмыр кешкен батырлар. Абылай ханның халық тарихындағы орны. Елдік ұстанымы. Батырлық болмысы.

Сол бір қилы кезең, қиын тағдырдың көз көргені, халықтың дәл сол тұстағы саяси ахуалын, әскери әзірлігін, мекені мен тұрағын, қызығы мен қуанышын, жақсысы мен жайсаңын тізіп айтып, тірі шежіре жасап кеткен ақын-жыраулар мұрасы. Басты ұстанымдары.

Жыраудың әлеуметтік тұлғасы. XVIII ғасыр әдебиеті өкілдерінің қазақ қоғамының адамгершілік, құқықтық, діни нормаларын айқындауға, қалыптастыруға, насихаттауға қатысы. Жыраулар поэзиясының қоғамдық-әлеуметтік ойды білдіретін, тұтас елдің болмысын көрсететін қоғамдық ой ағымына айналуы.

Жырау қоғамдық қызметінің Қазақ хандығы дәуірімен тікелей байланысты болғандығы. Абылай және ақын-жыраулар мұрасы.

XVIII ғасыр әдебиетінің көрнекті өкілдері Қожаберген, Ақтамберді, Үмбетей, Тәтіқара, Бұхар жырау, Шал ақын, Көтеш ақын. Өмірі мен кезеңі. Батырлық болмысы мен рухы.

Әдебиеттану ғылымы. Қазақ әдебиеті тарихындағы жыраулар поэзиясы. Жалпы, жыраулық өнердің түрі мен тегі, дәстүрлі арналары, даму өзгешеліктері, көркемдік негіздер. Жыраудың қоғамдық әлеуметтік мәртебесі жайлы Ш.Уәлиханов, В.Радлов, Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезов, А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Ә.Қоңыратбаев, Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншәлиев, Р.Бердібаев, З.Ахметов, М.Мағауин, Қ.Өмірәлиев, Қ.Сыдықов, С.Негимов, Б.Әбілқасымов, Т.Тебегенов, Қ.Мәдібай, Р.Тұрысбек, А.Әлтай, А.Бұлдыбай т.б. ғалымдардың түйін тұжырымдары, зерттеулері. XVIII ғасырдың әдеби мұрасын зерттеу, жариялау, басылым жайы. Кеше мен бүгін байланысы. Уақыт бедері.

## СЕМИНАР САБАҚТАРЫ

Ескерту: Семинар сабақтары тақырып мәніне қарай емес, жалпы сағат мөлшеріне қарай бөлінді. Әр семинарға – 2 сағат уақыт.

### 1. СЕМИНАР

2 сағат

#### **ТАҚЫРЫБЫ:**

XVIII ғасырдағы қазақ тарихы.

#### **СҰРАҚТАР:**

1. Әз Тәуке хан. «Ақтабан шұбырынды».
1. Қазақстанның Ресейге қосылу актісінің басталуы.
2. Абылай хан. XVIII ғасырдағы әйгілі қазақ билері, батырлары.
3. Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс.

### 2. СЕМИНАР

2 сағат

#### **ТАҚЫРЫБЫ:**

Жыраулар поэзиясындағы жаугершілік заман күйі, батырлық рух. Ел бірлігі мен мүддесі.

#### **СҰРАҚТАР:**

1. Қожаберген жырау. «Елім-ай» дастанындағы қазақ мемлекетінің ішкі-сыртқы жағдайы. Әйгілі тұлғалар. Елдік ұстаным. Тарихи жер атаулары.
2. Ақтамберді толғауларындағы бостандық күрес, ұлт-азаттық сарын. Елдік һәм батырлық рух.
3. Жырау өнернамасындағы қазақ батырларының тұлғасы. Елдік пен ерлік шежіресі.
4. Қожаберген, Ақтамберді, Үмбетей, Тәтіқара шығармаларындағы елдік мүдде, батырлық болмыс, заман шындығы, көркемдік сипат. Уақыт өрнектері.

### 3. СЕМИНАР

#### **ТАҚЫРЫБЫ:**

Бұқар жырау шығармашылығы.

#### **СҰРАҚТАР:**

1. Бұқар шығармаларының зерттелу, басылым жайы. Тақырыптық арналар. Көркемдік сипаты.

2. Бұқардың дүние – жаратылыс жайлы толғаулары.

3. Бұқардың отаршылдыққа байланысты туған жыр-толғаулары. Елдік һәм ерлік сипаттары.

4. Бұқардың Абылайға арнаулары

5. Бұқар шығармаларының текстологиялық мәселелері. Пекин нұсқасы. Зерттелу мәні.

### 4. СЕМИНАР

2 сағат

#### **ТАҚЫРЫБЫ:**

XVIII ғасыр соңындағы әдебиет. Шал ақын. Көтеш ақын.

#### **СҰРАҚТАР:**

Шал ақынның кедейлік-байлық, жақсы мен жаман, т.б. тіршілік иірімдері жайлы өлеңдері. Адам ғұмыры, үй-іші, отбасы жарасымы жайлы шығармалары. Көтеш ақын мұрасының тақырыптық ерекшеліктері, жанрлық жүйесі, көркемдік құны, басылым, зерттелу жайы.

### 5. СЕМИНАР

2 сағат

#### **ТАҚЫРЫБЫ:**

Жырау поэзиясының негізгі сарындары, көркемдік теориялық негіздері, басты шарттары

### **СҰРАҚТАР:**

1. Жыраулар поэзиясындағы ұлт-азаттық сарындар.

2. Жыраулар өлеңінің табиғаты мен түрі, жанры.

3. Жырау поэзиясының көркемдік шарттары. Буын, бунақ, тармақ, ұйқас, шумақ, түйдек, дыбыстық үйлесім, дәстүрлі қолданыс, ерекшеліктер жүйесі.

4. Жыраулар поэзиясының теориялық негіздері жайлы зерттеулер. Көзқарас эволюциясы.

## XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

XIX ғасыр тарихы. Әлеуметтік-экономикалық жағдай. Орыс отаршылдығының жаңа, батыл бетбұрыс іс-қимылы. 1822 жылғы әкімшілік билеу жүйесіне енгізілген өзгеріс. Халықтық биліктің жойылуы. Исатай – Махамбет бастаған ұлт-азаттық қозғалыс (1836-1847). Қоқан, Хиуа хандығы езгісіне қарсы бас көтерулер. Жанқожа батыр көтерілісі (1856-1857). 1868 жылғы «Жаңа низам». Қазақ даласының «Соғыс отарынан» - «жер отарына» айналуы.

Қазақстанның рухани-мәдени тіршілігіндегі жағдайлар. Қазақ даласын, қазақтың тұрмы-тіршілік, мінез-құлқын патша үкіметі тарапынан мақсатты түрде зерттеулерге кірісу. Миссионерлік саясат. Жалпы, ағарту ісінің, орыс оқуының жандануы. Қазақ халқының әдебиеті, тілі, мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрып, дәстүр-салттары. Батыс Европа, орыс ғалымдары тарапынан зерттеле бастағаны. Қазақ тілінде баспасөздің пайда болуы. Кітап басып шығару ісі. XIX ғасыр әдебиетінің даму барысындағы күрделі өзгерістер, беталыс, бағыттар. Көркемдік ерекшеліктер. Әдебиеттің мазмұн, түр жағынан сан мен сапада, жаңа жанрда көрінуі.

XIX ғасыр әдебиетінің саяси-әлеуметтік, көркемдік негіздері. XIX ғасыр әдебиетіндегі негізгі сарындар, саяси бағыттар мен әдеби-көркемдік ағымдар. Тақырыптық ерекшеліктер. Жанр жүйесі.

XIX ғасырдағы әдебиет үлгілерінің сақталуы, басылым жайы. Қазақ әдебиет тарихында бұл дәуір әдебиетінің зерттелуі. Бағаланып, ғылыми жүйеге түсуі. Көзқарастар. Зерттеу еңбектері.

Әдебиет тарихында XIX ғасыр шығармашылығын хатқа түсіріп, жүйелеп, тұжырымдаудағы Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Г.Потанин, Н.Ильминский, В.Радлов, Ю.Лютшь, Ә.Диваев, М.Көпеев, Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Ә.Қоңыратбаев, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, Ы.Дүйсенбаев, Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншәлиев, С.Қирабаев, Р.Бердібаев, С.Сәтбаева, Ә.Дербісалин, М.Мырзахметов, М.Мағауин, С.Дәуітов, т.б.

ғалымдар еңбектері. Зерттеу жүйесі. Жаңашыл бағыт, ізденістер.

XIX ғасыр әдебиетін әдебиеттану ғылымында бағалаудағы көркемдік-теориялық тұжырымдар. XIX ғасыр әдебиетін түрлі атаулармен айғақтауда бұл әдебиеттің әдеби үлгісі, көркемдік негіздерінен гөрі мазмұндық, саяси мән жағынан берілген жалпы бағаның басым болғандығы. Кертартпа романтикалық, сыншыл реалистік, т.б. атаулар әдебиет ерекшелігіне қатысты болғанымен, көркемдік-теориялық негіздерден гөрі сырт саясатқа орай айғақталғандығы. Әдебиеттану ғылымында шынды емес «шын» дегенді атауға мәжбүр болған кезеңдер. Түрлі саяси қаулы-қарарлардың көркем әдебиетке, әдеби мұраны бағалауға тигізген әсер-ықпалы. Отаршылдық бағыт. Оның әдебиетке әсері.

XIX ғасырдағы әдебиеттің өзіне шейінгі жасап келген әдебиетпен сабақтастығы, ерекшелік, айырмашылығы. Алғашқы жазба әдебиет үлгілерінің мұсылманша оқыған сауатты ақындардың діни, ғибраттық өлеңдер арқылы көрінуі. Негізгі ұстанымдар жүйесі. XIX ғасырдың соңына қарай шыққан қазақ тіліндегі баспасөз. «Түркістан уалаятының газеті», «Дала уәлаятының газеті» бетіндегі әдебиет материалдары, оларға қатысты алғашқы пікір, сыни ойлардың жариялануы. Елдік бағыт, ұстанымдар жүйесі.

XIX ғасырда қазақ әдебиетін хатқа түсіруші шығыстанушы ғалымдар. Орыс тіліндегі басылымдарда, қазақ тіліндегі басылымдарда Ш.Уәлиханов, А.Алекторов, Ә.Диваев, Ы.Алтынсарин, В.Радловтың еңбектерінде әдебиет үлгілерінің жарық көрінуі. Ондағы елдік бағыт, ерлік шежіресі, дәстүр сабақтастығы.

XIX ғасырдың соңын ала Қазан, Петерборда өлең-кітап, жеке жинақтардың басылып шығуы. Дулаттың «Өсиетнамасы», Шортанбайдың «Бала зары», түрлі қиссалар. Тақырыптық мәні.

Әдебиеттің ішкі ісінде, көркемдік шеберлерінде байқалған жаңару, өзгеріс, даму тенденциялары. Қазақ өлеңінің жаңа

түрлері. Дулат әкелген өлеңдегі өзгерістің Абаймен жалғасуы. Жаңа жанрлардың тууы. Европалық мәндегі жаңа жазба әдебиеттің қалыптасуы. Мысалы, сықақ, сатираның жандануы. Поэманың тууы. Лириканың толысуы. Сал-серілер өнерінің шарықтауы. Айтыс мәнінің, мазмұнының тереңдеуі. Прозаның алғашқы үлгілері. Әдеби сын. Публицистика. Аудармашылық. Тарихи жанрдың тууы.

Зар заман ақындары – қазақ жазба әдебиетінің басы. Бұл туралы М.Әуезов, Х.Досмұхамедұлы. С.Мұқанов т.б. тұжырымдары.

Қазақ қоғамындағы түрлі саяси күйдің әдебиетке жаңа сарындар, әлеуметшілік, азаматтық бағыт әкелгендігі. М.Әуезовтың XIX ғасыр әдебиетін тұтастай Зар заман әдебиеті атауы. С.Мұқанов ғасыр әдебиеті тарихын :

1. XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы ұлт бостандығын жырлайтын әдебиет;

2. XIX ғасырдың 50-70 жылдарындағы «Зар заман» әдебиеті;

3. XIX ғасырдың 70 жылдарынан бастап просветильдің . мәдениетке үндеуші . әдебиет деп жүйелеуі.

XIX ғасыр әдебиетін зерттеу, ғылыми жүйелеудің қазіргі көкейкестік жайлары. Әдеби жанрларды саралау, көркем-саяси ағым, бағыттарды қарастыра, айқындау түсу. Әдеби мұраға көзқарасымыздың уақыт әкелген оң өзгерістері. Кезінде Х.Досмұхамедұлы. М.Әуезов, С.Мұқанов XIX ғасыр әдебиет үлгілеріне қатысты жасаған тұжырымдардың қазіргі тұтастай ғылыми айналымға түсіп, бүгінгі ғылым жеткен өлшемдерден жатырқамай табысып жатқандығы. Дәстүр мен сабақтастық жалғастығы.

XIX ғасыр әдебиет үлгісі, түрі мол, сан жанрлы әдебиет. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет негізінен жыраулар поэзиясы түрінде көрінді. Онда негізінен, жыр үлгісінің түрлі жанрлары басым болды. XIX ғасырда қазақ әдебиетінде жыр үлгісінің түрлі дәстүрлі жанрымен бірге жаңа өлең түрлері туып, дамыды. Оқиғаны дастан-поэмалар, түрлі сырлы лирикалық өлеңдер, сатира айтыс түрлері, қиссалар, нәзира

әдебиеті, ауыз әдебиеті үлгілері жасатады. Көркем прозаның үлгілері . Ыбырай әңгімелері., сыни мақалалар, түрлі баспасөз жанрлары, аударма әдебиет жасады. ХІХ ғасыр әдебиетіндегі түрлі әдеби үлгінің әрқилы саяси, тарихи себептердің негізінде туып дамығандығы. Ол әдебиет бостандық күрес – Исатай мен Махамбеттің, Кенесары мен Наурызбайдың, Жанқожа мен Бекеттің отаршылдыққа қарсы күрес көтеру; ұлт-азаттық күрес үстінде туды. Ол әдебиет Қоқан хандығы езгісінде болған өнерлердің өзгеше өз шындығынан туды. «Су түбіне кеттің жұрт, тал қалған жоқ қармарға» деген торығу, шерден туды. Ол әдебиет ендігі күні не болмақты ойлаған, жауынның тілін біл, көргенін көр, жасағанын жаса деген тірлікке шақырған жаңа сілкіністен туды. Ділінді, тілінді билеп-төстемей, содан сақтан деген қауіпсіздендіруден туды.

## **1. СЕМИНАР**

2 сағат

### ***ТАҚЫРЫБЫ:***

ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті.

### ***СҰРАҚТАР:***

1. ХІХ ғасырдағы тарихи жағдай. 1822 жылғы «Сібір қазақтарын басқару» туралы заң. Хандық билеу жүйесінің жойылуы. Басты ерекшеліктері.

1. Исатай-Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтеріліс.

2. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс. Азаттық мәні. Елдік ұстаным.

3. 1867-68 жылғы реформа. «Жаңа заман»

4. Қоқан хандығы езгісі. Қазақстанның Ресей империясының қарамағына тұтастай кіруі.

## **2. СЕМИНАР**

2 сағат

### ***ТАҚЫРЫБЫ:***

Зар заман ақындары.

Қазақ әдебиетіндегі зар заман ағымы.

### ***СҰРАҚТАР:***

1. Зар заман әдебиетінің негізгі сарыны. М.Әуезов атаған үш кезеңі.
2. Зар заман әдебиеті туралы С.Мұқанов, Ә.Қоңыратбаев пікірлері.
3. 1959 жылға конференциядағы Шортанбай, Дулат, Мұрат мұрасына көзқарас. Зерттеу жүйесі.

## **3. СЕМИНАР**

2 сағат

### ***ТАҚЫРЫБЫ:***

Шортанбай Қанайұлы

### ***СҰРАҚТАР:***

1. Шортанбай өмірбаяны, шығармаларының басылым, зерттелу жайы. Жаңа көзқарас, деректер мәні.
2. Шортанбайдың отаршылдық сипаттарын әшкерелеген толғаулары. Тақырыптық, көркемдік ерекшеліктері.
3. Шортанбай шығармаларындағы дін, иман жайы.
4. Шортанбай шығармаларының тілі.

## **4. СЕМИНАР**

2 сағат

### ***ТАҚЫРЫБЫ:***

Дулат Бабатайұлы. Дулат-Абайға шейінгі қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілі.

### ***СҰРАҚТАР:***

1. Өмірбаяны. Зерттелуі. Басылым жайы.
2. Дулат және оның заманы
3. «Еспембет» дастаны. Тақырыптық һәм көркемдігі.
4. Дулат поэзиясының көркемдік сипаты. Ақынның сөз өнері жайлы шығармалары. Зерттелу мәні.
5. Дулаттың ата-қонысқа арнаған толғаулары. Ақынның шығармашылығындағы әлеуметтік сарын.
6. Дулаттың арнау өлеңдері. Тақырыбы мен мазмұны.

## 5. СЕМИНАР

2 сағат

### **ТАҚЫРЫБЫ:**

Мұрат Мөңкеұлы

### **СҰРАҚТАР:**

1. Мұраттың өмірбаяны, айтыстары.
2. Арнаулары. Тақырыптық ерекшеліктері.
3. «Үш қиян», «Сарыарқа» дастандары.
4. Мұрат жырлаған батырлық, ерлік дастандар.
5. Мұрат мұрасының зерттелуі, басылымы.

## 6. СЕМИНАР

2 сағат

### **ТАҚЫРЫБЫ:**

Махамбет – ұлт-азаттық күрестің жыршысы

### **СҰРАҚТАР:**

1. Исатай –Махамбет бастаған ұлт-азаттық күрес.
2. Махамбет-жырау.
3. Махамбет өлеңдерінің әлеуметтік, көркемдік қуаты.
4. Махамбет поэзиясының зерттелуі.
5. Махамбет поэзиясындағы Исатай батыр.  
Оның дәстүрлі батырлар тұлғасымен байланысы.

## 7. СЕМИНАР

2 сағат

### **ТАҚЫРЫБЫ:**

XIX ғасырдағы айтыс өнері. Сал-серілер, әнші-лирик ақындар шығармашылығы. Көркемдік арналары.

### **СҰРАҚТАР:**

1. XIX ғасырдағы әйгілі айтыстар, айтыс ақындары: Шөже, Орынбай, Кемпірбай, Сүйінбай, т.б.
2. Сегіз Сері, Біржан, Ақан. Үкілі Ыбырай, Жаяу Мұса. Ән өлеңдері. Тақырыптық мәні. Өмірбаян деректері.

3. Айтыс өнерінің ғылыми-көркемдік негіздері. Суырыпсалма және жазба айтыстар сипаты.

4. «Біржан-Сара» айтысы туралы қазіргі көзқарас, пікірлер. Зерттеулер жүйесі.

5. Сал-серілер поэзиясының ерекшелік, өзгешеліктері. Әрі ақын, әрі орындаушылық өнер мәні мен сипаты.

## **8. СЕМИНАР**

*2 сағат*

### **ТАҚЫРЫБЫ:**

Қоқан хандығы. XIX ғасыр әдебиетіндегі Қоқан езгісіне қарсылық сарын.

### **СҰРАҚТАР:**

1. Мәделі Жүсіпқожаұлы Майлықожа, Құлыншақ ақындармен үндестігі.

2. Құлыншақ Кәмелұлы. Өмірбаян деректері. Шығармашылық зерттелуі.

3. Майлықожа айтыстары. Аударма, Нәзира шығармалары. Мысалдары.

## **9. СЕМИНАР**

*2 сағат*

### **ТАҚЫРЫБЫ:**

XIX ғасырдағы жаңа жазба әдебиет.

### **СҰРАҚТАР:**

1. Қазақ әдебиеті тарихындағы XIX ғасыр әдебиетінің орны. Зерттелуі мен бағалануы.

2. XIX ғасырдағы әдебиет үлгілері. Зерттеу жүйесі.

3. XIX ғасырдың соңындағы түрлі басылым, баспасөздің әдебиетке әсер, ықпалы.

4. XIX ғасыр әдебиетіндегі жаңа жазба, европалық мәндегі әдебиеттің туып, дамуының алғышарттары, қозғаушы күштері. Ерекшеліктері мен мәні.

## 10. СЕМИНАР

2 сағат

### **ТАҚЫРЫБЫ:**

Шоқан–халқының жанын, барын таныған, жоғын іздеген ұлы тұлға.

### **СҰРАҚТАР:**

1. Шоқан және шығыстанушы ғалымдар.
2. Шоқанның іссапар күнделіктері мен ғылыми жазбалары.
3. Шоқан–қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салушы.
4. Шоқантанудағы негізгі зерттеу еңбектер.

## 11. СЕМИНАР

2 сағат

### **ТАҚЫРЫБЫ:**

Ыбырай Алтынсарин

### **СҰРАҚТАР:**

1. Ағартушылық, жазушылық, тәрбиешілік қызметі. Қазақ тіршілігін, тұрмыс-салтын зерттеуі.
2. Шығармашылық мұрасы. Аудармалары. Өлеңдері. Өңгімелері. Публицистикасы.
3. Ыбырай және миссионерлік саясат.
4. Ыбырай мұрасын зерттеу. Басылым жайы.

## 12. СЕМИНАР

2 сағат

### **ТАҚЫРЫБЫ:**

Абай Құнанбаев.

### **СҰРАҚТАР:**

1. Абайтану: кеше, бүгін, келешекте.
2. Абайдың әлеуметтік лирикасы.
3. Абай шығармаларындағы дін, дүниетаным жайы.
4. Абайдың өлең құрылысы. Абай поэзиясының тілі.
5. Абайдың ақындық айналасы. Зерттеу жүйесі.
6. Абай поэзиясының жанры мен жаңалығы.

## 13. СЕМИНАР

2 сағат

### **ТАҚЫРЫБЫ:**

Қарасай Қалиұлы шығармашылығы

### **СҰРАҚТАР:**

1. Қарасай үйренген ақындық мектеп. Ұстаз-шәкірттік байланыс. Ақындық, термешілік, жыршылықтың басты ерекшеліктері.

2.«Қобыланды батыр» жыры

3.«Қалмамбет» жыры

4.«Алпамыс» жыры

5.Қарақалпақ аймағы қазақтары ақын-жырау, жыршылары репертуарында «Адай Қарасайдың күйі», «Қарасайдың терме жолы», «Қарасайдың жыр жолы» бар.

## 14. СЕМИНАР

2 сағат

### **ТАҚЫРЫБЫ:**

Тілеумағамбет Аманжолов және Ережеп Тілеумағамбетұлы Аманжолов

### **СҰРАҚТАР:**

1. Ережеп репертуарындағы батыр «Қобыланды» жырының варианты.

2. «Асау-Барақ» тарихи жыры.

3. «Асқар батыр» тарихи жыры.

4. Ережептің «Әлеумет жауап берейін», «Нұсқасыз сөзім жоқ еді», «Өңкей жақсы қосылса», «Жай халыққа сөз берме», «Іздедім сауық тамаша», «Жалғыз шауып бәйге алмас», «Жамағат жақсы қарындас», «Өмірімнің өткелдері» термелері

## 15. СЕМИНАР

2 сағат

### **ТАҚЫРЫБЫ:**

Жақсылық Мамытұлы

### **СҰРАҚТАР:**

1. Жақсылық Мамытұлы шығармаларының басылым, зерттелу жайы. Жаңа көзқарас, деректер мәні.
2. Жақсылық жырлаған дастандар: «Қарасай-Қази», «Айым торы», «Нұрғы-Зарын», «Қалманбет».
3. Жақсылық Мамытұлы әндері жайы.

## 16. СЕМИНАР

2 сағат

### **ТАҚЫРЫБЫ:**

Жақсылық Төлөпов.

### **СҰРАҚТАР:**

1. Өмірбаяны. Зерттелуі. Басылым жайы.
2. Жақсылық жырлаған жыр-дастандар мен айтыстар: «Қобыланды батыр», «Қыз Жібек», «Қарасай-Қази», «Мұңлық-Зарлық», «Палуан қыз», «Сейдәлі мен Бәйім айтысы», «Сейдәлі мен Ділда қыз айтысы», «Әбубәкірдің ноғаймен айтысы», «Рамуз патша».
3. Жақсылық – термеші ақын.
4. Ж.Төлөповтың «Құрметсіз көрген өмірден», «Алдымдағы ағалар», «Терме», «Әуел-әуел әуел-ақ», «Байдың көркі бақпенен», «Құлағың сал жігіттер», «Балам көп деп мақтанба», «Перзент қадірін білмейді», «Ақылсыз туған ағадан», «Білімсіз деген ағаңыз» термелерінің тақырыбы мен мазмұны.

## 17. СЕМИНАР

2 сағат

### **ТАҚЫРЫБЫ:**

Сейдәлі Жұмабекұлы

### **СҰРАҚТАР:**

1. Сейдәлінің өмірбаяны, айтыстары.

2. Сейдәлінің «Жол сапары», «Қалам алып қолыма», «Бул заманда байлар бар», «Толғанып талай толғадым», «Сарыарқаның жерлері», «Бул кездескен қиын күн», «Арқар жүрер тауында-ай», «Әжіनियाз жырдың дүлдүлі», «Ат үйірін сағынса», «Қайраты бар адамға», «Қатты болса тағдырың», «Еңбектің тәтті көжесі», «Еңбексіз жиған малыңыз», «Еңбек етіп мақтансаң», «Жан қиналмай іс бітпес», «Өз жаныңда болмаса», «Жалғыз үйдің иті жатпайды», «Болады адам қымбат ілімменен», «Дәрия қурып, көл қалды», «Киеді хан баласы қама бөркін», «Дүниеге нелер келіп, не кетпейді», «Ілімдік дәриядай ағып турған», «Тәңірім не жаратты күннен артық», «Ақылым ойран дал болды» деген өлеңдері.

3. Сейдәлінің «Қара аттың жыры» эпикалық жыры. дастандары.

4. С.Жұмабекұлының «Сейдәлі мен Ділда», «Сейдәлі мен Бәйім» айтыстары.

## СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ТАҚЫРЫПТАРЫ

1. Бұқар жырау шығармаларының көркемдік қырлары
2. Қабанбай батыр жайлы тарихи жырлар
3. Жырау поэзиясының зерттелу жайы
4. Жыраудың қоғамдық әлеуметтік тұлғасы
5. Үмбетей толғауларындағы Бөгембай батыр бейнесі
6. Тәтіқара– жорық кернейшісі
7. Бұқардың отаршылыққа байланысты жыр-толғаулары
8. Жыраулар өнернамасындағы негізгі сарындар
9. ХІХ ғасырдағы айтыс өнері
10. Шоқан Уәлихановтың әдебиеттанудағы еңбектері.
11. Дулат және Ыбырай
12. В.В.Радлов–қазақ әдебиетіндегі зерттеуші
13. ХІХ ғасыр әдебиетіндегі сатира
14. Абайдың қара сөздері
15. ХІХ ғасырдағы әнші-лирик ақындар
16. Махамбеттің көтеріліс алдында, көтеріліс барысында туған жыр-толғаулары
17. Зар заман ақындары
18. Абайдың 7, 13, 38 қара сөздері
19. Абайдың ақындық айналасы
20. Көпбай ақын
21. Шәңгерей Бөкеевтің лирикасы
22. Қоқан хандығы билігінде туып-жасаған әдебиет
23. Кенесары туралы тарихи жырлар
24. Сәбит Мұқанов– әдебиет тарихын зерттеуші.
25. Қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеу мәселесі.
26. Мұхтар Әуезов–қазақ әдебиетінің тарихын негіздеуші.
27. Х. Досмұхамедұлының қазақ әдебиетіне қатысты зерттеулері.
28. Ахмет Байтұрсынов–әдебиеттанушы
29. Әуелбек Қоңыратбаевтың қазақ әдебиеті тарихына қатысты еңбектері
30. Сәкен Сейфуллин–қазақ әдебиетін зерттеуші.

31.Қажым Жұмалиевтің әдебиет тарихын жасаудағы еңбектері

32.Шал ақын. Тұрмыс күй, тіршілік қағидалары жайлы өлеңдері

33.Ыбырай және миссионерлік саясат

34.Абай өмірбаянындағы жаңа беттер. Көзқарастар.

35.XIX ғасыр әдебиетіндегі жанрлар жүйесі

36.М.Мағауин–жыраулар мұрасын зерттеуші

37.Б.Кенжебаев–әдебиет тарихшысы

38.Х.Сүйіншәлиев–қазақ әдебиеті тарихын жүйелеуші

39.Қожаберген жырау. «Елім-ай» дастаны

40.Ақтамберді толғауларындағы дәстүрлі қолданыстар

# БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ

8 сағат

## 1. БАҚЫЛАУ ( 2 сағат )

### **ТАҚЫРЫП:**

Қазақ әдебиетінің тарихы пәні. Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу мәселесі.

1. Қазақ әдебиеті тарихы пәнінің мақсаты мен міндеті

2. Әдебиет тарихын дәуірлеудегі М.Әуезов, С.Мұқанов, Ә.Қоңыратбаев, Ә.Марғұлан, Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншәлиев, Қ.Жұмалиев, Н.Келімбетов, М.Жолдасбеков, М.Мағауин, А.Қыраубаева т.б. көзқарас, пікірлері. Негізгі еңбектері.

3. Әдебиет тарихын кезеңдерге бөлу, көркемдік арналарын айғақтау аяқталған мәселе ме? Болмаса, қандай, қай бағытта ізденіс-зерттеу жалғасуы қажет.

## 2. БАҚЫЛАУ ( 2сағат )

### **ТАҚЫРЫП:**

Жыраулар поэзиясының туып, жасау себептері, көркемдік негіздері. Тақырыптық мәні.

1.Қазақ хандығы дәуіріндегі жыраудың қоғамдық-әлеуметтік тұлғасы. Жеке бағыт, ұстанымдары

2.Жырау поэзиясының көркемдік сипаттары. Негізгі сарындар. Тақырыптық ерекшеліктер.

3.ХVІІІ ғасыр әдебиеті өкілдерінің қазақ қоғамының адамгершілік, құқықтық, діни нормаларын айқындауға, қалыптастыруға қатысы.

4.Жыраулық өнердің, теориялық негіздері. Бұл жөніндегі зерттеу-тұжырымдар.

### 3. БАҚЫЛАУ ( 2 сағат )

#### **ТАҚЫРЫП:**

XIX ғасыр әдебиеті: «Зар заман» ағымы

1.Тарихи әлеуметтік жағдай. Патша реформалары. Ұлт-азаттық көтерілістер. Зерттелуі мен көзқарастар.

2.Қазақ әдебиеті тарихындағы зар заман ағымы. Шортанбай, Мұрат, Дулат шығармашылығы. Негізгі сарындар. Зерттелуі. Басылымы.

3.Зар заман әдебиетіне берілген түрлі саяси бағыт.

### 4. БАҒЫТ ( 2 сағат )

#### **ТАҚЫРЫП:**

XIX ғасырдағы европалық мәндегі жаңа жазба әдебиет

1.Шоқанның өмірбаяны. Ғылыми еңбектері.

Қоғамдық қызметі. Шоқантану ғылымы.

2.Ыбырайдың ағартушылық-педагогтық идеялары. Ыбырай және Ильминский Ыбырайдың әдеби көркем шығармашылығы. Ыбырайтану мәселелері.

3.Қазақ әдебиеті және Абай. Абайтанудағы атаулы еңбек, зерттеулер. Абайтану мәселелері.

## **БАҚЫЛАУ- ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН ТЕСТ ҮЛГІЛЕРІ**

**1. Қазақ хандығы қай ғасырда құрылды?**

- а. XV ғасырда
- ә. X ғасырда
- б. XVIII ғасырда
- в. XV-XVII ғасырда

**2. Қазақ Ордасының негізін қалаған хандар кім?**

- а. Абылай
- ә. Тәуке
- б. Керей, Жәнібек
- в. Әбілхайыр

**3. Қазақ Ордасының астанасы қай қала болды?**

- а. Тараз
- ә. Сығанақ
- б. Мерке
- в. Түркістан

**4. Қасым ханның ұлы кім?**

- а. Шығай
- ә. Тайыр
- б. Тоғым
- в. Хақ-Назар

**5. Әз-Тәуке Қазақ Ордасында қанша жыл билік құрды?**

- а. 10 жыл
- ә. 30 жыл
- б. 13 жыл
- в. 35 жыл

**6. Абылай хан қай жылы туған ?**

- а. 1700 жылы
- ә. 1805 жылы

- б. 1713 жылы
- в. 1515 жылы

**7. Қазақ Ордасының соңғы ханы кім?**

- а. Тәуке
- ә. Жәнібек
- б. Қасым
- в. Кенесары

**8. Қазақ әдебиеті тарихында «көшпенділер» деп басталатын шығарма кімдікі?**

- а. Бұқар
- ә. Қорқыт
- б. Абай
- в. Асан қайғы

**9. «Бұл заманда не ғаріп» деп басталатын шығарма кімдікі?**

- а. Бұқар
- ә. Асан қайғы
- б. Қорқыт
- в. Шал

**10. «Мадақ жырының» авторы кім?**

- а. Бұқар
- ә. Абай
- б. Қазтуған
- в. Көтеш

**11. Шалкиіз қандай бидің тұсында өмір сүрген?**

- а. Торайғыр би
- ә. Шорман би
- б. Бапан би
- в. Темір би

**12. «Туырлықсыз қара үйге**

Ту байламақ не керек!

Туғаны жоқ жалғызға

Көп ішінде суырылып

Жауға шаппақ не керек!»

деген өлең жолдарын қазақ жыраулар поэзиясында кім шығарған?

а. Шал

ә. Бұқар

б. Асан қайғы

в. Шалкиіз

**13. « Күлдір де күлдір кісінетіп» деп басталатын толғау кімдікі?**

а. Шал

ә. Абыл

б. Көтеш

в. Ақтамберді

**14. «Қамыстың басы майды, түбі сайда» деп басталатын өлеңінің авторы кім?**

а. Шал

ә. Тәтіқара

б. Абыл

в. Асан қайғы

**15. Үмбетей қай жырауға өлең арнаған?**

а. Абыл

ә. Жанкісі

б. Жиёмбет

в. Бұқар

**16. Бөгембай батыр өліміне жоқтау, естірту шығарған жырау кім?**

а. Бұқар

ә. Шал

- б. Тәтіқара
- в. Үмбетей

**17. Шал ақын қай қызбен айтысқан?**

- а. Шолпан
- ә. Ақбілек
- б. Үміт
- в. Күнімжан

**18. Жанақ ақын қандай төреге арнап сөз айтқан?**

- а. Тайлақ
- ә. Тарақ
- б. Рүстем
- в. Қасым

**19. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының ең таңдаулы нұсқасын жырлаушы кім?**

- а. Марабай
- ә. Жанақ
- б. Көтеш
- в. Абыл

**20. «Ноғайлының қырық батырын» жырлап, жеткізген ақын кім?**

- а. Көтеш
- ә. Абыл
- б. Бұқар
- в. Шал

**21. «Түннің жарым болғаны таңға жаман, Иттің жаман болғаны аңға жаман» деп айтқан кім?**

- а. Өске
- ә. Қобылан
- б. Абыл
- в. Түбек

**22. Өскені өз уақытында ұстаз санап, өлең-жырға қосқан кім?**

- а. Шернияз
- ә. Махамбет
- б. Қорқыт
- в. Балқы Базар

**23. Қай ақынның кәрілік туралы өлеңінде мынада жолдар бар?**

...Адамның бір қаруы тіс екен ғой,  
Тіссіз тамақ ішуің күш екен ғой.  
Алпыс екі тамырдан қуат кетіп,  
Әшейін құр қарасың кісі екен ғой.

- а. Түбек
- ә. Шал
- б. Қобылан
- в. Өске

**24. Өске мұрасын ел арасынан жинаған ақын әйел кім?**

- а. Күләш
- ә. Тұрсынхан
- б. Дина
- в. Мәриям

**25. Алтын Орда мемлекеті қай ғасырда ыдырап, біржола жойылды?**

- а. X ғасыр
- ә. V ғасыр
- б. XV ғасыр
- в. XVIII ғасыр

**26. Қазақтың төл әдебиетіндегі қай ғасырдан басталады?**

- а. XV ғасыр
- ә. X ғасыр

б. XVIII ғасыр

в. XV ғасыр

**27. «Асан қайғы – Жәнібек ханның замандасы, Майқы бидің алтыншы ұрпағы» кім деп жазған?**

а. Шоқан

ә. Абай

б. Марғұлан

в. Қ.Халитов

**28. Төмендегі өлең жолдарының авторы кім?**

Ел бастау қиын емес,

Қонатын жерден көл табылады.

Қол бастау қиын емес,

Шабатын жерден ел табылады.

Шаршы топта сөз бастаудан қиынды көргем жоқ?

а. Асан қайғы

ә. Қожаберген

б. Абыл

в. Бұқар

**29. Хан-қақпа, халық-қазына, батыр-қорған,**

Молда – сүлік әуелден елді сорған.

Шешен-шеңбер болғанда, би-таразы,

Ән-сәнің, күңін-көркің, ақын-жорғаң - деген даналық ойлардың, түйінді тіркестердің авторы кім?

